

ҚАЗАҚ ТІЛІ



Жалпы орта білім беретін мектептердің
9-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Төртінші басылымы

ТАШКЕНТ – «O‘ZBEKISTON» – 2019

УЎК 811.512.191(075)
КБК 81.2(5Каз)я721
А 32

Авторлар тобы:

С. АМАНЖОЛОВ, **Ә. ХАСЕНОВ**, **И. ҰЙЫҚБАЕВ**,
Д. АЙТБАЕВ, **Е. АЙМЕНОВА**

Пікір жазғандар:

Ж. Өтегенов – Гүлстан мемлекеттік университетінің оқытушысы;
Хурсанай Савдашева – Ташкент облысы, Төменгі Шыршық ауданы
40-мектептің мұғалімі.



– Жаттығулар



– Сұрақтар



– Тапсырмалар



– Ережелер

Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен
жалға беру үшін басылды.

ISBN 978-9943-01-521-0

© «O'ZBEKISTON» баспа-полиграфия
шығармашылық үйі, 2006, 2010, 2014, 2019

ТІЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



ТІЛДЕР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Дүние жүзінде бес жарым мыңдай тіл бар деседі. Тіл саны бұдан көп болуы да, шамалы аз болуы да мүмкін. Сондықтан дүниеде қанша тіл бар дегенді әзірше дәл айту қиын. Өйткені Африканы, Азияны, Американы, Австралия мен Океанияны мекендеуші толып жатқан жергілікті халық тілі әлі де жете зерттелген жоқ.

Жер шарында көптеген мемлекет бар. Әрбір мемлекет ішінде неше түрлі халық болуы мүмкін. Әр халықтың өз тілі болады. Олар өз ана тілінде де, ана тілімен қатар, сол мемлекет ішінде көп тараған бірді-екілі басқа тілдерде де сөйлеуі мүмкін.

Тіл саны мемлекет халқының аз-көптігіне де байланысты емес. Мәселен, Жаңа Гвинеяның екі миллиондай ғана адамы бар. Ал солар төрт жүзге тарта тілде сөйлейді. Бұл елде бір деревня тұрғындары екінші бір көрші деревня тұрғындарының тілін шала-шарпы ғана түсінеді де, деревня аралары қашықтаған сайын бір-бірінің тілін мүлдем түсінбейтін көрінеді.

Әр мемлекетте неғұрлым көбірек тараған тілдер болады; кейбірінің өз ішінде мемлекеттік ресми бір тілі болады, бір тіл бірнеше мемлекетке ортақ болуы да мүмкін, сонымен қатар дүние жүзіне көбірек тараған халықаралық тілдер болады. Жер шарындағы адамзат осындай тілдер арқылы сөйлесіп, түсініседі, қарым-қатынас жасайды.

Мәселен, Африкада мыңға тарта тіл, соның ішінде Шығыс Африка елдерінде бірнеше жүз тіл бар. Солардың ішіндегі халқының саны жағынан көбірегі – **суахили тілі**. Сондықтан ағылшын отаршылары соңғы кезге дейін бұл тілді Шығыс Африкадағы өз отаршыларының ресми тілі ретінде ұстап келді.

Америкадағы үндістері көбірек мемлекеттер – *Мексика, Парагвай, Перу, Боливия, Эквадор*. Бұлардың ресми тілі – **испан тілі**. Сонымен қатар жергілікті үндістер көбірек тараған *кечуа, аймара, майя, гуаран, ацтек* тілдерін ұлтаралық тіл ретінде қолданылады.

Үндістанның мемлекеттік тілі – **хинди**; Бангладеште – **бенгал**; Орталық және Оңтүстік Америка елдеріндегі ресми тіл – **испан тілі**; Бразилия

мен Португалияда – **португал тілі**; АҚШ-та, Канадада, Англияда, Австралияда, Жаңа Зеландияда – **ағылшын тілі**; Египет Араб Республикасында, Сауд Аравиясында, Йеменде, Иорданияда, Иракта – **араб тілі**.

Дүние жүзінде көбірек тараған тілдер – *орыс, қытай, ағылшын, испан, француз, неміс, араб, португал, жапон, итальян* тілдері. Жер шары халқының алпыс пайыздан астамы осы тілдерде сөйлейді. Орыс, ағылшын, испан, француз, қытай тілдері халықаралық тілдер ретінде де қолданылады.

Отаршыл елдерде бір тіл – сан жағынан көбірек халықтың тілі – саны жағынан азырақ немесе кешендеу дамыған халықтың тілін жойып жіберуге тырысады, кейде жойып та жібереді.

Америка континентінің ежелгі тұрғын халқы үндістер болатын. XV ғасырдың аяқ кезінен бастап бұл жерді еуропалықтар – испандар, португалдар, ағылшындар, француздар – жаулап алды. Сөйтіп, олар жергілікті халықтың көпшілігін және олардың тілдерін дамытпай, тоз-тоз етіп жіберді. Отаршылдар Америкаға құлдыққа Африкадан негрлер әкелді. Келген негр құлдар өз тілдерінен мүлдем айырылып қалды.

Бұрынғы КСРО-ны мекендеген шағын, саны аз көптеген халықтардың тілі де осындай күйге ұшырап келді.

Қазақстан Республикасының негізгі тілі – қазақ тілі. Қазақстанда сонымен бірге орыс, украин, белорус, неміс, ұйғыр, татар, башқұрт, дұңған, қарашай, балқар, өзбек, кәріс, шешен, ингуш, грек, поляк, эзербайжан, чуваш, тәжік, цыган т.б. тілдерде сөйлейтін халықтар бар.



1. Дүние жүзінде, шамамен алғанда, қанша тіл бар?
2. Қай елде (мемлекетте) қанша тіл барын білесіңдер?
3. Көп тілді мемлекеттердің халықтары бірімен-бірі қалай түсініседі?
4. Көп тараған қандай-қандай тілдерді білесіңдер?
5. Қазақстанда қандай-қандай тілдер бар?
6. Өз ауылдарыңда, аудандарыңда, облыстарыңда қандай-қандай халықтар тұрады? Олар қай тілде сөйлейді?
7. Тіл дегеніміз не? Анықтама беріңдер.
8. Тіл қандай қызмет атқарады?
9. Тілдің мәні дегенді қалай түсінесіңдер?
10. «Көмекші тілдер» деген не? Олардың қандайын білесіңдер?
11. Өз ауылдарыңда, аудандарыңда, облыстарыңда дыбысты тілге көмекші қандай-қандай шартты белгілер бар? Олар қандай мағына білдіреді?

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасындағы негізгі тіл – мемлекеттік тіл болуына орай оның қолданылуы, бедел-мерейі мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық қатынастар деңгейіне дейін көтеріліп келеді. Қазақ тілі өмір таныту, тәрбие беру, қарым-қатынас жасау құралы екендігі белгілі. Тіпті, елдігіміздің бір белгісі – ұлттық тіліміздің өгейсімей, дұрыс өмір сүруі. Санамалап айтсақ, тілдің атқарар қызметі көп. Оқушыларға тілді үйрете отырып, адамдық болмысын қалыптастыруға, ненің жақсы, ненің жаман екенін салмақтай білуге, бүкіл дүниенің әлемдік қақпасы тіл арқылы ашылатынын ұғындыруға болады. Тіл – достықтың дәнекершісі, ғылым тілі, мәдениет көрсеткіші. Тіл арқылы тарихымызды, өткеніміз бен бүгінімізді, ертеңгі болашағымызды айқындауға болады. Сондықтан әрбір азамат ана тілін жетімсіретпей, босағада отырғызбай, шұбарламай, төрге шығаруға, биікке көтеруге тиіс. Қазіргі қазақ тілі өркендеген мәдениетіміздің, дамыған ғылымның, публицистика мен ресми іс-қағаздарының тілі. Сөздік қоры жағынан мейлінше байыған грамматикалық құрылысы оралымды, түркі тілдерінің ішіндегі ең бай әрі көрнектісі.

Қазақ халқын құраған рулар мен тайпалар тарихқа өте ертеден – біздің жыл санауымыздан бұрыннан-ақ мәлім. Содан бермен қарай бұл тіл халқымыздың қарыштап алға басуының бірден-бір қуатты құралы болып келе жатыр. Қазақ тілі – ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға жеткен ұлы мәдени мұра. Сондықтан да қазақ тілі халқымыздың талай-талай ардагер қайраткерінің жыр арқауына айналған.

Халқымыздың рухани көсемі ғұлама А. Байтұрсынұлының: – Өз тілі мен әдебиеті бар ел ғана өз алдына дербес ел бола алатынын біз ұмытпауымыз керек, – деп өсиет қалдырғаны бекерден-бекер болмаса керек.

(<https://s.3-eu-west-1.amazonaws.com/>)

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚЫПШАҚ ТОБЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген және «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңда көрініс тапқан, республикада лингвистикалық өрісті қалыптастырудың функционалдық принциптеріне сәйкес сараланған айқындама негізінде тіл құрылысын үш бағытта: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, Қазақстан халықтарының басқа тілдерін дамыту бойынша жүзеге асыру орынды болмақ.

Қазақтардың көне тарихын жазу келешектің ісі болып отыр. Бірақ көне түріктердің тарихын жазған ғалымдардың пікірлері қазақтарға да тиісті екендігі анық. Себебі, қазақтардың этникалық құрамына енген ру, тайпалар басқа түркі халықтарының құрамында да бар. Мысалы, қазақ руларының барлығы *жс*-мен сөйлейтін өзбектердің құрамында бар. Сондықтан 92 баулы (рулы) өзбектер дегенде біз көз алдымызға қазақтар мен Сұрхандария, Қашқадария мен Бұхарада жасайтын өзбектерді келтіреміз. Маңғыт рулары қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халқының рулары арасында да бар. Бір кезде жеке мемлекет болған қаңлы, қоңыраттар ру атауы ретінде қазақ, өзбек, саха т.б. халықтар құрамында да кездеседі.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, әуезді де әсем, шебер де шешен қазақ тілі өзінің байлығы мен көркемдігі жағынан әлем тілдері арасында алғашқы орындардың бірін алатын көрінеді. Әлемдегі бес мыңнан астам тілдің арасында жоғары бағаланатын тілдің, қазақ тілінің бүгінгі тағдыры көпшіліктің алаңдаушылығын туғызуы орынды. Ырыс алды – ынтымақта. Тату-тәтті өмір сүру үшін – өзің тіршілік етіп отырған елдің туған тілін, мемлекеттік тілді игеру ең негізгі парыз. Мемлекеттік тілді дамыту үшін – оған деген қажеттілікті, қолайлы ортаны құру, сол тілдің айдынында еркін жүзу керек. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, дәстүрі мен тарихының сақталуы, түптеп келгенде халық тағдырының өміршеңдігі де сол тілге тәуелді.

(Ә. Қайдар, М. Оразов. «Түркітануға кіріспе»)

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАРЛҰҚ ТОБЫ



ӨЗБЕК ТІЛІ

Өзбек тілі Өзбекстанда жасайтын өзбек халқының сөйлеу, әдеби және мемлекеттік тілі болып саналады. Өзбектер тек Өзбекстанда ғана емес, олар Қазақстанда да, Қырғызстанда да, Түрікменстанда да, Ресейдің бірнеше облысында да жасайды. ТМД елдеріндегі өзбектердің жалпы саны – 1668240 (Ахмет Буранның мәліметі бойынша – 21 000 000-дай). Ал, шет елдердегі өзбектердің жалпы саны 1610 мыңнан асады.

Орта Азияда түркі тайпаларының күшеюі қараханидтердің келуімен байланысты. Олар X-XI ғасырларда Алтай, Саян тауларынан көшіп, Жетісу мен Орта Азияның ішкі аудандарына ене бастайды. 992 жылы Бұғра хан Жетісудан Мауарауннахрға жорық жасап, Бұхараны алады. Қараханидтердің негізгі күші *қарлұқтар, яғма, тухси, аргу, чигил* тайпалары еді. Тарихта жоғарыда аты аталған тайпалардың Орта Азияда бой көрсетуі X ғасырдан бұрын болған. Мысалы, араб тарихшысы Табаридің көрсетуінше, араб қолбасшысы Кутаиба ибн Муслим 709 жылы Тохаристанда қарлұқтармен соғысып, қарлұқтардың көсемін (яғасын) өлтірген. Жалпы қарлұқтар мен оның айналасындағы тайпалардың Орта Азия мен Қазақстандағы көп халықтың қалыптасуында алған орны зор еді. Олар, негізінен, қазіргі *өзбек, ұйғыр* халықтарының қалыптасуында шешуші рөл атқарған. Қарлұқтардың ертеректе отырықшы болып, өзінің шыққан руларын ұмытқаны анық. Қазіргі Ферғанада жасайтын өзбектердің руға бөлінбейтіндігін осы жағдайлармен байланыстырған дұрыс. Ал, олар X-XI ғасырларда бірнеше рудан тұрған. Өзбек әдеби тілі Әлішер Науайдан басталады деген пікір күні бүгінге дейін басым. Шындығында, Әлішер Науаи тілі Лутфи, Саккоки, Атои, Годоилар бастаған шағатай тілінің гүлденген шоқысы болып саналады. Науаи тілінің тікелей мұрагері өзбек халқы екендігі де анық, бірақ олардың қазіргі өзбек тілінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ емес.

(Ә. Қайдар, М. Оразов. «Түркітануға кіріспе»)

ӨТКЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ КЕЙБІР ЖЕРЛЕРІН ЕСКЕ ТҮСІРІП, ҚАЙТАЛАУ



I. 1. Оқып шығып, сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратыңдар. 2. Жай сөйлемдердің айтылу сазына қарай қалай бөлінетініне назар аударыңдар. 3. Мәтіндегі жай сөйлемдерді айтылу сазына қарай қалайша сұраулы, бұйрықты немесе лепті сөйлемдерге айналдыруға болады? 4. Мәтінде көп нүктенің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Жақыпбек сол күні ымырт жабылып, қас қарайғанша ұжымшарды ауылды аралаумен болды. Клубты, оқу үйін, ұжымшарлардың пәтерін көрді. Әр түрлі балаларға кездесті. Олардың кейбіреулері бұған жатырқап назар аударса, енді біреулері таңдана қарайды, қайсы бірі күлімсірей қарайды, бағзы біреулері мұны байқамаған пішінмен үнсіз өтіп те кетті. Тіпті, кейбір балалар әуелі байыппен сәлемдесіп, содан кейін одан үлкен адамдарша жөн сұрап, естиярлық қалып білдіріп те қалды... Ол қанша бала кездестірсе әр қайсысынан басқада жоқ бір ерекшелік көріп қалғандай болды. Бұрын өз бойында онша байқалмайтын бұл сезімталдық ендігі қызмет бабынан туып отырғанын Жақыпбек күлімсірей еске алды...

Шынын айтқанда, Алматыдан шыққалы Жақыпбекте маза жоқ еді. Жүрегі алып-ұшып, өз-өзінен тынышсызданады. Біресе артында қалып бара жатқан сүйікті институты есіне түседі, біресе бет алған сапарын, әлі көрмеген, ішіне кірмеген, әзірше жұмбақ болашақ мектебін ойлайды. Бұл қандай мектеп? Қандай ұжым мұны қарсы алмақ? Қандай адамдармен ол дәмдес болмақ? – Міне осы сияқты ойлар оны ұйқымен араз еткен...

(М. Иманжанов)



II. Оқып шығып, сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратыңдар. 2. Жай сөйлемдердің айтылу сазына қарай қалай бөлінетініне көңіл бөліңдер. 3. Мәтіндегі жай сөйлемдерді айтылу сазына қарай қалай құбылтуға – сұраулы, бұйрықты немесе лепті сөйлемдерге айналдыруға болады? 4. Мәтінде көп нүктенің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Бағу-қағуда көп мағына бар

Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана

біреуі неліктен қисық біткен? – деп сұрады баласы. «Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып, бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», – деді атасы. «Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», – деді баласы. «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзін де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай өсерсің», – деді.

(Б. Алтынсарин.)



III. Қаратпа сөздердің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар.

...Аққұлы орнынан қарғып тұрып, өзі де күтпеген қатаң үнмен, жеки айқайлап:

– Ей басқарма бала тоқта! – деді.

Алдоңғаров мұндайды күтпеген. Атының басын тарта беріп:

– Ә-ә Ақа ас-салаума-ғалейкүм! – деп еді, Аққұлы, жақындап кеп, әй жоқ, шәй жоқ:

– Бұрыл бері, – деп қалды. – Отырысын кекірейіп!

– Уа Ақа сізге не болған?

– Өзің ғой ылғи шопыр мінесің!

– Иә!

– Қала берді Күлтелі айғырға мінесің!

– Оу Ақа!

– Жетеді қорлағаның! Алып кет анау мәстегінді!

Бұл ауылда менен қор ешкім жоқ па! Неге бағынасың! Қара мұны. Кекірейіп, айғырға мініп.

Алдоңғаров та шығар мінгенімді көре қалыпсыз ғой! Ал ендеше! – деп қып-қызыл боп түтігіп аттан қарғып түсті. – Мәңіз! Осы айғырды сіз-ақ мініңіз! – деп қыл шылбыр тізгінді Аққұлыға ұстата берді.

Аққұлы қымсынған жоқ.

– Е, мінсем мінем! Күлтелі айғырға мен мінбегенде кім мінсін! – деп атты үйіне қарай жетектей жөнелген...

(Әкім Тарази. «Асу асу» шығармасынан)

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ



ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Сөйлемдер құрылысына қарай **жай сөйлем** және **құрмалас сөйлем** болып екі үлкен топқа бөлінеді.

Жай сөйлем бастауыш пен баяндауыштан (кейде тек баяндауыштың өзінен) құралып, бір ғана ойды білдірсе, кейде күрделі ойды білдіреді. Мысалы: *Қоңырау соғылды. Шу лезде саябырсып, залда тыныштық орнады. Сыныпқа мұғалім мен директор кірді. (М.И.)*

Бірінші айтылған сөйлемде қоңыраудың соғылуы туралы бір ғана ой айтылған (*қоңырау* – бастауыш, *соғылды* – баяндауыш); үшінші сөйлемде де мұғалім мен директордың сыныпқа кіргендігі жайында бір ғана ой айтылып тұр (*мұғалім мен директор* – бірыңғай бастауыштар да, *кірді* – баяндауыш); демек, бұл екі сөйлем – құрылысына қарай жай сөйлемдер. Екінші сөйлемде шудың *саябырсуы* және залда тыныштықтың орнағандығы жөнінде екі ой айтылған (бірінші сөйлемнің бастауышы – *шу*, баяндауышы – *саябырсып*, екінші жай сөйлемнің бастауышы – *тыныштық*, баяндауышы – *орнады*). Олай болса, бұл сөйлем – құрылысына қарай құрмалас сөйлем, оның құрамында екі жай сөйлем бар.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің құрылыс жағынан айырмашылығын сызбамен былай көрсетуге болады.

Сөйлемнің түрлері		
Құрылысына қарай	Тұрлаулы мүшелерінің қатынасына қарай	Мағынасына қарай
I. Жай	Бастауыш – Баяндауыш	Бір ғана ой беріледі
II. Құрмалас	Баст. – баянд. Баст. – баянд. (1 – жай сөйлем), (2 – жай сөйлем)	Күрделі ой беріледі

Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер өзара мынадай жолдармен байланысады:

1. Ұласпалы (тиянақсыз) интонация арқылы байланысады. Мысалы: *Машина жүргізуші жігіт ұйым басшысының тапсыруымен бес бума кітап алып шыққан екен, қойшылар оларды қуана-қуана сатып алды.* (Б.Тоғысбаев.) Мұнда бірінші жай сөйлемнен кейін дауыс ырғағы бәсеңдемей, көтеріңкі айтылады да, соңынан басқа бір сөйлемнің келуін тілейді. Дауыс ырғағының бәсеңдемей, көтеріңкі айтылуы интонацияның тиянақсыздығын көрсетсе, бірінші жай сөйлемнің соңынан кідіріс (пауза) уақытының онша ұзаққа созылмауы интонацияның ұласпалылығын, екі жай сөйлемнің арасын байланыстырушы, біріктіруші қызмет атқарып тұрғандығын көрсетеді.

2. Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: *Дәметкеннің жүрегі бұл кезде ерекше тулап кетті, өйткені, оның ойынша, осы тоқтаған тракторда немересі Қуатжан болуға тиісті.* (С.М.) Бұл құрмаласта екі жай сөйлемнің арасын интонациямен қатар **өйткені** деген жалғаулық шылау байланыстырып тұр.

3. Құрмаластың құрамындағы алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тұлға жағынан тиянақсыз болғандықтан, соңындағы сөйлеммен құрмаласа байланысады. Мысалы: *Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.* (С.Бақб.) Мұнда бірінші жай сөйлемнің баяндауышы **болса** деген шартты рай формасында келіп, екінші жай сөйлеммен байланыстырып тұр.

Құрмалас сөйлемдер байланысу тәсілдері мен құрамына қарай **салалас құрмалас, сабақтас құрмалас** және **аралас құрмалас** болып үш түрге бөлінеді.

Салалас құрмаластағы жай сөйлемдер өзара тең дәрежеде (бір-біріне бағынбай) байланысады, әрқайсысының баяндауыштары тиянақты болады. Мысалы: *Шешесі қызын күні-түні күзетумен болды. Дина қатты ауырды.* (С.Бақб.) *Кештете барып едік, сонда да үй іші жатпаған екен.* (Ғ.С.) Бұл мысалдарға қарағанда, салалас құрмаластағы жай сөйлемдердің құрылысы дербес айтылатыны жай сөйлемдермен өте ұқсас келеді.

Сабақтас құрмаластағы бірінші жай сөйлем екіншісіне бағына байланысады, яғни алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болады. Мысалы: *Шәрбала далаға шықса, аула толы балалар оқуға жиналып қалыпты.* (Ш.Өтепов) *Фермада ертеңгі сауым аяқталып, бақташылар сиырларды өргізіп жатыр екен.* (С.Сарғасқаев). *Сырбай қанша бастырмалатқанмен, Дәулет өз сөзінен танбайды.* (С.Мұқанов.)

Бұл сабақтас құрмаластардың бірінші жай сөйлемдерін екіншілерінен бөліп, өз алдына дербес айтуға келмейді, өйткені *шықса* (шартты рай), *аяқталып* (көсемше), *бастырмалатқанмен* (көмектес септік тұлғасындағы есімше) деген баяндауыштары тиянақсыз.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады, олар бір-бірімен **сабақтасып** та, **салаласып** та байланысады. Мысалы: *Біз оларға таяна бергенде, әскери әдетпен Миша орнынан тұрып еді, басқалары да көтерілді.* (А.Лек.)

Мұнда бірінші жай сөйлем екіншімен сабақтаса байланысып, екіншісі соңғы жай сөйлеммен салаласа байланысқан, сондықтан бұл – аралас құрмалас сөйлем. *Сағит базарды аралап жүр еді, алдынан Қошқарбай кездескен соң, екеуі дереу пәтер үйіне қайтты.* (С.М.) Мұндағы бірінші жай сөйлем соңында тұрған сөйлемдерге бағынбай, салаластағы сияқты, тиянақты айтылған, ал екінші сөйлем өзінен кейінгі сөйлемге бағына байланысып тұр. Демек, бұл мысал да аралас құрмаласқа жатады.

Құрмалас сөйлем

Түрлері	Құрамына қарай	Белгісі	Мысалы
I. Салалас құрмалас	Кемінде екі жай сөйлемнен болады	Өзара тең дәрежеде байланысады, баяндауыштары тиянақты болады	Өз жігіттеріме көзім түсіп еді, барлығының жүзінен де әзірлікті сездім. (А.Лек.)
II. Сабақтас құрмалас	Кемінде екі жай сөйлемнен болады	Бірі екіншісіне бағынады; бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болады	Олар үйге жеткен соң, әңгіме де үзілді. (М.И.)
III. Аралас құрмалас	Кемінде үш жай сөйлемнен болады	Өзара салаласып та сабақтасып та байланысады	Биік жонның жотасына көтерілгенде, төменде отырған қалың елге Аман қайырыла бір қарап еді, ақ орданың сыртында Шолпан да қарап тұр екен. (F.Мұст.)




1-жаттығу. Берілген сөйлемдерді құрылысына қарай талдап, қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін анықтандар. Әр сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің астын тиісті шартты белгілермен сызып отырыңдар.

Үлгі: *Бұрын мұндайды білмейтін. Соңғы күндері кеш батса көңілі құлазитынды шығарды. Үйрек-қазды айдап келем деп желеулетіп, өзен жағасына кетіп қалады. (Ә.Тарази.)*

Сөйлем	
Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем
(Ол) Бұрын мұндайды білмейтін. Соңғы күндері кеш батса көңілі құлазитынды шығарды.	(Ол) үйрек-қазды айдап келем деп желеулетіп, (ол) өзен жағасына кетіп қалады.

Бұрын мұндайды білмейтін. Соңғы күндері кеш батса көңілі құлазитынды шығарды. Үйрек-қазды айдап келем деп желеулетіп, өзен жағасына кетіп қалады. Ауылдың батысында—тау, қарасаң көңілің тұйыққа тірелгендей болады, ауылдың шығысында—өзеннің арғы беті дала. Қызылша егілген тақтайдай тегіс алқап. Одан әрі тас жол, темір жол. (Ә.Тарази.) Күн батысымен ауыл жақ ың-жың шуға толады: мөңіреген, маңыраған, боздаған мал үні, үрген ит, шулаған бала-шаға, қатын-қалаш, клуб маңында сәмпылдаған радио. Қараңғы түсіп, көше-көше бойындағы шамдар сәмсап жанған кезде ауыл да тына қалды. (Ә.Тарази.) Түннің бір мезгіліне дейін осылай қараңғы бөлмеде сүттей жарық далаға қарап, сызылған әнге елтіп отырады. Ай нұры көгілдір, дала аппақ, күмістей. (Ә.Тарази.)

Құрмалас сөйлемнің негізгі топтары



2-жаттығу. Құрмалас сөйлемдерді түр-түріне ажыратып, топтап жазыңдар да, бөліну себептерін түсіндіріңдер.

Ү л г і:

1. Салалас құрмалас сөйлемдер

1. *Теректер мен қайыңдардың шық басқан су жапырақтары табан астында былпылдап жатыр, басқан аяқтың тықыры сезілмейді. (Ә.Көшімов.).* 2. ...

II. Сабақтас құрмалас сөйлемдер

1. *Жарысқа түспегені болмаса, ... (М.Ә.)* 2. ...

III. Аралас құрмалас сөйлемдер

1. *Үсен манағы пышақтың сырты мен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды. (Б.А.)* 2. ...

1. Егер менің мына бір жаман домбырам арқамда қала қоятындай болса, тек осы Жақыбайға мұра етіп қалдырар едім. Өйткені оның осы домбыраны қадірлеп екі ішегін шаңдатпай, сөйлейтін уақытта сөйлетіп, күйлейтін уақытта күйлетіп, ата-баба мұрасын өздерінен кейінгі ұрпақтарға төкпей-шашпай жеткізе алатынына сенемін. Жүректерім езіліп, өлгеннің соңынан өліп кететіндей болдым. Шақалақты жеті жабықтан өткізіп, тесіктен сатып алдым. Не ырым-жырым болса істемегеніміз қалған жоқ. Содан бері қарай бетіне қарап келе жатқан жалғызым болған соң ба қайдам, жалпақтап соңынан қалмайтыным рас. Жүрек құрғыр шайылып қалған, енді бір баланың тілеуін тілемегенде қайтейін? 2. Ешмұхаммед те домбыраның ішегін бір-екі дыңғырлатып қойып, үнсіз жер шұқылап қалды. Оның жұмыртқасын қанат астында тербетіп, ашып шыққандар, әлдендіріп, жандандырғандар ең алдымен миллионерлер мен миллиардерлер болды, өйткені олар өз келешектерінен қорықты.

(С.Бұхар.)



3-жаттығу. Берілген сөйлемдер ішінен жай сөйлемдерді анықтап, мағыналарының жақындығына қарай өзара байланыстырып, құрмалас сөйлемге айналдырындар, тұрлаулы мүшелердің астын сызып отырындар.

1. Абай қазақ әдебиеті тарихында шындықты жан-жақты көркем суреттей білген тұңғыш суреткер ақын болып табылады. 2. Абайдың шығармаларында өз тұсындағы қазақтың қоғамдық өмірінің, халық тіршілігінің қайшылықты шындығы терең және көркем бейне табады. 3. Абай өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмірдің ділгір мәселелерін күн тәртібіне қоя білді. 4. Қоғамдық тіршіліктің қайшылығын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршыл саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынап отырды. 5. Абай еңбекші елге іш тартты, халықты қараңғылықтан жарыққа сүйреді. («Қазақ әдебиеті» оқулығы)



1. Сөйлемдер құрылысына қарай неше түрге бөлінеді? 2. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдер өзара қандай ерекшеліктері арқылы ажыратылады? 3. Құрмалас сөйлем дегеніміз не? 4. Жай сөйлемдер бір-бірімен қандай тәсілдер арқылы құрмаласады?

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ



САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас дейміз.

Мысалы: *Айгүл аттан түсіп еді, су қайта таязданып қалғандай екен. (Ғ.М.)*

Жер қара, күн жылы кезінде бұл қалада болған адам өзен ортасындағы арал орманды жақсы біледі, өйткені қаланың тұрғындары жазғы демалыс күндерінде бұл араға қауырт келеді. (Ә.Көшімов.) Салаластың құрамындағы бірінші жай сөйлемдерінің баяндауыштары (түсіп еді, біледі) екінші жай сөйлемдерінің баяндауыштары сияқты (таязданып қалғандай екен, келеді) тиянақты, сондықтан олар тең дәрежеде (салаласа) байланысып тұр.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады:

1. Мағыналарының жақындығына қарай, іргелес тұрып, ұласпалы (тиянақсыз) интонация арқылы байланысады. Мысалы: *Берден бұдан гөрі де шұбалта сөйлемек еді, – әлденеден сүйретпеде жатқан қозылары шу ете түсті. (Ғ.М.) Қойдың күзетінде тұрған Әндіжан екеуіміз таң білінгенше кірпік қаққанмыз жоқ. Аузымыз кеңесте, құлағымыз дыбыста. (С.М.)* Алғашқы салалас құрмаласта бірінші жай сөйлемдегі ойға екінші жай сөйлемдегі ой қарама-қарсы айтылу арқылы құрмаласқан. Екінші салалас құрмаластағы жай сөйлемдердің арасында ондай қарама-қарсылық жоқ, тек бір мезгілде болған іс-оқиғаны баяндайды. Салалас құрмаластардағы жай сөйлемдердің мағыналық жақындығына қарай, іргелес тұрып байланысуы деп, міне, осындай қарым-қатынастарды айтамыз. Олардың ұласпалы (тиянақсыз) интонация арқылы байланысында бірінші жай сөйлем аяқталған жерде дауыс ырғағы бәсеңдемей, көтеріңкі қалыпта айтылады да, тиянақсыз болып тұрады, одан кейін сәл кідіріс (пауза) жасалып, екінші сөйлеммен ұласа байланысып тұрады.

2. Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Олар 1) **да, де, та, те, әрі, және** деген сияқты ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 2) **бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де** деген сияқты қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 3) **өйткені, себебі, сондықтан, неге десеңіз** деген сияқты себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 4) **не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, яки болмаса, әлде** деген сияқты талғау мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 5) **кейде, бірде, біресе** деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Мысалы: *Шынында, Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеберлік бар, әрі, бір жағынан, Семейдің үркек, шорқақ чиновниктерін айламен сескендіру де бар. (М.Ә.) Айбала мен Ботагөздің қандары қазандай қайнайды, бірақ қолдарынан келері жоқ. Сырекеңді ала кетейік, өйткені жер мөлшерін со кісі ғана жақсы біледі. (С.М.)*



4-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарын өздерің ойлап тауып, салалас құрмаласқа айналдырып жазыңдар, содан кейін тұрлаулы мүшелерінің астын сызып, бір сөздің қайталауынан болған тұрлаулы мүшенің біреуін ғана қалдырып, салалас құрмалас сөйлемдерді бірыңғай мүшелі жай сөйлемге айналдырыңдар.

Үлгі: Еңбектің наны тәтті, ... (*Жалқаудың жаны тәтті.*)

Салалас құрмалас: *Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.*

Бірыңғай мүшелі жай сөйлем: *Еңбектің наны, жалқаудың жаны тәтті.*

1. Ақымақ шаппамен бауыздайды, ... 2. Ақылдының алдымен жүр, ... 3. Ақылды елге қарайды, ... 4. Ақылды арын қорғайды, ... 5. Ақылды сақалын сипар, ... 6. Ас тасыса, қатығы төгілер, ... 7. Ақымақ ішкен-жегенін айтады, ... 8. Ақылдыға – жан қымбат, ... 9. Ақылды ісіне сенеді, ... 10. Көп ойласаң – дана боласың, ... 11. Жеті жұрттың тілін біл, ... 12. Алыстағыны – ақыл болжар, ... 13. Сырқат тән жарасы, ... 14. Орта жолда атың өлмесін, ... 15. Бас аманда мал тәтті, ...

Мақалдың керекті сыңарлары: *Бас ауырса, жан тәтті; Орта жолда қатының өлмесін; Қайғы жан жарасы; Жеті түрлі білім біл; Көп ойнасаң – бала боласың; Жақындағыны – пақыр болжар; Ақымақ күшіне сенеді; Ақылсызға – мал қымбат; Ақылды көрген-білгенін айтады; Ашу тасыса, ақылы төгілер; Ақылсыз шапанын сипар; Ақылсыз өрге*

қарайды; Ақылды мақтамен бауыздайды; Ақылсыздың артымен жүр;
Сараң малын қорғайды.



5-жаттығу. Берілген микрометіннен салалас құрмалас сөйлемді табындар да, жасалу жолдарына мән беріндер.

Тарғыл шері адамның айбарынан ыққандай бұға бере шегіншектеді де, бөксесімен қырыңдай айналып, бетін бері бұрды. Ширатылған құйрығымен қос бүйірін кезек қайшылап, төрттағандай бүкшиді де, езуінен арылдады, содан соң сылқ еткізіп баланы тастай салған. Етпеттей түскен, бет-аузын қан жапқан құртақандай бала сары тарғыл денесімен жарты дүниені жауып тұрған жыртқыштың алдынан еңбектей қашты. Жер сүзе жығылды да, шатқаяқтай көтерілді.

Жолбарыс балаға қараған да жоқ, аспанды тітірете гүр еткен де, бұл кезде есік пен төрдей келіп қалған әйелдің басына бір-ақ қарғыған. Ажар үнсіз, тілсіз, бүктетіле құлады. Құтырына тарпыған жолбарыс азу тістері ақ қарға шағылыса ырсыды да, сұлық денені желкесінен алып көтере бере қарш еткізіп жалғыз-ақ шайнады.

(М.Мағауин. Шақан шері.)



6-жаттығу. Берілген сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлемдердің қалай жасалғандығын анықтаңдар.

1. Исатай отырған орнынан бөксесін бұрған жоқ, бұлармен құдды бүгін бірге жүргендей-ақ, қайдан жүргеніне бұл қай келістері екеніне ден қоймады. 2. Арызымызды, айтқан жәбірімізді аяқ-басты қылды, әбден мейманасы тасты деген осы. 3. Қасындағы Балқының жұқалаң сұрғылт өңінде шыдамсыздық білінгендей еді, соны байқады. 4. Исатайдың ойы осы – оны Махамбет хатша оқиды, емеурінінен біледі. 5. Бейуақта сау ете түскен, жарқ-жүрқ қылыш ұрып, найза сілтеген беріші бар, басқасы бар мына аламанның ішінде Махамбеттің дауысы өктем естілді. 6. Жан дауысы шыға бақырғанға бұрылып қарап еді, атты қазақ басын қасқалдап ұстап, бір жағына қарай құлап барады екен. 7. Өзге жұртта үн жоқ, әрі қостың іші де ауыр тыныштықтан тарыла түскендей еді. 8. Еш қимылсыз, бірақ еркін тұр.

(Б.Аманин. Махамбеттің тағдыры)

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы әр түрлі болады.

Мысалы: *Бұл уақыттың ішінде ел де өзгеріп кетті, адамдар да өзгерді. (Б.Б.) Мен өзімді көпті көрген көнемін деп шамалайтын едім, – баланың батыл жауабынан қысылып қалдым. (Ә.Көшімов.) Оның бұл халіне өзгеден гөрі Гүлнәрдың тынышы кетті, сондықтан ол Қызылордадан Алмалыққа біржолата көшіп келді. (С.М.)*

Алғашқы салаластағы жай сөйлемдер оқиғаның, істің бір бағытта, бір ыңғайда болғандығын білдіреді: бірінші жай сөйлемдегі ойдың жүзеге асуына сәйкес екінші жай сөйлемдегі ой да жүзеге асқан. Екінші салалас құрмаластағы жай сөйлемдер бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылған: өзі көп білетін болса да, баланың жауабынан қысылады. Соңғы салаластағы жай сөйлемдер өзара себеп-салдар мәніндегі қарым-қатынаста тұр: Гүлнәрдың Алмалыққа көшіп келуінің себебі бірінші жай сөйлемде баяндалған.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді: **ыңғайлас салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, түсіндірмелі салалас, талғаулы салалас және кезектес салалас.**

ЫҢҒАЙЛАС САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ойдың мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде қарым-қатынаста болуын ыңғайлас салалас дейміз.

Мысалы: *Қостың ар жағынан қаракер аттың басындағы жүген сылдырлады, шөп суылдады. (Ғ.С.) Көмірден май да шығады, темір қорытатын кокс те шығады. (Ғ.Мұст.) Мен бұл арада үндемедім және үндеуді қажет те көрмедім. (М.И.)*

Бастапқы ыңғайлас салаласта жүгеннің сылдырлауы мен шөптің суылдауы бір мезгілде болғандығы туралы айтылған. Екінші ыңғайлас салаласта бірінші жай сөйлемде айтылған ойдың екінші жай сөйлемге де ортақ екендігі байқалады және екі сөйлемнің баяндауышы да *шығады* деген сөз болып тұр. Соңғы ыңғайлас салаластағы жай сөйлемдер істің, оқиғаның жүзеге аспауы жағынан бірыңғай біркелкі айтылған. Мұндағы жай сөйлемдердің баяндауыштары (*үндемедім, қажет те көрмедім*) етістіктің болымсыз түрімен берілген.

Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы да, жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып та байланыса береді. Жалғаулық шылаулардың қатысу-қатыспауына қарап, ыңғайлас салаластарды *жалғаулықсыз ыңғайлас салалас және жалғаулықты ыңғайлас салалас* деп екіге бөлеміз.

Жалғаулықсыз ыңғайлас салаластағы кейбір жай сөйлемдер бір мезгілде қатар болған я болатын істерді білдіреді. Мұндайда олардың баяндауыштары көбінесе бір шақта тұрады.

Тысқа Терекеңмен ере шықтым. Ол кісі ойға қарай шұбатылған жолмен төмен кетті, мен жарға асылған жолмен жоғары кеттім. Жастардың қолы қырықтықта, аузы әнде. (С.М.).

Ыңғайласа байланысқан кейбір жай сөйлемдер бірінен соң бірі болатын я болған істерді білдіреді.

Күн батты, тауды қара көлеңке басты. (П.П.) Екі құшақ жүнді Молдақым мен Әндіжан таразыға апарып өлшеп еді, жеті кило он төрт грамм болды. (С.М.)

Жалғаулықты ыңғайлас салалас және, да/де, әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулықтардың қатысуы арқылы жасалады. Мұның өзінде *да, әрі* жалғаулықтары ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің әрқайсысымен қайталанып немесе қайталанбай, олардың арасында бір-ақ рет келіп те тұра береді.

Ал *және* жалғаулары ешқашан да қайталанбай, құрмаласқан жай сөйлемдердің арасында бір-ақ рет келіп тұрады. Мысалы:

1. *Олардың негізгі табысы сүттен екен. Сиырдың тұқымы да жақсы, бабы да келіскен екен. (Ғ.С.)* 2. *Бұл топ мектеп үйін тамыздың аяғында бітіреді де, сабақ бірінші қыркүйекте басталады. (С.М.)* 3. *Шынында, Әбіштің сөздерінде, әрі саясаттық шеберлік бар, әрі, бір жағынан, Семейдің үркек, шорқақ чиновниктерін айламен сескендіру де бар. (М.Ә.)* 4. *Қадірдің киімі жұқа әрі денсаулығы да мықты емес. (С.М.)* 5. *Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және екі-үш орта жастағы адам бар. (М.Ә.)*



7-жаттығу. Берілген жай сөйлемдерді мағыналарының ыңғайына қарай жалғаулық шылаулармен өзара байланыстырып, ыңғайлас салаласқа айналдырыңдар.

1. Тұқымның өнімін тексерді. Балалар сан рет тәжірибе жасады.
2. Бану өткен сабақты біраз пысықтап еске түсірген. Жаңа материалдарды түсіндіруге кірісті.
3. Содан соң бұл дақылдың барлығы осы ұжымшарда

өсірілетінін хабарлап өтті. Шет жақта оқшау тұрған бір өсімдікті қолына алып біраз бөгеліс жасады. 4. Солардың ұжымшарда өсірілетін кейбіріне ғана мұғалима тоқталды. Бәріне тереңдеу мүмкін еместігін білдірді. 5. Банудан да, бала мінезді Байсалдан да бұл жолы ол ешқандай жақсылық күтпейді. Күтуім мүмкін емес деп шамалайды. Өз бейбастықтығын шегіне жеткенге, асқынып біткенге санайды.

(М. Иманжанов)



8-жаттығу. Төмендегі жай сөйлемдердің әрқайсысына ойларыңнан сөйлем құрап, ыңғайлас салалас сөйлем жасаңдар.

1. Балалар тағы да ойланып қалып еді, ... 2. Жұмыс та басталып кетті, ... 3. Әрі әсем сыбызғы үнді нәзік ән құлаққа келеді, әрі ... 4. Қайырбек те лып етіп шыға жөнелді, Мұқит та ... 5. ... және кітабы қолынан түспейді. 6. Алыстағы тау жақтан олардың шулаған үні құлаққа келеді, кекіліктер де ... (F.C.) 7. Қонақтар көңілді, қарағаштың саясында әрнені әңгімелесіп отыр, ... (Ә.Тарази)



9-жаттығу. Ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар қатысқан сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратып, жай сөйлемді бір бөлек, құрмалас сөйлемдерді бір бөлек топтап жазыңдар.

1. Сәндену де, бой түзеу де әлі алда. (Б.С.) 2. Әйел киімін киіп шыққан аю да биледі, қыз баланың киімін киіп шыққан ірілі-ұсақты иттер де биледі. (С.Ш.) 3. Көшелері әрі кең, әрі атқан оқтай түзу. 4. Қаныш Баянауыл әндерін көп біледі және оны жақсы орындайды. (М.Қар.) 5. Гүлнәрды Самарқант атына мінгізді де, өзі жанапайлап жаяу жүріп отырды. Аттың аса жайлы және ұтымды аяң жорғасы бар екен. 6. Осындай қимылдың үстінде бір адамның жүріс-тұрысы да, даусы да менің көңілімді бөле кетті. 7. Айбаршаның құлаш қимылы Сырбайдан әлдеқайда шапшаң және әлдеқайда нығырақ. Сырбай жас күштің алдында кәрі күштің тізе бүккенін мойындайды әрі өз келінінің қаруы өзінен басым шығуына аса сүйсінеді. Меніңше, таза жүректі болу еркі адамның өзінде ғой деймін және сенің де сондай адам екеніңе өзім сенем. (С.М.)

ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдері бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылғандықты білдіретін салаластың түрін қарсылықты салалас дейміз.

Эн басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқталған жоқ-ты. (Ә.С.) Ағаңның да сенің алдыңнан шықпақ ойы бар еді, – жұмыстан қолы тимеді. (Н.Ғабд.)

Алғашқы салаластың бірінші жай сөйлемінде эннің басылып қалғаны туралы ой айтылса, екінші жай сөйлемінде гитара сазының тоқталмағандығы жайында ой айтылып, бір-біріне қарама-қарсы қатынаста тұр; бұл жай сөйлемдердегі ойдың қарама-қарсы мәнде айтылып тұрғандығын *бірақ* деген жалғаулық шылаудың қатысуынан да аңғаруға болады. Екінші салаластың құрамындағы жай сөйлемдер қарама-қарсы мәнде айтылған: бірінші жай сөйлемде істің жүзеге асуы туралы ой айтылса, екінші жай сөйлемде оның орындалмай қалғандығы баяндалады.

Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара іргелес тұрып та, жалғаулық шылаулар арқылы да байланыса береді. Соған қарай қарсылықты салаласты *жалғаулықсыз қарсылықты салалас* және *жалғаулықты қарсылықты салалас* деп екіге бөлеміз.

Жалғаулықсыз қарсылықты салалас екендігін, біріншіден, құрамындағы жай сөйлемдерінің бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылуынан білетін болсақ, екіншіден, баяндауыштарының қарсы мәндес сөздерден болып келетінінен немесе болымды, болымсыз тұлғалы болып келетінінен айырамыз. Мысалы:

1. *Бас болмақ оңай, – бастамақ қиын. (Мақал).* 2. *Күн жауып кетті, – оны елеген ешкім болған жоқ. (Ә.Ә.)*

Жалғаулықты қарсылықты салалас **бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де** деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулардың қатысуы арқылы жасалады. Бұл жалғаулықтар әрқашан да салалас сөйлемнің қарсылық мәнде айтылғанын көрсетеді және құрмаласқан жай сөйлемдердің арасында қайталанбай, бір-ақ рет келіп тұрады. Мысалы:

1. *Каюткиннің жүзінде әжімнен сау жер жоқ, **әйтсе де** беті ойнақы еді. (А.Ф.)* 2. *Майдан жайындағы материал салынған сумкамнан басқа жүгім жоқ, **дегенмен** батпақта жаяу жүрген адамның денесі өзіне ауыр жүк екені белгілі. (Ә.Ә.)* 3. *Күн сайын бір жаңалық болады, **алайда** бұл жаңалық ананы бұрынғыдай онша мазасыздандырмайды. (М.Г.)*

Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасын және байланысу жолдарын төмендегі сызбадан көруге болады:

I. Үргелес байланыс	Ұласпалы(тиянақ-сыз) интонация	
II. Жалғаулық шылаулар арқылы байланыс	Бірақ, дегенмен, сонда да, алайда, әйтсе де	



10-жаттығу. Қарсылықты салалас сөйлемдерді оқып шығып, іргелес байланысқандарын бір бөлек, жалғаулық шылаулар арқылы байланысқандарын бір бөлек топтап жазыңдар. Тұрлаулы мүшелердің астын сызып, қарсылық мағынаны білдіретін баяндауыштарының қатысын түсіндіріңдер.

1. Менің де ішім жылып қоя берді, бірақ Нағимажанды жылатып болмайды екен. 2. Бізбен самарқаулау амандасты, бұрын олай емес сияқты еді. 3.–Иә, апам дұрыс айтады, бар бәле өзімізден. 4.–Иә, сонымен бірдеме беріп құтылдың ба? Жоқ, әлде, оны-мұны сылтауратып, құтылып кеттің бе? Бірақ олар оңайлықпен жібере де қоймайды. 5. Ойымда бар еді, бірақ оны айтуға, сен не дер екен деп бата алмай отыр ем. 6.–Ой, апа, сіз де қызықсыз, одан да мәселені ашық айтып, жеңгеме түсіндіріп, балаңызға сол келіншекті ертерек әпермейсіз бе? (*Қ.Сейд.*)



11-жаттығу. Берілген сөйлемдердің қайсысы қарсылықты салалас, қайсысы ыңғайлас салалас екенін ажыратып, мағынасына қарай жеке-жеке топтап жазыңдар, әрбір салаластың жасалу жолын түсіндіріңдер.

1. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді, бірақ баурына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. 2. Бір ойдан Абай өзіне бірдеме айтпақ па екен деп те ойлады, бірақ ешнәрсенің қисынын таба алмады. 3. Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін, бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. 4. «Тергеп алып, білгенінді қыл» дегенді аяқтап келгенде, әрқайсысы да бір-бір қайғырған-ды, дегенмен бұл сөздері–сүйей салады. 5. Жиренше басқа да бірденелер сөйлеспек боп, бөгелген еді, қайрылған да, үндеген де жоқ. (*М.Әуезов. «Абай жолы»*).



12-жаттығу. Берілген сөйлемдерден қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді тауып, қалай баланысып тұрғандығын түсіндіріңдер.

1. Жоғары қарай өсе алмады, сонда да бұтақтары көп. 2. Біз бұл кезде жер бетінде қанша тұрғын адам болғанын да білмейміз, бірақ

халық неғұрлым жиі мекендеген кейбір жерлерде адамдар тамақтың үнемі жетімсіздігін сезіне бастауы ықтимал. 3. Әрі түртінектеді, бері түртінектеді, – түк таппады. (*Қ.Найманбаев*) 4. Алыстан әлдекімдердің күбірлеген даусының жаңғырығы естілген сияқтанды, бірақ қай жақтан естілгенін шамалай алмаймын. (*С.Мұқанов.*) 5. Менде ондай талант бар деп ойламаймын, дегенмен Мақан мен Қайыздың алдында «Алпамысты» өз өнерім жеткенше айтып беремін. (*С.Мұқанов.*) 6. Жараланған жайларымды анама жұқалап қана жазып жіберіп ем, Ақбота оп-оңай бетін ашыпты. (*Ғ.Мүсірепов*) 7. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малым құртып алды. (*Б. Майлин.*)

ТҮСІНДІРМЕЛІ САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алдыңғысы соңғысына нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашатындай қарым-қатынаста болатын салаластың түрін түсіндірмелі салалас сөйлем дейміз.

Мысалы: *Байжанның әлі дағдылана алмай жүрген бір ғана нәрсесі бар еді: ол – Сырдария бойының маса-сона мен құрт-құмырсқа, бақашаян сияқты жәндіктері. (С.М.). Оның өлеңінің балаларға әсер еткендігі сонша – олар әлгі партизан шалды көз алдарында шын көріп тұрғандай болды. (Б.С.)* Бірінші салаластың құрамындағы алғашқы жай сөйлемде Байжанның дағдылана алмай жүрген бір нәрсесі бар екендігі жайында айтылған, бірақ ол қандай нәрсе екендігі оқушыға мәлім емес, оның не екендігі соңғы жай сөйлемде баяндалған, яғни ол нәрсе – *Сырдария бойының маса-сона... сияқты жәндіктері.*

Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен ешбір жалғаулық шылаусыз, тек ұласпалы интонация арқылы байланысады. Солай бола тұрса да, бірінші жай сөйлемінің құрамында соңғы жай сөйлемге нұсқайтындай сөздер болады, олар көбінесе сілтеу есімдіктері: **сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай т.б.**



13-жаттығу. Түсіндірмелі салаластарды көшіріп жазып, соңғы жай сөйлемі алғашқысының құрамындағы қай сөздің мағынасымен байланысты түсіндірмелі қатынаста тұрғанын табындар да, сол сөздің астын сызындар.

1. Ол екіжүзділік, ездік дегендерді ескі заман жазушыларының ескі романдарынан ғана көріп, өзінің жас өмірінде мұндай кеселді кездестірген жан емес-ті, не шара, сондай жан өшкен достық, жалған адам-

гершілікті амалсыз еске түсіреді. 2. Ол осыны тілегендей өзінен-өзі күлімсіреді, шынын айтқанда, бұл күндерде бұрынғыдай емес, Сапарға оның көзқарасы да өзгеріп қалған еді. 3. Ондағы ой – Бурабай көлінің өкпе тұсынан бір-ақ шығу еді. 4. Айналадағы қалың ағашты қарақоңыр шатқалдар, дөп-дөңгелек көл орны – ақшыл ойпатты, ұшы-қиырсыз қар басқан бір түсті айдын даладан бөліп тастап, төтенше бір сәнді құбылыспен көзді басқа жаққа бұрғызбай өзіне тоқтатады. 5. Ол үй берекесіне, от басының рахатына көп көңіл бөледі: дүрдараз, ұғыспаушылық сияқты көңілсіздікке жол бермейді, күйеуінің кейбір оқыс, дөң мінездерін кешіреді, ретсіз кетіп бара жатса, тежеп тастап отырады. (М.Иманжанов)



14-жаттығу. Берілген салалас құрмаластарды (ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі) топтап жазындар.

1. Бұл хаттар Жақыпбектің үстінен берілген шағымдар еді: біреуі аудандық әкімшілікке, екіншісі аудандық оқу бөліміне, енді бірнешеуі облыстағы бірнеше ұйымдарға арналған. 2. Күйеуінің көп ездіктерін ол бұрын да білетін, кейбірін кешіріп те отыратын, ал, бірақ тап мынандай сұмдығын сезген емес-ті. 3. Мұндай күлімсірегенде ең алдымен көзі ойнап қоя беретін, әрі жиі кездесетін құбылыс бұл әйелден байқалмады. 4. Бізге зоотехник тәжірибе ретінде бұзауды жастайынан суыққа шынықтыруға кеңес берді де, осы жануардың басын қорқа-қорқа тәуекелге байладық. 5. Мұны олардың өздері де алғашқыда аңғармады, осыны кейін ұқты ма қалай, ду еткен шапалақ, артынша су сепкендей басыла қалды. 6. Әр мұғалім өзі көрген, өзі байқаған, өзі бастап, өзі тындырған жұмыстарын және сонымен бірге ойға алған ұсыныстарын күнбе-күн журналға жазып отыруы бұл мектепте бұлжымас ереже боп қалыптасқан еді. (М. Иманжанов)



15-жаттығу. Берілген салаластың түрін анықтап, оның жасалу жолдарын анықтаңдар.

1. Көкөзек Ушаковты алдап ұрды: нәлі бар да, бақыры болмай шықты. (Ғ.Мүсірепов.) 2. Олардың төбесі төмен, төңкерілген судағы көлеңке елесі түрлі-түрлі: кейбіреуі суға шаншыла қулаған шөп-шашақ көк сәукеле сияқты да, енді біреулері жүнін сілкіп тірілткен үлкен-үлкен сеңсең бөріктерге ұқсайды. (Х.Есенжанов.) 3. Балалар ол ұяға барудың да әдісін табады: сирағын қияққа тілдірмеу үшін олар аяғына жас қоғажайдан етік

өріп алады, қолына қоғажайдан қолғап өріп киеді. (С.Мұқанов.) 4. Жұрттың бәріне өлең сөздерінің қазіргі жағдайға үйлесімді көрінгені соншалық – өлеңді олар сақ-сақ күліп қарсы алды. 5. Ақырында хутордың іруінің қатты етек алғаны сондай – жалаң аяқ, сымбатты, білімді балаларға хутор қыздарының сызылған, назы да әсер етпеді. (А.С.Макаренко.) 6. Мұндай санасыз қондырыла салатын тәртіптен тартқан азабым соншама – ақыры тіпті Ресейге қайта қашып кетпек болдым. (Козлов.) 6. Оның үстіне киген қытайдың қызыл шайысынан тігілген оқалы көйлегінің ұзындығы сонша – оның етегін бірнеше қыздар саусақтарының ұшымен ұстап көтеріп келеді. (Айбек.)

СЕБЕП-САЛДАР САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алдыңғысы соңғысының немесе соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін салалас құрмаластың түрін себеп-салдар салалас дейміз.

Мысалы: 1. *Жайлаудың көлдеріне сене беруге болмайды: құрғақшылық жылы олардың көбі тартылып қалады.* (С.М.) 2. *Менің әндерімді тыңдаушы да, сынаушы да, салушы да халық, сондықтан біздің жиган-тергендеріміздің бәрі халықтікі.* (Ж.Ж.)

Бастапқы салалас құрмаластың соңғы жай сөйлемі алдыңғы жай сөйлемдегі істің себебін білдіріп, неліктен сене беруге болмайтындығын көрсеткен. Екінші салалас құрмаластың себеп-салдар мәнде айтылып тұрғандығын *сондықтан* деген себеп мәнді жалғаулық шылаудан білуге болады.

Себеп-салдар салалас та жалғаулық шылау арқылы және жалғаулықсыз құрмаласады. Осыған қарап себеп-салдар салаласты **жалғаулықты және жалғаулықсыз себеп-салдар салалас** деп екіге бөлеміз.

Жалғаулықсыз себеп-салдар салаласты құрамындағы жай сөйлемдерінің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасына қарап айыруға болады. Мысалы:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қырдың суы секілді тез су алар. (Абай).

Жалғаулықты себеп-салдар салалас **сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті** деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы жасалады.

1. *Жүрген жерін білетін шығар, өйткені ол да жақында Жайық бетінен келді.* (Х.Ес.) 2. *Су жылдағыдан өзендерге әлдеқайда*

мол құйылып жатқан көрінеді, **сондықтан** Сырдарияның мұзы жылдағыдан ерте және кенет сөгілу қаупі бар. (С.М.) 3. Мұқит пен Кенбай айғайласа сөйлеседі, **себебі** шамалы дауысты Көкдолы бұрқағы есіттірер емес. (Ғ.С.)

Себеп-салдар салаластағы жай сөйлемдердің орындарын ауыстырып айта беруге болады. Бірде себеп мәнді жай сөйлем бұрын тұрып, салдар мәнді жай сөйлемі соң тұрса, бірде, керісінше, салдар мәндісі бұрын тұрып, себеп мәндісі соң орналасады. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаласта жай сөйлемдердің қайсысы бұрын тұрғанын тыныс белгілері арқылы айырамыз: егер себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, арасына үтір қоямыз; салдар мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, оның соңынан қос нүкте қоямыз.

Мысалы: *Бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім зой, өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді. Өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім зой.* (С.М.)

Жалғаулықты себеп-салдар салаласта жай сөйлемдердің қайсысы бұрын тұрғанын шылауларына қарай білеміз.

Егер **сондықтан**, **сол себепті** деген жалғаулықтар тұрса, себеп мәнді жай сөйлем бұрын орналасып, салдар мәндісі соң орналасқан болады. Мысалы:

1. *Дәукеш дегенің жұрттың құлағына даукес боп естілуі мүмкін, **сондықтан** бұл атың көпке ұнар ма екен?* 2. *Жаз айларында ондай шұбарлы жердің масасы мен сонасы қалың болады, **сол себепті** мұндай шыбыны көп шөл даланы ешбір ауыл жайламайды.* (С.М.)

Себебі, **өйткені**, **неге десеңіз** (не үшін десеңіз) деген шылаулар тұрса, салдар мәнді жай сөйлемі бұрын орналасып, себеп мәндісі соң орналасқан болады. Мысалы:

1. *Тұқымды себерден бірер күн бұрын суға салып ісіндіру керек, **себебі** күріштің тұқымы суға себіледі; ісінбеген тұқым суға тез батпайды, бетінде қалқып жүреді.* 2. *Күріш тұқымы суға қолмен себіледі, **өйткені** тұқым сепкіш суға жүре алмайды.* (С.М.)

16-жаттығу. Көп нүктенің орнына ыңғайына қарай жай сөйлем ойлап тауып, себеп-салдар салаласына айналдырып жазындар.

1. Ол ауданға жетуге асық, өйткені ... 2. ... , сондықтан шаршап келе жатқан Жанай қуанып кетті. 3. ... , өйткені көптен көрмеген Нариманға жолығады. 4. ... , жаңа туған баланың атын Сәтжан қойды. 5. Қойға енді

біз иеміз, сондықтан ... 6. Одан әрі олар сөйлескен жоқ: 7. ... , себебі ауыл онша алыс емес еді. (С.Бегалин.)



17-жаттығу. Оқып шығып, себеп-салдар салаластардың қалай құрмаласып тұрғандығын (іргелес я жалғаулық шылау арқылы) ажыратындар, содан соң көшіріп жазып, жалғаулық шылаулардың астын сызындар.

1. Редакция ұжымы газеттің түрлі-түрлі айдарларына да қатты көңіл бөлгені үшін оларға үлкен алғыс айтсақ болады, себебі әрқайсысы әр жақтан, алыс-алыстан қатынап істейді. 2. Мұнда автор тоқал алудың реті келсе айыбы жоқ екенін, бұл дәстүрдің ғасырлар бойында ата-бабаларымыз өміріне сіңіп кеткенін, тек қана Кенес дәуірінде бұған тізгін жасалғанын айта келіп, өзі де тоқалдың баласы екенін жазған. 3. Редакцияда да істеген жайыңыз бар, сол үшін сізді жұмысқа шақырып отырмыз. 4. Осылайша газет тағы да редакторсыз қалды, ұжым өз жұмысын редактор міндетін атқарушы Ақан Ташметовпен жалғастыра берді. (Б.Қыдыров)



18-жаттығу. Салаластарды түр-түріне (ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар) ажыратындар да, әр түрін өз алдына топтап жазындар.

1. Жоғарыда аталған авторлар мен аталмаған жас қаламгерлердің кешегі кеңес дәуірінде халдері мүшкіл еді, себебі бәрі де Алматы баспаларына иек артатын. 2. 1989 жылы Өзбекстан Жазушылар Одағы үйінің алды адамға толы, бәрінің де жүздері жадыраңқы, көңілдері көтеріңкі. (Б.Қыд.) 3. Жарық дүниеде, жер бетінде жүре бергіміз келеді, бірақ әр пендеге бір өлім хақ. 4. Тағы да қайдан білейін, әйтеуір, тәп-тәуір үміт артамын, себебі мінезі ашық, жайдары. (Қ.Сейд.) 5. Ат, машинаны пайдалану қиын, себебі фашист ұшақтары бомбалап қадам бастырмайды. 6. Осы жеріне келгенде Жабықбай шыдай алмады, ән басталғаннан-ақ көздерінің түбі суланып кетті. 7. Уақыт алға тартады, қираған қалалар қайтадан бой көтереді. 8. Күйіп-қарайған жерлерде бау-бақшалар көгереді, бірақ айыпсыздан-айыпсыз крематорийлерде жанып күлге айналған ата-бабаларымыздың, ұрпақтарымыздың зарлаған дауыстарын, фашизмге, жалпы гегемоншыларға деген өшпенділігін, ыза-кегін ешқашан ұмыта алмайсыз. (С.Бұхар.)

ТАЛҒАУЛЫ САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдерінің тек біреуіндегі іс оқиғаның жүзеге асатындығына болжал жасауды білдіретін салаластың түрін талғаулы салалас дейміз.

Мысалы: *Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естіген айтар. (Ә.Ә.) Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын. (Х.Ес.)*

Талғаулы салалас **не, немесе, я, яки, болмаса, өйтпесе, не болмаса, я болмаса, әлде** деген шылаулардың қатысуы арқылы жасалады. Бұл шылаулар (*болмаса, әйтпесе, не болмаса, я болмаса* дегендерінен басқалары) жай сөйлемдердің әрқайсысымен қайталанып не қайталанбай, араларында бір рет келіп, тұра береді.

Кейде талғаулы салаластың құрамында үш жай сөйлем болады: олардың алғашқы екеуі **ма, ме** сұраулы шылаулы болып, өзара талғаулы шылау арқылы байланысады да, соңғысы сол болжал, тұспал жасалған істің қорытындысын, түйінін білдіреді. Мысалы:

«Басқа түссе, баспақшыл» ма, әлде бұған дейін дағдыланғандары бар ма, – балташылар да, арашылар да, сүргішілер де сол әйелдердің арасынан табылды. (С.М.) Құлазыған көңілі баланы жұбаныш, қуаныш еткісі келе ме, әлде жоқ іздеген көңілдің көп далбасасының бірі ме, әйтеуір, бұл сұрақ Шәкенге ауыр тиді. (Ғ.Мұст.)



19-жаттығу. Мәтіннен талғаулы салаластарды теріп жазыңдар да, қалай құрмаласып тұрғандығын түсіндіріңдер.

1. Бұл бірдеңе күтіп отыр, яки біреуді күтіп отыр. 2. «Әр адам әр түрлі бояу іспеттес–дейтін ол.–Жанаса кетсе бір-біріне әсер етеді, немесе бірін-бірі аша түседі, немесе бір-бірін бағалайды.» 3. Таң сәріде тұрады, ылғи ұйқысы қанбай тұрады. (Ә.Тарази) 4. Тәкаппар қыз жауап беруге де пандана ма, әлде хаты келіп жетпей жатыр ма–ол жұмбақ. 5. Бұл сүйіспеншілік сезімі ойнаған қарас па, әлде, әшейін сүйсінген қарас па, ол белгісіз еді. (М.Иманжанов) 6. Кезек-кезек шелекті не машинамен айналдырып шығарады, не атпен айналдырып тартып шығарады. (С.Сейфуллин)



20-жаттығу. Талғаулы мәнді жалғаулықтардың қайсысы талғаулы салаласты, қайсысы бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұрғандығын ажыратып, олардың арасындағы айырмашылығын түсіндіріңдер.

1. Сіздің не аңшы екеніңіз өтірік, не қорқып келе жатқаныңыз өтірік. (Ә.Ә.) 2. Осыдан басқа не бір дыбыс, не қозғалыс, не бір көзбен сыр берген жоқ. (М.Ә.) 3. Бұл сөздердің бірін де я Раушанның, я Бәкеннің көзінше ешкім айтқан емес. (Б.М.) 4. Ара-тұра болса да не бір тұщы

көл, не бір тұщы бұлақ, я өзен бітірсейші кең далаға. 5. Орныма кісі табылмайды деген сөз бе екен. 6. Әлде әзілі, әлде мазағы екенін түсіне алмаған Ғазна бір қызарып, бір сазарып, не күлерін, не ренжірін білмей отырады. (С.Сарғ.) 7. Сенің алдында екі-ақ жағдай бар: не сабақты жақсы үлгіруің керек, не университетті тастап ауылға кетуің керек. (С.Шам.)



21-жаттығу. Берілген суретке қарап «Туған жер тұғырың...» тақырыбында түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерден пайдалана отырып микромәтін құраңдар.



КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС

Құрамындағы жай сөйлемдері арқылы берілген істің, оқиғаның кезектесіп келуін білдіретін салалас сөйлемнің түрін кезектес салалас дейміз.

Мысалы: *Клубта кейде кино болады, кейде қызықты баяндамалар тыңдалады. Машина жүрісін бірде шапшаңдатады, бірде баяулатып әндетеді. Экскаватор біресе ұзын мойнын жоғары көтереді, біресе төмен созып, күрк-күрк етеді.* (Ә.Мұст.)

Кезектес салалас **бірде, біресе, кейде** деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулардың қатысуы арқылы жасалады. Бұл жалғаулықтар көбінесе жай сөйлемдердің әрқайсысымен қайталанып айтылады: *Біржан біресе бұлбұл нақысты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады, біресе назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады.* (М.Ә.)



22-жаттығу. Мәтіннен кезектес салаластарды теріп жазыңдар да, салаласу жолдарын түсіндіріңдер.

1. Перде біресе ойнаған баладай боп Абай оқып отырған кітап бетін жасыра бүркеп қалады, біресе желпи қағып кітаптың жазуларын сыпырып ұшыруға тырысқандай болады. (М.Ә.) 2. Жастар бір бөлек әзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. (Б.М.) 3. Қарсы алдан қаһарлана соққан дауыл арпалысып алға жібергісі келмегендей кейде шегін тартып ысқырынады, кейде долданып ұшақты шайқап-шайқап жібереді. (Ә.Ә.) 4. Кей жерлерде жан түршігерліктей қиын: бір жағың – түбі қарауытып жатқан терең құз, бір жағың – аспанмен таласқан шың, жолы тар әрі ирек. (С.М.) 5. Бірде ол да ақтарыла салатындай жақын көрінеді, бірде салқын тартып алыстап кетеді. (Т.Ақт.) 6. Суы азайған кездерінде айбаты қашып, топырақта қалған жыландай ирелендеп, қиналып ағады, кейде салдырап, кейде сылдырап, тереңдеген сайын жайлап ағады. (С.Бұхар.)



23-жаттығу. Көшіріп жазып, тиісті тыныс белгісін қойыңдар.

1. Қиял құсы біресе қанаты буылғандай төмен құлдилады біресе қайқаң етіп қасқая көтерілген қыран құстай жоғары шырқайды. Кейде көзіңнен тасалауға қимайтын Гүлжаһан сияқты аяулы қарындастар мен батыр бауыр, бағылан ағалардың артта қалып бара жатқанына налысың кейде солардың көкке көтерілген даңқына шаттанасың. 2. Кейін білдім біз үшеуіміздің басып отырғанымыз негізгі бір күйдің пернесі екен. 3. – Рас, ғажап екен!.. – дегеннен басқа ештеңе дей алмай, шым-шытырық ойға түстім. Біресе жаудан тартып алған ұшақпен елге қарай ұшып келе жатқандай қуанамын біресе аспаннан құлап келе жатқандай үрейленемін. Кейде жайдары ашық күні бар кейде бұрқ-сарқ еткен бораны бар түнерген түнек ойда келе жатып, күннің кешкіргенін де сезбей қалыппын. (Ә.Ә.) 4. Оның түсе қалғысы келіп еді ширыққан, қызған аттар жұлдыздай ағып өте шықты. 5. Сенің бір жаман мінезің бар Бүркітбай кісіге сенбейсің. (С.М.).



24-жаттығу. Көшіріп, салаластарды түр-түріне қарай ажыратыңдар да, әрбір жалғаулықтардың мәнін түсіндіріңдер.

1. Сол арада сырнай, домбыра, гитар, мандолиннен құрылған оркестер де ойналып жатыр, хор мен ән айтылып жатыр, біреулер билеп те жатыр. (С.М.) 2. Адалдық дегенім сол – адалдық бар жерде адамгершілік бар, адамгершілік бар жерде батырлық бар. (С.Бақб.) 3. Осы бала жігітті Кәрден бұрын бір жерде көргені бар, бірақ есіне түсіре алмады. (З.Ш.) 4. Әдемі, ұсақ жазулы книжка өндіріс ойларымен толы екен, сағат үшке дейін айтып бітіре алмады. (Ғ.Мұст.) 5. Әркім өз ісімен өзі болып отыр: мен объектіні дәл табуға тырысамын, Катя ұшақты дұрыс басқаруға тырысады. (Х.Досп.) 6. Жұмыс көп қой, жеңгей ... жеңгей демейінші, замандас. Менен үлкен емессіз және қожайын да емпендеп қалған шал емес.


САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ КӨП ҚҰРАМДЫ ТҮРЛЕРІ

Салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер сан жағынан тек екеу емес, одан да көп болуы мүмкін және олардың арасындағы мағыналық қарым-қатынас бірыңғай болмай, әр алуан болып келуі мүмкін; өзара іргелес те, жалғаулық шылаулар арқылы да байланыса береді. Ондай жағдайда бұл сияқты салалас құрмаласты оның белгілі бір түріне жатқызуға болмайды. Салаластың басқа түрлерінен ажырату үшін оны салаластың көп құрамды түрі деп айтамыз. Мысалы: *Алдымызда бейбіт өмір бар, оқу бар, еңбек бар.* (Ғ.М.) *Жуық арада екінші бірі болуға тиісті: не станцияның жерін кеңіту керек, не станцияны осы аудандағы ұжымның біреуінің қарамағына беру керек.* (С.М.) Алғашқы салаластың құрамында үш жай сөйлем бар: өзара іргелесе байланысқан және қарым-қатынастағы ыңғайлас; екінші салаластың құрамында да үш жай сөйлем бар; мұның біріншісі соңғыларымен іліктестік қатынаста болса, екінші мен үшінші сөйлемдер өзара не жалғаулық шылауы арқылы байланысып, талғау мәнді қатынаста тұр.

25-жаттығу. Берілген жай сөйлемдерді мағыналарына қарай талдаңдар да, олардың мағыналық қарым-қатынасын сызбамен көрсетіңдер.

Үлгі: *Мүмкіншіліктің бәрі қолымызда: жер біздікі, су біздікі.* (С.М.)

Түсіндірмелі ыңғайлас



1. Сөйлесуім, сыр алысуым аз, әйткенмен оның жүрегін мен сезем: ол – адалдықты сүйетін жігіт. (Б.М.) 2. Бүгін оның сүті әдемі қайнады – ауыз күйдірерлік әрі ыстық, әрі ұзақ піскен дәмі таңдай тамсандырарлық. (Х.Есен.) 3. Сол Боқайлардың енді үйі сай, қауіпсіз, басшылары жүр деп тұр, сонда да жұмысын тастап кетпеді. (Ғ.Мұст) 4. Атайдың саусақтары нәзік, сондықтан музыка ойнауға ыңғайлы еді, Қарамолданың саусақтары кіші-гірім баланың білегіндей жуан, сондай зор саусақтарымен қобыздың пернесін жылпылдата басуына, шегін құбылдыра шертуіне қайран қаласың. (С.М.) 5. Шарт-шұрт тайталас та жан талас қимыл болып қалды: серке арғымақтының қолына ілігуі сол-ақ еді, кейінгілер де жетті, арғымақ та ытқып жөнеле берді. (Ғ.С.)



26-жаттығу. Төмендегі сызба бойынша өз беттеріңше көп құрамды салалас сөйлем ойлап жазыңдар.

1. _____, _____, сондықтан _____. 2. Біресе _____, біресе _____, бірақ _____. 3. _____ : _____ да _____, _____ да _____. 4. _____ ма, әлде _____ ме, _____.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАСТАРДЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына ретіне қарай **үтір**, **қос нүкте**, **сызықша** және **үтір** мен **сызықша** қойылады. Бұл сияқты әр түрлі тыныс белгілерінің қойылуы, біріншіден, салаластың жалғаулық шылау арқылы немесе жалғаулықсыз құрмаласқан салаластың әр түрлі мағыналық қатынасты білдіруіне байланысты.

1. Жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласқан салаластың барлық түріне, мағыналарының әр түрлі болғанына қарамастан, **үтір** қойылады.

Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі, қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады. (Х.Есен.) Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен. (Ы.А.) Жанбауырдың тұяғынан түлкі кетпейді, бірақ ол бұталы жерге түспейді. (М.Ә.) Бұл хабарды Гүлнәр қуанышпен қарсы алды, **өйткені** Телкөл–Сарысу құйылатын жерден алыста. (С.М.) **Кейде** көзінен тасалауға қимайтын Гүлжаһан сияқты аяулы қарындастар, батыр бауыр, бағылан ағалардың артта қалып бара жатқанына налысың, **кейде** солардың көкке көтерілген даңқына шаттанасың. (Ә.Ә.)

Егер салаластағы жай сөйлемдер **және** шылауымен байланысса, олардың арасына ешбір тыныс белгісі қойылмайды. *Күріш жапырағының өзегі оның өз түсіндей болады және сол өзекшеден бірнеше талшықтар тарап жатады.* (Ы.Жақаев.)

2. Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас **үтірмен** бөлінеді. *Олжабек бұл жолы бөгелген жоқ, жауапты қолма-қол қайырды.. Ай таяқ бойы көтеріліпті, маңдай алды дөп-дөңгелек болып толықсып тұр.* (Ғ.Мұст.)

3. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, соңынан үтір қойылады. *Бименденің әкесінің аты Сыздық еді, ауылды Сыздық аулы дейтін.* (Ш.С.)

4. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың ара жігіне **үтір мен сызықша** қойылады. *Сен дайын ереже ұсынасың, – менің оған көнгім келмейді.* (М.И.) *Аудан есікті кең ашты, – алғашқы бетте-ақ Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды.* (Ғ.Мұст.)

5. Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышы **сонша, соншалық, сондай** деген сөздерден болса, олардан кейін **сызықша** қойылады. *Көп күлмейтін Олжабектің қатты күлгені сонша – арбадан ауып түсіп қала жаздады.* (Ғ.Мұст.) *Райханның зәресі ұшқаны сондай – үні шықпай қалды.* (З.Ш.)

6. Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас істің, оқиғаның мезгіл жағынан өте тез, қас қаққандай уақыт ішінде болғандығын білдірсе, не ол іс-оқиғаның өзара шарттас мәнде айтылғанын көрсетсе, құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына сызықша қойылады. *Шытырлап тұрған құрай лап етті – қара түтін бұрқ етті.* (Ғ.Мұст.) *Біріңді-бірің шын сыйлайды екенсіңдер – өзге бір сүйкімді атпен атасаңдар да болмай ма?* (Ғ.С.) *Дәмештің даусы шықты-ақ – Жүніс алдын ала керегін даярлата беретін.*

7. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына **қос нүкте** не **сызықша** қойылады. *Екеуі де жастықты жаңа заманнан бастаған; дала жаңаша гүлдейді, дала адамы жаңа өмір сүреді. Ұсыныс сол: сөз өздеріне берілсін. (М.И.) Сіздерге де айтарым – сағат төртте осында келіңіздер. (Ә.Ә.)*

8. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың салдар мәнді жай сөйлемі себеп мәндісінен бұрын тұрса, араларына **қос нүкте** қойылады. *Малшы сырын білем мен: қасында өскем жасымнан. (Ж.Ж.)*



1. Қандай сөйлемді салалас құрмалас сөйлем дейміз? 2. Сөйлемнің салалас құрмалас екендігін қалай білеміз? 3. Салалас құрмалас сөйлемдер қандай тәсілдер арқылы байланысады? 4. Салалас құрмалас сөйлем мағына жағынан қанша түрге бөлінеді? 5. Салаластың қай түрі жалғаулықты әрі жалғаулықсыз болады? 6. Қай түрі тек жалғаулық шылаулардың қатысуы арқылы жасалады? 7. Салаласты қандай жағдайда көп құрамды дейміз, оны неге сүйеніп айтамыз? 8. Салалас құрмаластың тыныс белгілері жөнінде не білесің? 9. Салаласта тыныс белгілерінің әр түрлі қойылуы немен байланысты?



27-жаттығу. Көшіріп жазып, салалас құрмаласты түр-түріне ажыратып, тыныс белгілерінің әр түрлі қойылуының себебін түсіндіріңдер.

1. Бұл үйдің ішінде ешқандай жиһаз да жоқ. Мұның қазынасы – толы жазылған дәптерлерде, қабырғаға қыстырылған түрлі дақылдарда, бұрышта тұрған топырақ салынған қалбырларда. Дәптерлер еңбек майданында ұштасқан ғылым мен тәжірибенің сан жылғы тарихын шертеді, дақылдар ұжымшарда қандай егіс пен жеміс өсетінін көрсетеді, қалбырлардағы топырақтар егіс даласының сан алуан сырын баяндайды. 2. Дала жаңаша гүлдейді, дала адамы жаңа өмір сүреді. 3. Көз алдынан кешегі шатақ кетпейді. Кім не айтар екен деп мектепке зәрезап болып келіп еді, – ешкім еш нәрсе демеді.



28-жаттығу. Мына сөздерді бастауыш етіп құрмалас сөйлемдер құрап жазыңдар.

Үлгі: Күн, жаңбыр – *Күн бұлттанды, бірақ жаңбыр жауған жоқ. Күн бұлттанды, – жаңбыр жауған жоқ.*

1. Кітапхана, кітап. 2. Шопан, мал. 3. Ауа райы, нөсер. 4. Балабақша, бала. 5. Дала, егін. 6. Институт, талапкер. 7. Мектеп, оқушы. 8. Базар, қияр. 9. Канал, су. 10. Өзен, балық. 11. Өзен, кеме. 12. Білім, баға. 13. Әке, перзент. 14. Ана, бесік. 15. Қария, ақыл.

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ



САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін сабақтас құрмалас дейміз.

Мысалы: *Таңертеңгі тұнық ауа енді мұнартып, кең даланы сұлу сағым басты. (Т.Абдрахманова). Машина жолда бөгелмесе, тура үш сағатта барып қаламыз. (Н.Ғабд.). Хамиттер ерте тұрып аттанатын болғандықтан, жаңағы жай-күй айтысудан өзге әңгіме қозғалмады. (А.Ханг.).*

Бұл құрмалас сөйлемдердің бірінші жай сөйлемдерін өз алдына бөлек айтуға келмейді, өйткені олар тиянақсыз: *Таңертеңгі тұнық, ауа енді мұнартып..., машина жолда бөгелмесе ..., Хамиттер ерте тұрып аттанатын болғандықтан...* Құрмалас сөйлемнің құрамындағы мұндай тиянақсыз жай сөйлемдерді **бағыныңқы** сөйлем дейміз. Құрмалас сөйлемдердің екінші жай сөйлемдері тиянақты, олар өздігінен дербес айтыла да береді. *Кең даланы сұлу сағым басты. Тура үш сағатта барып қаламыз. Жаңағы жай-күй айтысудан өзге әңгіме қозғалмады. Құрмаластың құрамындағы мұндай жай сөйлемдерді **басыңқы** сөйлем дейді.*

Сабақтас құрмаласты былай көрсетуге болады:



Сабақтас құрмаластың жасалу жолдары бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышына қарай белгіленеді.

1. Бағыныңқының баяндауышы етістіктің **көсемше** түрінен болады. Мысалы: *Бір кезде орман **шуылдап**, дауыл соқты. (Н.Ғабд.) Сауран шаңғыға әуесқойлардың бірі **бола тұра**, әлі күнге мұншалықты ұзын алқапта, әсіресе мынау етістікте сырғанап көрген емес. (К.Баялиев.)*

2. Бағыныңқының баяндауышы **шартты райлы** етістік болады. Мысалы: *Жақсы, үлгілі комбайншы **бола алсақ**, бұдан артық қандай абырой бар! (Н.Ғабд.)*

3. Бағыныңқының баяндауышы есімшеден болады:


а) есімшеге **-ша/ -ше, -дай/ -дей** жұрнақтары немесе **жатыс, көмектес** септік жалғаулары, болмаса **-дықтан/ -діктен** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Хамит пен Кенжебектің қарасы үзілгенше, Қадиша мен Ермек үйге кірмеді. Осы хабардың өзі жанға арқау болғандай, келушілер көңілденіп тарасты. (А.Ханг.) Ауыл шетіне іліге бергенде, жолаушылардың алдынан екі-үш бала жүгіріп шықты. (Н.Ғабд.) Ай әлі тумазанмен, самсаған жұлдыздың жарығы жақын тұрған қара-қараны анық аңғартады. (А.Ханг.) Әбден тозығы жеткен ескі үй болғандықтан, оған ешкім кірген жоқ. (Н.Ғабд.)*

ә) есімшеден кейін **сайын, соң, бері, шейін, бұрын** шылаулары немесе **кезде, шақта, уақытта** көмекші сөздерінің келуі арқылы жасалады. Мысалы: *Көкшетау облысына келгеннен кейін, маған Айыртау ауданындағы жаңадан құрылатын астық кеңшарына баруға жолдама берілді. (Н.Ғабд.) Бұлар тау ішіне сүңгіген сайын, Бүркіт жатағының қойнаулары бастарын көтерісіп алғандай үрпиее қалыпты. (К.О.) Енді Ұлжан мен Зейнептің екеуі бірдей қостаған соң, Раушанның әңгімесін тез доғарғысы келмеді. (Б.М.) Елдің бәрі үйді-үйіне ағылған кезде, ол орнында қозғалмастан тұрып қалды. (Т.Ахт.)*

Сабақтастың құрамындағы бағыныңқы сөйлемнің бастауышы баяндауышымен (шартты райлы етістіктен болғанынан басқасы) қиыса байланыспайды, басқаша айтқанда, бастауышы әр түрлі жақта тұрса да, баяндауышы өзгеріссіз қала береді. Мысалы:

Бағыныңқы сөйлем

Мен
Сен
Сіз
Ол
Біз
Сендер
Сіздер
Олар



келгенде,

Басыңқы сөйлем

Нығмет кітап оқып отыр екен.

Бағыныңқы сөйлемнің шартты райдан болған баяндауышы ғана бастауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады.

Бағыныңқы сөйлемдер

Мен келсем, ... Біз келсек, ...

Сен келсең, ... Сендер келсеңдер, ...
Сіз келсеңіз, ... Сіздер келсеңіздер, ...
Ол келсе, ... Олар келсе, ...

Сабақтас құрмаласта бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнен бұрын тұрады. Тек төл сөзді сөйлемде, өлеңде олардың орны ауыса береді. Мысалы: – *Мен зой. Танымай қалдың ба? – деді әлгі кісі, ол да өзін танытайын дегендей, даусын анығырақ шығара. (А.Ханг.) Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде. (Абай)* Алғашқы мысалда автор сөзі *ол да өзін танытайын дегендей, даусын анығырақ шығара* деген бағыныңқы сөйлеммен аяқталған; соңғы мысалда сабақтас құрмалас *мінездерін* деген бағыныңқы сөйлеммен аяқталған.



29-жаттығу. Оқып шығып, құрмалас сөйлемдердің қайсысы салалас, қайсысы сабақтас екенін анықтаңдар: содан кейін сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, бағыныңқыларының баяндауыштарын анықтаңдар.

1. Атасы Балқожаны жақсы білетін және сыйлайтын Григорьев Ыбырайға аса ілтипатпен қарап, өзінің бай кітапханасын пайдалануына мүмкіндік берген. 2. Қазақ қоғамының қайшылықты тұрмысын тереңірек түсініп, оның болашағы жайлы ойлануда бұл аз уақыттың өзі Ыбырай өмірінде едәуір із қалдырды. 3. Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. 4. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан алып, еркін аударды. 5. Өлеңнің әр шумағын оқудың пайдасын әр жақты түсіндіруге құрай отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады. 6. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу қажеттігін көрсетеді. 7. Бірақ кейіпкер әрекетінде торығу, түңілу жоқ, алдағы күнге үмітпен қарайтын оптимизм бар. 8. Екі өлеңде де Ыбырай табиғат көрінісін жалаң алмай, халық тіршілігін байланыстыра көрсетеді. (*«Қазақ әдебиеті» оқулығы.*)



30-жаттығу. Көшіріп жазып, сабақтас құрмалас сөйлемдердің қандай жолдармен жасалғанын айтып беріңдер, бағыныңқы сөйлем баяндауыштарының астын сызып отырыңдар.

1. Газетте істейтін біреуді ме, қалаға жақын тұратын біреуді ме, – орынбасар сайлап қойып, өзі бара алмаған жағдайда орынбасары өткізіп жібере берсе болар еді. 2. Толымдысы бар, толымсызы бар дегендей, кеңес

жиыны айына бір рет өткізіліп, онда шыққан кітаптарымызға талқылау жасалынса өсу болмас па еді. 3. Билет екі апта алдын таусылып, касса қаңырап қалған. 4. Мен айтыскер болсам да, осы топтан қалмаймын. 5. Бұл хабарды естіген залдағы жұрттың жүздері мен көңілдеріне сызат түсіп, амалсыз көңілдері қара бұлтқа оранып отырды. 6. Мен оқулық, оқулық деп жағалап келе жатқанымның себебі, біздің еліміздегі қазақ мектептерінің оқулығы жайлы біраз әңгіме қозғауды жөн санап отырмын. 7. Жұрттың бір басы Абай қыстауында болса, екіншісі Абай кесенесінде. 8. Соң Президенттен бастап, шет елден келген қонақтар мұражайды аралап тамашалайды. (Б.Қыд.)



31-жаттығу. Берілген суретке қарап «Бақыт – достықта...» тақырыбында сабақтас құрмалас сөйлемдерді пайдалана отырып микромәтін құраңдар.



32-жаттығу. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді салалас құрмаласқа айналдырыңдар да, мағына жағынан салаластың қай түрі екендігін түсіндіріңдер.

1. Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. 2. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтай алдына жантайды. 3. Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар

да қармап көтере берді. 4. Құнанбай бағанадан зіл салғанда, әдейі соған шүкшиған. 5. Өзі қалай көшерін айқын біле алмай, «соның бір білгені бар шығар» деген есеппен жалт берді.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

САБАҚТАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Сабақтастың жасалу жолы алуан түрлі болатыны сияқты, оның құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы да әр түрлі болып келеді; кейбір бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы істің орындалу шартын білдірсе, екінші біреуі себебін, үшіншісі мақсатын т.б. білдіреді.

Он-он бес жастағы ағаштарды тамырымен қопарып әкеп орнатса, бөгелмей бой салып жүре береді. (С.М.) Бүркітбай мен Асқар Байсақалдікіне кірсе, ауыз үй лық толған әйел екен. (С.М.) Машина Сырлытам үстіне келіп қалғандықтан, кешегі оқиға әңгіме желісін бөліп жіберді. (А.Ханг.) Балаларға жатуға белгі бергеніне бірталай уақыт болса да, Жарқын әлі ұйықтаған жоқ. (Н.Ғабд.)

Алғашқы екі сабақтастың жасалу жолдары бірдей: бағыныңқыларының баяндауыштары шартты райдан (*орнатса, кірсе*) болған, бірақ әр сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасы әр түрлі. Бірінші сабақтаста бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы істің шартын білдірсе, екінші сабақтаста басыңқыдағы істің мезгілін білдіреді; осыған орай, алғашқы бағыныңқыға *қайтсе? не етсе?* деген сұрау қойылады да, екінші бағыныңқыға *қашан?* деген сұрау қойылады. Үшінші сабақтас *себептік қатынаста*, төртінші сабақтас *қарсылықты қатынаста* тұр.

Сонымен, сабақтас сөйлемдер құрамындағы бағыныңқы сөйлемдерінің басыңқы сөйлемдерімен мағыналық қарым-қатынасына қарай алты түрге бөлінеді: *шартты бағыныңқы, қарсылықты бағыныңқы, себеп бағыныңқы, мезгіл бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы және мақсат бағыныңқы.*

ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі істің шарты болып келетін сабақтасты шартты бағыныңқы сабақтас дейміз.

Шартты бағыныңқының сұрауы – *қайтсе?, не етсе?, қайткенде?, не еткенде?, қайтпей?, не етпей?, қайтпейінше?, не етпейінше?*

Шартты бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) етістіктің шартты рай түрінен болады: *Жақсы ұстаздық етсең, болашақтан тірек табасың. (С.Бақб) Көмір неғұрлым көбейсе, өнеркәсіп соғұрлым күшейеді. (Ғ.Мұст.)*

ә) **-й** жұрнақты көсемшенің болымсыз түрінен болады: *Көптің мақұлдығы болмай, ұжымшар қаражатын ешкім де жұмсай алмайды. (Ә.С.) Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай. (Ы.А.)*

б) етістіктің болымсыз түріне **-йынша, -йінше** жұрнағы жалғануы арқылы жасалады: *Жаңа жұмысшыларға техника қатерсіздігін ұғындырмайынша, шахтаға жіберуге тыйым салған. (Ғ.Мұст.)*

в) есімшеге жатыс септік жалғауы жалғануы арқылы жасалады: *Енді он минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз. (Х.Ес.) Егер осы жақсылығың болмағанда, мен қалаға жету былай тұрсын, жолда қатып қалатын екенмін. (А.П.)*



33-жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, шартты бағыныңқылардың астын сызыңдар, қандай жолмен жасалғанын түсіндіріңдер.

1. Түйенің соңынан ерсең, сораға барарсың.
2. Қораң оңды болса, қойың қоңды болар.
3. Елің сені елесе, еңбегіңнің жанғаны.
4. Аға әдепті болса, іні әдепті.
5. Жақсымен сөйлессең, жаның рахаттанады.
6. Бірлік болмай, тірлік болмас.
7. Әдепті бала өсірсең, ауылдың абыройы.
8. Егінсіз болса, жер мұңлық.

(«Қазақтың мақал-мәтелдері» кітабынан)

34-жаттығу. Оқып шығып, шартты бағыныңқылардың баяндауыштарын бір түрінен екінші түріне ауыстырып жазыңдар да, жасалу жолын көрсетіңдер.

1. Орекең өмір бойы халқымыздың тамаша әндерін сырнайымен (гармон) нақышына келтіре шырқағанда, халқымыздың ғасырлар бойы жасап келе жатқан «Қыз Жібек», «Құбыл», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты ұлы шығармаларын бір таңғы жырлап тауыса алмайтын дастаншы еді.
2. Қиын еместігі – журналға басуға ұйғарылған шығарманы компьютерде тергізіп келу автордың өзіне жүктелсе, автор оны жасайды.
3. «Өзің білесің, Республикамыздағы

қазақ мектептеріне оқулықты енді Қазақстаннан алмай, өзіміз жасайды екенбіз»... . 4. Бірақ бұл кісінің жағымсыз қылықтары жақпай, ренжи бастадым. 5. Қуаныш төзім тұғырынан түспей, бұл да шабысынан танбады.

(Б.Қыдыров. «Біздің жол» кітабынан)



35-жаттығу. Берілген сөйлемдерден шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді тауып, олардың қалай жасалып тұрғандығын анықтандар.

1. Еңбекті сен қанша істесең – табысты сонша аласың. 2. Мен саған сенбесем, бұл сырды айтпас та едім ғой. 3. Мақұл, сенгенің рас болса, мен де сенің сеніміңді ақтаудан тартынбаспын. (Ә.Әбішев.) 4. Бұл әңгімені анау қайын жұрт білсе, ағайын алалығы туып кетуі де мүмкін. 5. Әзімбай үшін әкесі Еркежанды алмай, Зейнеп, Торымбаланың біріне тайқып түссе, онда баяғы үлкен үйдің бұлар ырқынан кеткені. (М.Әуезов.) 5. Бірлік болмай, тірлік болмас. (Мақал.) 6. Түбінде осы сөз бос сөз болып қалатын болса, ол Әйгерімнің бағын байлауы мүмкін. 7. Ақыл сынына салып сөйлесе, ісінің теріс шығатынын жігіт өзі де түсінеді (М.Әуезов.) 8. Бесеуің тұтас қосылсаң, Құлтайды сайлаймыз да шығарамыз. 9. Ержан дұрыс адам болса, өз малын өзі ұрлап неге тығады. (Б.Майлин.) 10. Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды. (Ы.Алтынсарин)

ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Басыңқыдағы іске бағыныңқыда айтылған іс немесе бағыныңқыдағы іске басыңқыдағы іс қарсы қойыла айтылған сабақтасты қарсылықты бағыныңқы сабақтас дейміз.

Қарсылықты бағыныңқылар *қайтсе де?, не етсе де?, қайткенмен?, не еткенмен?* деген сұрауларға жауап береді.

Қарсылықты бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) шартты райлы етістікке **да (де)** шылауы жалғас келу арқылы: *Абай Дәндібай сөзінен жақсы пейілді аңғарса да, ол кезде көмектерін алмаған-ды.* (М.Ә.);

ә) шартты райдың болымсыз түрінен: *Таң алдында бір сағат мызгығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді.* (М.Ә.) *Достық сын жақындатпаса, алыстатпайды.* (Ә.Т.)

б) есімшеге көмектес септік (**-мен**) жалғауы қосылуы арқылы: *Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешектерін таза ұстайтын еді. (С.М.);* есімшенің бұл түріне кейде **да, де** шылауы қосылып та қарсылықты бағыныңқы сабақтас жасалады: *Қасен байбаламдағанмен де, ойын тоқтала қоймады;*

в) есімшеге **-ша, -ше** жұрнағы жалғану арқылы: *Бір сөзді қайталай бергенше, менің комбайнды жүргізгенімді айтсаңшы. (Ә.Ә.) Сен ондай озық жеке жастарыңды айтқаниша, бүкіл комбинат жастарының бәріне араша түссеңші. (Ғ.С.)*

г) **-а, -е, -й** жұрнақты көсемше түрінен болады: *Жастар білім жағынан артық бола тұра, тәжірибелі жұмысшылардың жәрдеміне мұқтаж болады екен. (С.М.);*

ғ) келер шақ есімшенің болымсыз түріне шығыс септік жалғауының (**-тан, -тен**) жалғануы арқылы жасалады: *Отыз екі жасқа келгеніне қарамастан, осы жазда капитан Енакиевтің самайына ақ кірді. (В.К.)*

Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сызбасы
1. Шартты рай	-са, -се (се де)	қайтсе де? не етсе де?	/...../ шаршаса да, /_____/.
2. Есімше	қан (-кен) { мен { ша { ше қан-ы { бол- (кен-і) { ма- { са- қан+ы+на кен+і+не қарамастан, қарамай	қайткенмен? не еткенмен? қайткенше? не еткенше? қайткені? (не еткені) болмаса қайткеніне (не еткеніне) қарамай, қарамастан?	/...../ естігенмен, /_____/ /...../ ұрысқанша, /_____/ /...../ шаршағаны болмаса, /_____/. /...../ шаршағанына қарамастан (қарамай) /_____/.
3. Көсемше	-а (-е, й) тура	қайта? (не ете) тұра?	/...../ көре тұра /_____/.



36-жаттығу. Көшіріп жазып, қарсылықты бағыныңқы сөйлем баяндауыштарының астын сызындар да, жасалу жолын түсіндіріңдер.

1. Ондай ауыртпалықты әзір өз басым сезе қоймасам да, күйеуімнің айтқанына көне салған боп, оған әйелдің жұмысын істетіп қоятын бір жаман әдет тауыпшын. 2. Көзім жұмулы болса да, оның еміреніп, телміре қарап отырғанын білемін. 3. Кейде, сыр алдырғысы келмей, қанша ақжарқын болғысы кеп бақса да, орайын тіпті келтіре алмайды. (Т. Ахтанов)



37-жаттығу. Қарсылықты салаластарды төмендегі үлгі бойынша қарсылықты сабақтас құрмаласқа айналдырып жазындар.

Үлгі:

Қарсылықты салалас

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас

Қазір бөгелген түйіні, қалаған тұжырымы осы еді, бірақ оны балаларға айтудың да, айтпаудың да орайын таппады.

Қазір бөгелген түйіні, қалаған тұжырымы осы болғанмен, оны балаларға айтудың да, айтпаудың да орайын таппады. (Н.Ғабд.)

1. Білмеймін, өзге жұртқа ер мінезділеу, қаталдау да көрінетін шығар, бірақ маған деген ықылас, ниеті өзгеше еді. 2. Бір қарағанда кей кісінің сырт кескіні сонша оғаш көрінетіні бар, бірақ жақын араласып үйренісе келе байқасаң пәлендей түгі де жоқ. 3. Жағдайдың қандай екенін, соғыстың қалай болып жатқанын ешкім білмейді, әркім өзінше жорамалдап неше түрлі саққа жүгіртеді. 4. Кейін ажалмен бетпе-бет те кездестім, талай қырғынды да көрдім, сонда да осы алғашқы шошынғаным есімнен кетпейді. 5. Балсұлу мені маңдайымнан сипап мүсіркемейді де, көргенде емешесі құрып жалпылдап та жатпайды, әйтсе де мені іштей жақсы көретінін білем. 6. Шәкім Сейілхан ағама тартқан, бірақ Балсұлудан да құр алақан қалмаған. (Т. Ахтанов.)



38-жаттығу. Оқып шығып, қарсылықты бағыныңқы сөйлемдердің жасалу жолын ажыратындар.

1. Көпейлеу туған жирен қасқа тайдың денесі кішірек болғанымен, екі құлағы тас төбесіне найзадай шаншылған. 2. Босағада ұршық иірген Қалампыр баласының неге жата қалған себебін сезді де, балаға білдірмей көзіне іркілген жасты теріс қарап жаулығымен сұртті. 3. «Алдағы жаз

қолым қырқылып қалмаса, қосымша берсем де ақыма бір тай алармын!». 4. Былтыр жоқ болса, биыл бар. 5. Баймырза да ішінен сол тілеуді тілегенімен, сыртқа дыбыс шығармай, тайды балаларға ерттетті. 6. Алқынған ол тайы өрттен үркей берген соң, от бармайды-ау деген бір ағашқа байлады да, өзі жаяу жүгіріп үйіне барды. 7. Ол «патша» деген сөзді еститін еді де, елді билейді деген жалпы лақап болмаса, оның қайда тұратынын, не істейтінін білмейтін еді. 8. Буынын әрең басқан баланы фельдшер қолтықтап әкеп тайына мінгізіп, тайын жетектеп жолға салып, өзі жөніне кетті.

(С.Мұқанов. «Кекті бала» шығармасы)

СЕБЕП БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқысы басыңқыда айтылған ойдың себебін білдіретін сабақтастың түрін себеп бағыныңқы сабақтас дейміз.

Себеп бағыныңқы сабақтас *неліктен?, не себепті?, неге?, не деп?* деген сұрауларға жауап береді.

Себеп бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) есімшенің өткен шақ формасына **-дықтан (-дық+тан)** деген жұрнақ пен жалғаудың қосылуы арқылы жасалады. *Қастарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген оқшау сөзін бастаған жоқ. (М.Ә.) Сол жылдың көктемі жаңбырлы болғандықтан, топырағы құнарлы жерге өскен қалың қау мен сайларға өскен қалың жоңышқаның биіктігі белуардан келеді екен. (С.М.)*

ә) кейде есімшенің өткен шақ формасына **соң** шылауы тіркесуі арқылы жасалады: *Аяғын баса алмаған соң, еңбектеп есікке келді. (Ғ.Мұст.) Машиналар, әсіресе тракторлар, жүздеп жөңкілген соң, саз кезінде далалық жолдардың тас-талқаны шығып қазылады. (С.М.);*

б) көсемшенің –**й** жұрнағына біткен болымсыз түрінен жасалады: *Мұғалімнің сөйлегеніне Кәрім шыдап отыра алмай, біресе ұшып тұрады, біресе отырады. (Б.М.)*

в) ашық райлы етістікке **деп** көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады: *Тәуекелі мен қайраты бар еді деп, осы батыр Манасты әдейі Абай хабарын әкелуге жұмсапты. (М.Ә.)*



39-жаттығу. Себеп бағыныңқы сабақтастарды көшіріп, баяндауыштарының астын сызыңдар да, жасалу жолына түсінік беріндер.

1. Әуелгідегі моншаға түсіп, салқындап алайыншы деген ниеті құр қиял қалпында қалған соң, белуардан жалаңаштанып жуынуға кірісті. 2. Сырткөз болған соң, тек тұрайын деп ештеңе демеді. 3. Қалымша да дәл уақытын еске түсіре алмағандықтан, Сәнияға сұраулы жүзбен бұрылды. 4. Кешкі тамақтан кейін Әлімбек әлдеқайда ұшы-күйді жоғалып кетті де, Дайыртай жалғыз өзі іші пысуға айналған соң, сыртқа шыққан. 5. Әл-әзір ол жақтан ешкімнің қарасы танылмаған соң, қоңысына ұрлана көз қиығын жібереді. *(Т.Ахтанов)*



40-жаттығу. Себеп-салдар салалас сөйлемдерді төмендегі үлгі бойынша себеп бағыныңқы сабақтасқа айналдырып жазып, жасалу жолын көрсетіндер.

1. Киімін шешуге мұршасы жоқ, босағада отыра кеткен күйі сылқ-сылқ етеді. 2. Тойшықара жай кетпеді, тура астананың өзінен радионың облыстағы меншікті тілшісі деген беделді қызметті иелене кетті. 3. Жұрт нотамен үйренген жақсы дейді, бірақ мен оны білмегендіктен, пластинканы ойнатып отырып үйренгенім дұрыс шығар деп шештім. 4. Шуағын мол төккен күн де балқыған құйма алтын да көз қарықтырып, жапырақтарына піл жүгіре бастаған ағаштар да қыбырсыз мүлгіп тұр, жексенбі күні жүріс-тұрыс та сирек, алысырақтағы көше бойынан өткен некен-саяқ машиналар дыбысы да құлаққа анық шалынады, аула төрінде құркылдасып жүрген кептерлер де тойға жиналғандай мәре-сәре. 5. Балажан енді байқады, бағаналы бері қонағымен бірге екі-үш шөлмекті босағаға аунатып тастаған екен. 6. Аналар бұған дабырласа бірдеңе деген болады, мынау түк ұқпайды да естімейді. *(К.Ахмет.)*



41-жаттығу. Көшіріп жазып, сабақтастардың түр-түріне (қарсылықты, себеп, шартты бағыныңқы) ажыратыңдар, бағыныңқы сөйлем баяндауыштарының астын сызып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

1. Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанымен, кең қоныс емес. 2. Сылап-сипап: «Мен сені сағындым, өзгелер жаман жер десе, мен олай демеймін...» деп қараған сияқты. 3. Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. 4. – Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді. 5. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес.

6. ...Әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды.
 7. Ол «қайда жүрдің?» деп ақырын сұраған Абайға жүресінен отырып, ағасының мойнынан құшақтап, өзіне қарай тартты да, құлағына бір нәрсе сыбыр етті. 8. Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгермей, адасып қап отыр. (М.Әуезов. «Абай жолы»)

МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіретін сабақтастың түрін мезгіл бағыныңқы сабақтас дейміз.

Мезгіл бағыныңқы сабақтастың сұраулары – *қашан?*, *қашаннан бері?*, *қашанға шейін?*

Мезгіл бағыныңқының баяндауыштарының жасалуы мынадай:

а) есімшеге жатыс жалғауының жалғануы арқылы: *Жампейіс үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды.* (С.М.);

ә) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің барыс жалғаулы түріне *шейін (дейін)* шылауының тіркесуі арқылы жасалады: *Жұмыс көп, ертеден қас қарайғанға шейін, зырылдап жүгірудемін.* (А.Машанов.);

б) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің шығыс райлы түріне *кейін, соң, бері* шылауларының бірі тіркесуі арқылы болады: *Біраз жүргеннен кейін, әкесінің қолынан бір шиіе жерге түсіп кетеді.* (Ы.А.);

в) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шығыс жалғаулы есімшеге *бұрын* шылауы тіркесу арқылы болады: *Біреу күн шықпастан бұрын, тау жақтан желдіріп келеді.* (Т.С.);

г) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *кезде, күнде, уақытта, шақта* деген мезгіл мәнді сөздердің бірі тіркесу арқылы болады: *Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті.* (М.Ә.);

ғ) есімшеге *сайын* шылауы қосылуы арқылы да жасалады: *Аттылар жақындаған сайын, Төркелдінің жүрегі орнына түсе бастады;*

д) есімшеге **-ша (-ше)** жұрнағы қосылу арқылы жасалады:

*«Ғылым оқып білгенше,
 Тыным-тыныштық таппаған.
 Дүниені кезіп көргенше,
 Рақат іздеп жатпаған».* (Абай)

Ескерту: **-ша, -ше** жұрнағы жалғанған есімше кейде қарсылық мәнін де білдіреді. (Қарсылықты бағыныңқыны қара.);

е) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшенің **-қалы, -ғалы, -келі, -гелі** жұрнақты түрі арқылы болады: *Жамбыл – Жамбыл болғалы, есіткен талай батырды. (Ж.Ж.);*

ё) кейбір жағдайда бағыныңқының баяндауышы шартты етістіктер арқылы жасалады: *Үйдегілер тысқа шықса, таң аппақ боп атқан екен. (С.М.);*

ж) бағыныңқының баяндауышы **-ысымен (-ісімен)** деген күрделі қосымшаның етістікке жалғануы арқылы жасалады: *Абай араларынан кетісімен, анталап тұрған қалың жиын арасына ауыздан-ауызға көшкен сыбыр бұйрық жайылады. (М.Ә.)*



42-жаттығу. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемдерді теріп жазыңдар да, астын сызып, жасалу жолын түсіндіріңдер.

1. Енді тынышталған соң, өзінен өзі қалыбына келе жатыр. 2. Жатар орынға келгенде, тағы да құлазып қаласың. 3. Ызы-қызы шу салбыр тартып, есек-дәме жұрт аузына үңілгенде, әлгі бастық көпірдің бомбаланып қалғанын, енді бұл станциядан бір состав кейін қарай жүре алмайтынын айтты. (Т.Ахт.) 4. Оқта-текте төркін жұртына келгенде, қызы ең алдымен өз әкесінің үйіне түспейді, бірінші Майлыбайдікіне тоқтайтын да, кері қайтқанда да сол үйден аттанатын. 5. Майлыбай қаршығасына үйіріліп-толғанып топшысынан сипалап жатып оянып кеткенінде, әлгі түсін өңім екен деп біразға дейін ойын жия алмай отырған. 6. Дыбыс ұзақырап кеткен соң, Сатан қоңырауды шыдамсыздана қайта соқты. (Қ.Ахмет.)



43-жаттығу. Оқып шығып, бағыныңқыларының баяндауыштары тұлғалас сабақтас құрмаластардың қайсысы шартты, қайсысы қарсылықты, қайсысы себеп, қайсысы мезгіл бағыныңқы екенін ажыратыңдар да, әр түрін өз алдына топтап жазыңдар. Ол үшін әр бағыныңқыға тиісті сұрауларын қойыңдар.

1. Сапар жауап қатпастан, сып етіп ішке кірді де, салып ұрып артқы партадағы Сейтеннің жанынан бір-ақ шықты. 2. Мұғалім ыңғайын жақсы ұққан Сапар да тіресіп отыра алмай, аяғын жайлап басып алға шықты. 3. Онысын оқушыларға сездіріп алмайын деп, жүзіне жиылған ашудың ызғарын қуып, жайлы жаздай жылы шырай орнатуға тырысып, жадырай сөйледі. 4. Осы жайларды қанша түсіне тұрса да, Жакыпбек енді алғашқы беттегідей емес, біраз сабыр етті. 5. Педагогикаға бас қойсаң, ешбір оқушының ойы сенен селкеу шықпауы керек еді ғой. 6. – Әр бала бірін-

бірі қайталамас қандай дара болса, оны тәрбиелеу жолында тап болған әрбір көңілсіз оқиғада да сондай ерекше сыр жататынын білмейсіз бе!.. 7. Несие сөзге жоқ Ақық Тойтыққа «солай ма» деп те емеуірін жасамастан, өз пікірін томаға тұйық қалдырып, басқа бір жайларды айтып кетті. 8. Қанша батылданып айтамын десе де, оның даусы тітіреп шықты. 9. Күтпеген жерде батылдығын көрсетемін деп, осалдығын аңғартты. 10. Ол бұл ауылмен дәмдес болғаннан бері, оқығанды былай қойып, оқымаған қарапайым адамдардан да көп сыр аңғарып, талай ақылды сөздер естіп, көңілге түюмен, ойына ой қосумен келеді... 11. – Мектепті ауыл өміріне жақындатудың тиімді жолын таба алмай жүргенде, экскурсия сияқты болымсыз шаралардың өзіне бұлай қарауыңыз маған түсініксіз. 12. Бес саусақ домбыраның сағасына барғанда, күйдің кең тынысы тарылғандай, бебеулей берді. (М.Иманжанов)



44-жаттығу. Көшіріп жазып, мезгіл бағыныңқылардың баяндауыштарының астын сызындар да, қандай тұлғада тұрғандығын айтындар.

1. Қалаға ол, күн көтерілген соң жетті. 2. Күзетші жанында ол осы оймен аңырып тұрғанда қолтықтаған түйіншегі бар бір ересек келе қалды. 3. Барар жерін анықтап алған Кеңес, әлгідей емес, аяғын нық басты. Былай шығысымен-ақ, осылай қарай ағылған адамдар шоғырына кезікті. (М.И.) 4. Ауылда жетіжылдық білім міндетті борышқа айналып отырғанда, қала мен ауылдың айырмасы бірте-бірте жойылып келе жатқанда, мәселеге осылай қараудың, толғана ой жүгірудің жөні әбден-ақ бар... 5. Тосын көзге шамданғыш, күйгелек сияқты көрінсе де, Жақыпбек жеме-жемге келгенде, сары уайымға салыну дегенді білген жан емес-ті. 6. Сабақтан шыққанда, одан күдерін біржолата үзіп шықты. 7. Содан кейін Жарқын бұл кітапты тауып алып, соңғы үш күннен бері, қолы бос уақытта оқып жүрген болатын. 8. Бану өткен сабақты біраз пысықтап еске түсірген соң, жаңа материалдарды түсіндіруге кірісті. (М.Иманжанов)

ҚИМЫЛ-СЫН БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін қимыл-сын бағыныңқы сабақтас дейміз.

Қимыл-сын бағыныңқы сөйлем *қандай?*, *қайтіп?*, *не етіп?* деген сұрауларға жауап береді. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) көсемшенің **-а, -е, -й, -п, -ып, -іп** жұрнақты түрлерінен болады: *Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт бешпент сулайды. (Абай) Ұзын кірпіктері қыбыр-қыбыр етіп, Манар әлде не бір шуылдаған дыбыстарды естіп жатты. (Х.Ес.) Жалтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан тәрізді. (Ә.С.)*

Ескерту: Баяндауышы көсемшеден болған кейбір бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғандығын білдірмей, тек онымен амалдас, мезгілдес болып келеді. Мұндайда ол бағыныңқыға қимыл-сын бағыныңқының сұрауын қойып айтуға келмейді. Бірақ ондай бағыныңқы сабақтастарды да шартты түрде қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың қатарына жатқызып жүрміз. Мысалы: *Әуеде жырышы құстар өлең айтып, қиқу салар көлдегі қаз бенен қу. (Абай) Сырттағы қазандықта от жарқылдап, қазан да көтерілген-ді. (Ғ.С.)* Бұл сөйлемдерде бағыныңқыдағы іс пен басыңқыдағы істің бір мезгілде қатар болып жатқандығы баяндалады.

ә) есімшеге **-дай (-дей)** жұрнағы жалғану арқылы жасалады: *Жаңа зана талып қалғандай, Әбіш ешбір белгі бермей сұлақ жатыр. (М.Ә.)*

Кейде **-дай (-дей)** жұрнақты есімшеден кейін **етіп, болып** көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады: *Күдері сөзінен Жақыпбектің де жүрегіне жып-жылы бір сезім құйылғандай болып, орнынан ұшып түрегелді. (М.И.);*

б) есімшеден кейін **күйі, күйінде, қалпы, қалпында, бетте** деген көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалады: *Бала, қоңырқай сопақша беті күреңденген күйі, еріксіз үзілген жұмысына қайта кірісті. (Х.Ес.)*

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары

Бағыныңқы баяндауыш	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сызбасы
1. Көсемше	-ып, -іп, -п -а, -е, -й	қалай?	/...../ құбылып, /____/ /...../ тербеле, /____/
2. Есімше	-қан + дай (-ген + дей) (болып) -қан (-ген) күйі (қалпында) -па+с+тан -бе+с+тен	қайтіп?	ажарланғандай /____/. танығандай болып /____/. томсарған күйі /____/. тынықтастан /____/.



45-жаттығу. Қимыл-сын бағыныңқылардың баяндауыштарының астын сызып, жасалу жолдарын талдаңдар.

1. Балалық қиялы жетектей әкеліп, бүгінгі күнмен табыстырып, өзі сол аңсаудан тұратын кезеңге тартып кетті-ау. 2. Айнаның алдына келіп, шашын жайып, өзіне сүйсіне қарады. 3. «Біз осындай болдық» дегендей, еркін көзге түседі. 4. Бағанадан бері жиылғаның жетер дегендей, тамшылар бірінен соң бірі ытқып шыққан еді. 5. Нуридiң туындысы жайында жақсы пікірлер айтылып, көрмеге қойылсын деген шешімге тоқтады. 6. Өзі келіп калатындай, терезеден ұзақ қарайтынмын.

(З.Жантасова. «Сағыныш» кітабынан)



46-жаттығу. Көп нүктенің орнына қосымша не көмекші сөз қосып, бағыныңқының баяндауыштарын қалпына келтіріп, қимыл-сын бағыныңқы сабақтас жасаңдар.

1. Ол талай рет мектеп көркемөнерпаздарының аудандық, облыстық, республикалық байқауларына қатыс....., өз орындаушылық қабілетімен, сүйкімді дауыс ырғағымен кең жұртшылықтың назарын аударып бастаған. 2. Міне, бүгін сол тұншыққан таланттың жаңадан көзі ашыл....., бықсыған түтін қайтадан жалындай бастады. 3. Мойыны алманың сабағындай, жылтыраған көздерінде нұр қалмады. 4. Таяғына сүйен, мас адамдай тәлтіректеп үйіне қарай кіріп кетті. 5. Қазандай басын шаршы орамалмен таңып алған дәу қара кісіні Қасиет бірден таны, аяғын тежегішке басты. 6. Ол көше жақтан өтіп бар жат, Қасиеттің машинасын көрген соң бұрылған екен.

(С.Бұхарбаев. «Алтын алқа» кітабынан)



47-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, қимыл-сын бағыныңқы сабақтасты табыңдар.

1. Сондықтан да бұл тақырып туралы айтатын болсақ, осы көзқарастарымыздың баршасын жалпылай түрде алып, кең мағынадағы «руханият» түсінігімен айтуға болады. 2. Бұндай жағдайларды көріп-біліп, өзі үшін ұлы ниеттерді мақсат еткен адамдар жүрегінде екіленудің немесе күмәнданудың болуы мүмкін емес. 3. Оның тек қана өзімізге сай келетін жақтарымен шектелместен, сол сияқты оның қиын жақтарын да назардан тыс қалдырмауымыз шарт. 4. Олардың ойынша, адамзат өз байлығын пешене терін төгіп, Аллаһ берген ақылмен істеп немесе түрлі қыңыр, арам жолдармен тауып жатыр—бұл қалайша ешкімді қызықтырмайды.

5. Бұл өмірді жеңіл, әр түрлі арам жолдарға беріліп, адамзаттық борышын ұмытып, мал-дүниеге әрекет етіп жасаған адам, өмірінің соңында арман мен қарғыстарға батып өз өмірін бітіреді. (И.Каримов. «Юксак маънавият – енгилмас куч» шығармасынан)

МАҚСАТ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мақсатын білдіретін түрін мақсат бағыныңқы сабақтас дейміз.

Мақсат бағыныңқы сабақтас *не мақсатпен?, не етпек болып?, не үшін?, неге?* деген сұрауларға жауап береді.

Мақсат бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) **-мақ / -мек** жұрнағы етістіктен кейін **болып** деген көмекші етістіктің келуі арқылы жасалады: *Біздер иесіз тауда жатқан қазынаны биыл меңгермек болып, зор қимылды бастағалы отырмыз. (F.C.);*

ә) тұйық етістіктен кейін **үшін** шылауының келуі арқылы: *Әңгімені басынан бастау үшін, Сержанмен кездескен күнді есіме толық түсіріп көрейін. (Ә.Ә.);*

б) шартты, бұйрық және қалау райлы етістікке **деп** көмекші етістігі тіркесу арқылы жасалады: *Бір ұстасып қалсам деп, күшіңді байқап шенейсің. (Ж.Ж.) Әдейі танытпайын деп, ол бет-аузын таңып алыпты (М.Ә.)*

Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластың жасалу жолдары

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сызбасы
Етістіктің әр түрі	-пақ/шы болып -қысы келіп у- -па -с -айын -сын -са (М)	не етпек болып? не мақсатпен? не үшін? не деп? неге?	/ бармақ болып, / ____/. /...../ көргісі келіп, / ____/. келіп, / ____/. /...../ үйрету үшін, / ____/. /..... ақпас үшін, / ____/. /..... амандасайын деп, / ____/. /..... көмектесейін деп, / ____/. /..... бітіріп шықсам деп, / ____/.
	} үшін		
	} деп		



48-жаттығу. Көшіріп жазып, мақсат бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

1. Хан әуелі өзінің игі жақсыларды қала сыртында, алдынан шығып, лайықты қарсылай алмағаны үшін, тым құрса, ақсақалдарға арнайы кіріп, сәлем беріп шықпағаны үшін ғафу өтінді. 2. Әйтсе де, манағыша, әуелі түр-келбетін пайымдамақ болып, бетін сылап еді. 3. Тоғымызды басамыз деп, құрт қосқан бір-бір аяқ майлы сорпаны тағы ішіскен. 4. Ораз-Мұхамед бірдеңе айтпақ болып, еміне беріп еді, Әз-ханым оқыс дауыс көтерді. 5. Кейбіреулері тура аттылардың арасынан өтем деп, дойыр ұшына ілінеді. 6. Қызымның намысын аяққа басқаны үшін, ордасын ойран етіп, басын кесем.

(*М.Мағауин. «Аласапыран» кітабынан*)



49-жаттығу. Бағыныңқы сөйлемдерінің ыңғайына қарай өз беттеріңмен басыңқы сөйлем ойлап, көп нүктенің орнына тиістісін жазыңдар да, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасаңдар.

1. Қалған жұрт құсты үркітпес үшін, 2. Отқа күйген Ораз-Мұхамед ашулы құс көзімнен шұқыр деп, 3. Осында арам пейілмен ақ дастарқаннан қалай дәм татуға болады деп, 4. Бас өзімдікі ғой деп, 5. Кім көрсе де лайықты кейіпте болайын деп, 6. Олжа іздеген жеті жүздей қарақшы қамалды өртемек болып, 7. Ораз-Мұхамед Азбан-сұр үрікпесін деп, 8. –Иә, ақ патша Мархаматпен жарылқамақ болып,

(*М.Мағауин*)



50-жаттығу. Көшіріп жазып, бағыныңқыларының баяндауыштарының астын сызыңдар да, жасалу жолдарын, мағына жағынан сабақтастың қай түріне жататындығын талдап түсіндіріңдер.

1. Өзара бәтуға келе алмағандықтан, әрі хан алдында қателеспес үшін, ең жақын, ең белгілі үш сұлтанға тоқтады. 2. Күні кеше ғана хан иемнің үзеңгісіне ілесіп, бүкіл түстікті тітіретті. 3. Сыр бойындағы сансыз кентті баурына басқанымен қоймай, барлық керуен жолдарын буып отырған бұқармен қалай тіл табысасың. 4. Саусақтарын тарбита жая, екі қолын бірдей көкке созды. 5. Жаңағы әкелер мен ағалар әскер билігінен айырылғанымен, ел билігінен аластамаған. 6. Қарашы бектерге күш бергенімен, хан өз әулетінің хүкімін бұрынғыдан да күшейте түсті. 7. Еркекше киінгенмен, атқа отырысынан қыз екені бірден танылады.

8. Ораз-Мұхамед те ештеңе айтпаған күйі, үнсіз қалды. 9. Ораз-Мұхамед жұмсақ жастыққа көтеріліп, келіншегіне бажайлай қарады. 10. Аттары аталып, мәртебелері көтерілген игі жақсылар сұлтанмен тілдескен соң, өз кезегінде Әз-ханымға құрмет танытты. 11. Әңгіме қыза келе, кейбіреулер жас сұлтанға тосын сауалдар беріп, әртүрлі кеңестер айта бастады. 12. Сәлем рәсімі жасалысымен, сұлтан игі жақсыларды төрге шақырған. 13. Көбіне қасында кім барын ұмытпақ болып, өзімен өзі болып кетеді.

(М. Мағауин)



51-жаттығу. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратып айтып беріндер.

1. Осы пікірді бұл күнде сексеннің төртеуіне шыққан әкемнің өзі де қостап, қайталап отырудан жалықпайды. 2. Ғалым-синоптиктердің айтуына қарағанда, ол жыл күн белсенділігі артқан жыл екен. 3. Ат орнын тай басар дегендей, замана зырлап өткен сайын, әке орнын ұл, ұл орнын немере басып жатқаны айқын. 5. Ел жағдайын сырт естігені болмаса, көзбен көрмеген. 6. Мен Сәбең үйінен шыққан соң, әкеме мұның аса бір қымбат жәдігер екенін түсіндіріп, Сәбең сөзінің астарын аңғарттым. 7. Ағайын болған соң, сол жәйінді ойлап келіп отырмын ғой. 8. Жолда әуелі Қызылжарға дейін ұшақты көтере алмай қиналғанымен, кейін Алматыға дейін поездың ауасы тарлығынан мазасы кеткенімен, аман-есен үйге жетіп, ақпанның орта кезінде өгей шешемді республикалық туберкулкез институтына орналастырдым. 9. Айталық, менің абыройымды төкпеймін деп, көп алдында өтірік айтты. 10. Шындап келгенде, егін шығымсыз болғандықтан, биылғы еңбеккүннің де зайығы екені айқын. 11. Баста деген соң, бастадым. 12. Ана оқиғадан кейін, тегі істің артын бақпақшымын ғой деймін.

САБАҚТАСТАРДЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1. Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына, негізінде, **үтір** қойылады: *Ол отқа жақындап келгенде, қараңғыда кісінеген жылқының даусы естілді. (А.Ф.) Үй ішін әлсіз қызғылт сәуле жарық қылған уақытта, шешесі Абайдың қиналып отырған қалпын байқады. (М.Ә.)*

2. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында айтылса, оның екі жағынан үтір қойылады: *Жаннейіс үйге кіріп кеткенде, Асқар*

мен Ержан тыста қалды, – Асқар мен Ержан, Жанпейіс үйге кіріп кеткенде, тыста қалды. (С.М.) Әкесі кеткелі, Абай үйден шыққан жоқ. – Абай, әкесі кеткелі, үйден шыққан жоқ. (М.Ә.) Ербол жөн сұрағанда, Абай іркіліп, бөгеліп қалды. – Абай, Ербол жөн сұрағанда, іркіліп, бөгеліп қалды. (М.Ә.) Ол келмей, мен ешқайда бармаймын. – Мен, ол келмей, ешқайда бармаймын.



52-жаттығу. Әуелі оқып шығып, сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазыңдар. Содан кейін әр сабақтастағы бағыныңқы мен басыңқының орналасу тәртібін анықтап, тиісті тыныс белгісін қойыңдар.

1. Көңілі құрғыр алабұртып байыз тапқызбаған соң соның ауанына бағынып бұйымдарын арық жағасындағы ағаш саясына қойып аспаптарын ескі дорбасымен алып шықты. 2. Сіз де осындай ғажайып мезгілде дүниеге келдіңіз. 3. Шебердің қолы босасымен шаштараз бұрымындағы тақта үстіне жайғасып қарта ойнай бастады. 4. Ауладағы ағаштарға көз салып бақты ұзақ аралады. 5. Ренішті сөздерге көңіл аудармады, не кешірім сұрамады, не жұмысын тоқтатпады. 6. Жасына жарастық қылық емес, үйлі-жайлы, тайлы-тұяқты адам. 7. Ауыл адамдарының шаштаразға келуін күтпестен жексенбі күндері ерте тұрып ескірген желебін, көнерген қолсөмкесін ұстап, аудан орталығындағы базарға қарай бағыт алған еді. 8. Барлық кеткісі келген ойын алдандырмақ болып іске берілді. 9. Бұл да Гүлшенге ұнау үшін жаңа сурет сызды. 10. Соңғы туындысы сынға ұшырағаннан кейін туындысын талқылауға қоймайтын болды. 11. Және қара түс, бір топ адам, анығырағы бірнеше бас, қараңғылық қойнынан мөлдіреп қарап тұрды. (З. Жантасова. «Сағыныш» кітабынан)



53-жаттығу. Мына жай сөйлемдерден сабақтас құрмалас сөйлемдердің түр-түрін құрап жазыңдар.

Үлгі: *Мал сойып, наурызнама қылуға шамасы келмейтін кедейлер қой сояды. Наурыз күні бір қазан көже салады. Ауылға таттырады. Басын сақтап қояды.*

Мал сойып наурызнама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, Наурыз күні бір қазан көже салып, ауылға таттырам деп, басын сақтап қояды.

1. Лезде жанармайды әкелді. Үйдің ішіне тегіс шашып шықты. Шырпыны шағып жіберді. 2. Машина зулап келе жатыр. Ұжымшар

орталығына жақындай бергенде, дауылда қалған кемедей шайқалды. 3. Жол-жөнекей мақтанды. Ташкентке жеткенше ісіп-кеуіп келді. 4. Қарсыласып, тайталаса беру енді ыңғайсыз көрінді. Лаж жоқ еруге тура келді. 5. Ыстық мампардың бір кесесін соғып алды. Бір стакан минерал суын ішті. 6. Қасиет анасы екеуі кірді. Дәліздегі ұзын кілем төсеніштің үстімен жүрді. Оң жақтағы кішілеу бөлменің есігін ашты.

(С. Бұхарбаев. «Алтын алқа» кітабынан)



54-жаттығу. Берілген сөйлемдерден сабақтастардың тыныс белгілеріне назар аударындар және тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. Оның «хайуаны да, най сабы да» мен түсінбейтін сөздер болғанымен, зілді сөздер екенін молданың кескінінен байқап отырамын. (С. Мұқанов.)
 2. Дәркембай екі мықты мырзаның қыспағында отырса да, Құнанбайдың сыртынан соңғы сөзін қатты айтып қалды. (М. Әуезов.)
 3. Оның демі қалай тарылып кетті? – Бөлменің ауасы жетпегенде, адамның демі қалай тарылса, оның демі де солай тарылып кетті.
 4. Жаңағы көркем бір сәтке сүйсініп, езу тартқан Абайдың сол көңілді шағы айығып болғанша, қатты келе жатқан ат дүбірі естілді.
 5. Жылқыға Абылғазы қолы жетіп араласқанша, мың сан тұяқтардың құжырлы серпіндерінен ұшқан қиыршық қар енді бүкіл өңірді ақ түтек етті. (М. Әуезов.)
 6. Үлес жөнінде әлі ойын ашпаған Абай болғандықтан, Тәкежан енді бұның өзінен ішіндегі ниетін сұрады.
 7. Еркежан қатты қайрат көрсетіп, кешегі Шұбарға берген жауабынан бүгін де аумай тұрып алды.
 8. Біреу-міреу секем алып жүрмесін деп, біз екі-үштен бөлініп кеттік. (С. Көбеев.)

КӨП БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Құрамында екі я одан да көп бағыныңқы сөйлемі бар сабақтасты көп бағыныңқы сабақтас құрмалас дейміз.

Мысалы: *Күн түс ауа жылынып, сызды дала бусанып, ауыл сыртында әдемі бір көрініс туып еді.* (Н. Ғабд.) Бұл сабақтастың құрамында екі бағыныңқы сөйлем бар: 1) *күн түс ауа жылынып,* 2) *сызды дала бусанып.*

Оның әлсіз сәби үні құлағымға әлсіреп жетсе де, сол дауыстан бар денеме қуат құйылып, еңкіштеңе бастаған арқамға қанат бітіп,

көңлім әлдеқайда шырқау биікке, көз ұшына аспандап кеткендей болды (Б.Жақаев.). Бұл сабақтастың құрамында үш бағыныңқы сөйлем бар: (1) Оның әлсіз сәби үні құлағымға әлсіреп жетсе де, (2) сол дауыстан бар денеме қуат құйылып, (3) еңкіштеңе бастаған арқама қанат бітіп.

Бағыныңқы сөйлемдердің басыңқы сөйлеммен байланысу сипатына қарай көп бағыныңқы сабақтас құрмалас екіге бөлінеді: **жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас** және **сатылы көп бағыныңқы сабақтас**.


ЖАРЫСПАЛЫ КӨП БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқы сөйлемдердің әрқайсысы басыңқы сөйлеммен тікелей байланысқан сабақтасты жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас дейміз.

Мысалы: *Қайық оқиғасы былайша елеусіз, ауыл өмірі үшін әсері болмаса да, бір шеті тәрбиемен ұштасып жатқандықтан, Жақыпбек бұған сәл нәрсе деп қарай алмады. (М.И.)* Бұл сабақтастың бағыныңқыларының әрқайсысы тікелей басыңқымен байланысады:

1. Қайық оқиғасы былайша елеусіз, ауыл өмірі үшін ешқандай әсері болмаса да, Жақыпбек бұған сәл нәрсе деп қарай алмады. 2. Бір шеті тәрбиемен ұштасып жатқандықтан, Жақыпбек бұған сәл нәрсе деп қарай алмады.

Жарыспалы көп бағыныңқы сабақтастың байланысу сызбасы:



Бағыныңқы сөйлемдерінің басыңқы сөйлеммен мағыналық қарым-қатынасына қарай жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас **бірыңғай жарыспалы** және **әр алуан жарыспалы** болып бөлінеді.

Егер бағыныңқы сөйлемдері басыңқымен тек бір сипаттағы (не шарт, не мезгіл т.б.) қатынаста болып, ортақ бір сұрауға жауап берсе, **бірыңғай жарыспалы** сабақтас болады.

Мысалы: *Адам адамзат атанса, әйел ана атанса, адам баласы бір-біріне жолдас атанса, ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма? (Ғ.М.)*

Егер бағыныңқы сөйлемдері басыңқымен әр түрлі мағыналық қарым-қатынаста байланысып, әр түрлі сұрауға жауап берсе, **әр алуан жарыспалы сабақтас** болады.

Мысалы: *Ән тыңдағым келіп тұрса да, математикті елеңдетпейін деп, радионы тұншықтыра бұрап қойдым. (Н.Ғабд.)* Алғашқы бағыныңқы *қайтсе де?* деген сұрауға жауап беріп, басыңқымен қарама-қарсы мәнде айтылса, екінші бағыныңқы *қайтейін деп?*, *не мақсатпен?* деген сияқты сұрауға жауап беріп, басыңқымен мақсат мәнді қарым-қатынасқа түскен.



55-жаттығу. Оқып шығып, қайсысы бірыңғай жарыспалы, қайсысы әр алуан сабақтас екендігін айтып беріңдер де, сызбамен көрсетіңдер.

1. Шешесі күйеуінен қара қағаз келісімен көп кешікпей, мұны қырқынан шықпаған қызылшақа күйінде қаралы ата енесінің қолына тастап, өзінен көп үлкен шалдау біреудің етегінен ұстап кете барған. 2. Атасы мен әжесі бір нәрсе сұраса қысылып, төмен қарап қыбыжыңдап, берекесі кетіп қалады. 3. Институтты бітіріп келсе де, өз пәнінің табиғатын күнде тәжірибе жасап, шүкшия ізденіп жүрген Маралдиннен артық білмеуі де мүмкін. 4. Қанат мойнын созып қарап тұрып, әлгінде жүгіріп кеткен досының бір кісінің қасына барып, әлде не айтып, күлдіріп сөйлеп тұрғанын көрді. 5. Үшінші курсқа көшкен жылы үстіне бұрын киіп жүрген киімдерінің бәрі сыймай, аяқ-қолдары тегіс ұзарып, кеуде тұсы шалқақ тартып, мүсінді әдемі жігіт бейнесіне еніп қалғанын бір-ақ көрген.

(Р.Тоқтаров.)



56-жаттығу. Берілген сөйлемдерден жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңдар. Олардың байланысуы мен сынарларын ажыратыңдар.

1. Сөйтіп, бұлардың есебі біріккен кезде, көп момынның көптен жүрген арызы, мұны тағы да бүктемеге түсіп, елеусіз, ескерусіз қалатын жайы бар. 2. Енді оның әділет таразысы құрылып, ел арызы тыңдалатын болса, дәл осы сере түскен мырза, жуанның өздерінің көбі жауапкер, айыпкер болар еді. 3. Бұлардың аузы бірігіп алса, ұлық кәрі қадалса да, қағазына іліндіре алмайды. 4. Бірақ дәл осы жолы Тәкежан, Әзімбай қаншалық арам, есепкер болса да, сол есебі шегінен асып кетіп, кесірге өздері әдейілеп киліккендей болды. 5. Жандардың Абайды қандай

мінезбен ерткенін әлі аңғарған кісі жоқ болса да, кейінгі болыстар мен билер, қастарынан Абай өте бергенде, шетінен оған да құрмет көрсете бастады. (М. Әуезов.)



57-жаттығу. Берілген сөйлемдерден жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңдар. Құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерің байланысуына мән беріңдер.

1. Шыңғырған даусы шығанаға жеткен жануар тізелері бүгіліп, шөкелей құлаған соң арп етіп, қалың қабырғаны қаусата сөкті, бірақ аял қылмады. 2. Кегі таусылды ма, бір сәт абдырап, артынша ақырын қаптаған жұрттан ықты ма, ырғи жүгіріп, аулаққа қарай қашты. 3. Аттар манағыдай емес, пысқыра тарпынып, дірілдей елеңдесе де, тапырақтап шегінген жоқ, иелерінің ырқына көнген. 4. Басын шайқап, ауыр басып алға қарай екі-үш аттады да, кенет төрт аяғын бауырына жиып, құныса бере, жойқын қимылмен ырғи атылды. 5. Қаны аузымен жиырыла жер қауып, құйрығы қамшы соққан жыландай шиыршық атып, ышқына өксіп жатқан жолбарысқа бірнеше жігіт қатарынан найза ұрды. 6. Жоннан, қос өкпеден, қара қабырғадан, бірі – бойлай, бірі – салақтай қадалған қауырсын жебелер түбі шашырай тамшылап, бүйірдегі қорғасын оқ ойған үнірейген жара шымырлай сыздықтап, қызыл қанға алшынған, созылып, зорайып кеткен. (М.Мағауин. *Шоқан шері.*)

САТЫЛЫ КӨП БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Бағыныңқы сөйлемдері басыңқымен тікелей байланыспай, өзара біріне-бірі бағынып барып құрмаласқан сабақтастың түрін сатылы көп бағыныңқы сабақтас дейміз.

Мысалы: *Көл бетіндегі сырғанақшыларға бармақ болып, Асқар үйден шыққан соң, Айбала шай қоюға кірісті. (С.М.)*

Бұл сабақтастағы алғашқы бағыныңқы сөйлемді тікелей басыңқы сөйлеммен байланыстыруға болмайды, өйткені ол *Асқар үйден шыққан соң* деген бағыныңқы сөйлеммен мағыналық қарым-қатынасқа түсіп, оның мақсатын білдіріп тұр; тек соңғы бағыныңқы сөйлем ғана басыңқымен байланысып, *Айбаланың қай кезде шай қоюға кіріскенін* (мезгілін) көрсетіп тұр.



58-жаттығу. Сатылы көп бағыныңқы сабақтастарды тауып, көшіріп жазыңдар да, сатылана байланысып тұрғандығын сызбамен көрсетіндер.

1. Егер осы үйде тұрып оқуына тура келсе, кірсе де, шықса да мына қыз көзіндегі өткір шегесін қадап, Жауарға ауыр азап шектірмей қайтсін. 2. Несіп бала беті-қолын шайып, көйлек ауыстырып, Сағиланікіне бармаққа жиналып екеуі қайта шыққанда, Ұрқия бұларға сыртқы табалдырықта бетпе-бет түйісіп қалды. 3. Осыдан бірер жыл бұрын ғана ұжымшар орталығында бой көтерген екі қабатты тамаша ғимарат – жаңа кеңсе үйіне қандай да бір салтанат кезінде, не әлдебір жұмыстарымен соқса, сол кеңсе үйіндей өз еңсесі де көтеріңкі тартушы еді. 4. Қорғасын түстес көздері айналасындағы қалың еттен әрі тереңдеп, бұрын жанына жолдас қып ертпеген бір қатыбастықты тауып алып, сонысымен келген адамды кеудеге қақпақ түрі бардай. 5. Сарыауыз балапандай кішкентай балалары бар оның малды тастамаққа оқталғанда, ақсақалды әкесі кіріп, райынан қайтарғаны туралы әңгімесі Хақназардың әлі есінен кетпеген.

(Ұзақбай Доспанбетов)



59-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, көп бағыныңқы сабақтастың түр-түрін ажыратыңдар.

1. Қолды жиыстырып, әлдеқалай жаудан бөлініп қалған ойраттардың артына түсіп берсек, Қордай асуындағы Көкжырадағы бастаудың басы пырдай болып жатқан өлік. 2. Әкесі жетпіске келгенде, шешесі алпыстан асқанда туған бала, кішкентай бала ма десем, ол қазір он үшке келді, жиырма бестегі жігіттей және бойы Наурызбайдай, тым ірі атан түйедей болып өсті. 3. Қосшы балалар тура жүгіріп, өзіміздің адамдар болмаған соң, аттарын матастырып, байлап жатты. 4. Суы жайылып кеткендіктен, тайдың бақайынан келеді деп, қазақтар өткелді Тайбақай атандырған. 5. Сондықтан да Ерасыл екеуміз ақылдасып, ақыры соғысатыны біз болған соң, торғауыттар орналасып болмай басқымыз келіп еді. 6. Оның себебі Алтайда ойраттар бір кен орнына от қойып, содан ол өрт еніп кетіп, енді орыстар бізге шабуыл жасайды деп те қорыққан.

(Шанырашты Қазыбек бек Тауасарұлы)



60-жаттығу. Мысалдардан көп басыңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, көшіріп жазыңдар да, басыңқы сөйлемдерінің бағыныңқы сөйлеммен қандай мағыналық қарым-қатынаста тұрғандығын (бағыныңқының үстіне сұрауынан жазып) айтыңдар.

1. Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Хандар қалаға қылаған.
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханыма
Қалада тұрып жылаған.

(Жиембет жырау)

2. Жақсы келді дегенше,
Жарық келді десейші,
Жақсылықтың жарығын
Алып келді десейші.

(Мақал)



61-жаттығу. Сабақтастарды түр-түріне қарай ажыратып, талдаңдар.

1. Ой он саққа кетіп, таса-тасаны сығалап, әлгілерді алыстан көздеп жүріп, екі жуан-жуан табыннан алыстап, ауылдарына қайтып бара жатқанын көріп, қатты қуанып қалды. 2. Сарыөзектің қураған даласында пенде халін кескенше, не де болса өз үйінде жүрсін. 3. Жуан-жуан үзеңгіге аяғын шірене тіреп, түйенің үстінде түрегеліп тұрып найзасын серт ұстап, көздері аларып, айналаны тінти шолады. 4. –Құдай-ау, қандай күйге душар қылған сені!? – деп, сыбырлап, ана мұңлық қайтадан еріксіз аузы кемседеп, ыза мен қайғыға булығып, өзін-өзі баса алмай, өксіп-өксіп, үзіліп-үзіліп боздай берді. 5. Тағы бірде қуаныш бойын қайта билеп, не болғанын білмей, жүрегі түскір алып ұшты. 6. Ақыры өз көзімен көріп, бөтен біреу болса, оны анықтап, күдер үзбейінше, көңлі тыныш-тамайтынын ақиқат сезді.

(Ш. Айтматов)

КӨП БАСЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС

Сабақтас құрмалас сөйлем, көп бағыныңқы болғаны сияқты, көп басыңқы да болады. Мұндайда бір бағыныңқы сөйлем сабақтастың құрамындағы екі я бірнеше басыңқы сөйлемге ортақ болып, олардың әрқайсысымен тікелей байланысып айтылады.

«Елімнен Мәскеу жеткенше,

- (1) Жазыла түсіп жол жатыр,
- (2) Көкорай шалғын жер жатыр,
- (3) Асқар-асқар тау жатыр,

- (4) Еңсесі биік дөң жатыр,
 (5) Айдын шалқар көл жатыр,
 (6) Көлден де көп ел жатыр». (Жамбыл)

Бағыныңқы сөйлемі құрамындағы бірнеше басыңқы сөйлемге ортақ болып, олардың әрқайсысымен тікелей байланысқан сабақтастың түрін көп басыңқы сабақтас құрмалас дейміз.

Көп басыңқы сабақтас құрмаласта бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдерімен бір сипаттағы мағыналық қарым-қатынаста болады. Жоғарыда алынған мысалда *елімнен Мәскеу жеткенше* деген бағыныңқы сөйлем басыңқылармен мезгілдік қарым-қатынасқа түсіп отыр.



1-тапсырма: Мысалдардан көп басыңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, көшіріп жазыңдар да, басыңқы сөйлемдерінің бағыныңқы сөйлеммен қандай мағыналық қарым-қатынаста тұрғандығын (бағыныңқының үстіне сұрауын жазып) айтыңдар.

«Рұқсат етсең, әлеумет,
 Тынығып біраз көрейін,
 Демалып тағы сөйлейін,
 Сөйлеттің неге демейін»

(Жамбыл)



2-тапсырма: Сабақтастарды түр-түріне қарай ажыратып, талдаңдар.

1. Әкесінің шешіле сөйлегенін қатты ұнатып, оқимын деген талабына бөгет болмайтынын біліп, Хакім жадырап кетті. 2. Тамақ ішкеннен кейін, қараңғы түсіп кетіп, ол Қалеңдікіне қонып қалған. (Х.Ес.) 3. Енді аттарды оттатып келсем ызың-шу да басылыпты, шамдар сөнген жоқ, терезеден бірер адамның ғана қимылдаған көлеңкесі алыптай зорая байқалады, көтеріңкі шу орнына тұтаса күмбірлеген баяу дыбыс естіледі. 4. Сұрас-тырып көрсем, Омбының вокзалы мен қаласының арасы жырақ екен, екі араға «Ветка» атты пойыз жүреді екен. (С.М.)



Сабақтас құрмалас сөйлемнен өткендерді пысықтау үшін қойылатын сұраулар:

1. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не? 2. Сөйлемнің сабақтас екенін қалай білеміз? 3. Сабақтас құрмалас қандай тәсілдер арқылы жасалады? 4. Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдерді неліктен бағыныңқы және

басыңқы деп бөлеміз? 5. Сабақтас құрмалас неше түрге бөлінеді? 6. Етістіктің шартты райы қай бағыныңқылардың баяндауышы болады? 7. Көсемше қай бағыныңқылардың баяндауышы болады? 8. Есімше негізді баяндауыштардың қайсысы әр түрлі бағыныңқылардың баяндауышы болады? 9. Қандай сабақтасты көп бағыныңқы сабақтас дейміз? 10. Көп бағыныңқы сабақтастар неше түрге бөлінеді? 11. Жарыспалы көп бағыныңқы мен сатылы көп бағыныңқының арасында қандай айырма бар? 12. Көп басыңқы сабақтас жөнінде не білесің? 13. Сабақтаста бағыныңқы сөйлем қалай орналасады? 14. Сабақтас құрмаласқа қандай тыныс белгісі қойылады?

АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен әрі салаласып әрі, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрін аралас құрмалас сөйлем дейміз.

Амантай Серғазыларға ақылдасып еді, Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан, олар ырық бере қоймады.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Олардың екеуінің баяндауышы тиянақты да, біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді.

Баяндауышы тиянақсыз сөйлем бірде аралас құрмаластың бас жағына орналасса, бірде тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналасады. Мысалы:

1. *Күн шығып, ел тұра бастады, – Нұрлан әлі жоқ.* (Ә.Ә.)

Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. *Қорған кезінде топырақ араластырыла тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.* (А.Ханг.)

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Аралас құрмалас кейде төрт жай сөйлемнің құрмаласуы арқылы да жасалады. Мұндайда оның екі жай сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Тиянақсыз сөйлемдер бірде аралас құрмаластың бас жағына бірыңғай орналасса, бірде тиянақты сөйлемдердің арасына орналасады немесе тиянақсыз сөйлем мен тиянақты сөйлемі кезектесе орналасады.

1. *Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.* (С.М.)

Сызбасы: бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. *Дастарқандай қағаздағы шимайда не сиқыр жатқанын Шәрипа мен Нұрбай біле алған жоқ, бірақ дән шығындалу тыйылған соң, екеуі де инженерге ден қойып, оның аузынан шыққан сөз атаулыны бас шұлғи мақұлдады. (Т.А.)*

Сызбасы: **басыңқы**, бағыныңқы, бағыныңқы, **басыңқы**.

3. *Кеген ауданына келгенше, мен де аңшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім. (С.М.)*

Сызбасы: бағыныңқы, **басыңқы**, бағыныңқы, **басыңқы**.

Аралас құрмаластағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі байланысады:

а) *ешбір жалғаулық шылаусыз іргелесіп тұру арқылы:*

Дәннің төгілген жері құмайт екен, сумен араластырып електен өткізгенде, құм түгелімен ағып, дән електе қала береді.

ә) *жалғаулық шылаулары арқылы: Қарттардың айтуынша, ол жаққа ешкім барған емес, сондықтан бұрынғы жолы өшіп, тек сорабы қалған. (С.М.) Бұлар үйге кіргенде, түн ортасы жуық еді, бірақ Дәурен мен Айжан әлі жатпапты.*



62-жаттығу. Аралас құрмалас сөйлемдерді құрамына және бағыныңқы жай сөйлемдерінің орналасу тәртібіне қарай талдаңдар.

1. Ондай мәнгүрттерді: «Кәне, басындағы түйенің терісін сыпырып алып тастайық», – деп қорқытсаң, ол үшін бұдан асқан азап жоқ, жабайы жылқыдай жұлқынып, басына ешкімді жолатпайды. 2. Саудагерлерден әйел әлгі мәнгүрт туралы егжей-тегжейлі сұрап көрмекші болды да, сол естігеннен артық хабар білудің өзінен қорқып кетіп, тілін тістей қойды. 3. Наймандардың бірі ә дегеннен-ақ садақтың жебесі тиіп мұрттай ұшты, атының басын бұрып, өз тобына әрең жетіп, гүрс етіп жерге түсті. 4. Ұзын тірсек, бедеу інгеннің табаны серіппелі, әлі де жас малдың табаны мұнала қоймаған, қос өркеші тіп-тік, әдемі кір мойын, қырым етсіз келісті бас, сау желгенде екі танауы көбелектің қанатындай желпілдеп, ауаны қомағайлана тарататын Ақ інгеннің құны тұтас бір кемеге барабар еді. (Ш.Айтматов)



63-жаттығу. Аралас құрмаластарды тауып, ондағы жай сөйлемдердің байланысу жолын айтып беріңдер.

1. Қасиет сыртта бөлім бастығы Ақрам ағаға жолығып, өз ойын айтып еді, ол басын шайқап:

–Күйгенде сен сияқтылардан күйдім, шырағым, мен шеше алмаймын мәселенді, директордың өзімен сөйлесіп келіс те, кете бер. Қайда көңілің қаласа, төрт жағың құбыла! – деп қолын сілтеп асығыс ісіне кетіп қалды.

2. Есіктің сырт жағында, вагонның екінші жартысында жазу машинкасын тықылдатып отырған хатшы қызды айқайлап шақырып алып:

–Маған бас есепшіні шақыр! – деп бұйрық берді де, шылымын от алдырып, түтінін будақтата бір-екі сорып алды. (С.Бұхар.)

3. Егер Сағит аман жетіп, хатты қолына тапсырса, (ол) қандай жағдайда жазғанымды ауызша да айтар, дегенмен, болған хәлді қысқаша баяндай кетейін. (С.М.)

АРАЛАС ҚҰРМАЛАСТЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

Аралас құрмаластағы жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгісі, негізінде, салалас пен сабақтас құрмаласқа қойылатын тыныс белгілерінен құралады.

1. Егер араластың құрамында ыңғайлас мәнді жай сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады.

Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең (Абай)

2. Араластың құрамында қарсылық мәнді сөйлем болса, ол басқаларынан үтір және сызықша арқылы айырылады.

Жүсіп сөйлемекші еді, – **оны жұрттың ду көтеріле шапалақтаған қолы бөліп**, бірсыпыра уақытқа шейін сөйлетпеді.

3. Араластың құрамында іліктес мәнді не себеп-салдар мәнді сөйлемдер болса, олар басқаларынан қос нүкте я сызықша арқылы айырылады.

Ақбозға сол күні өмірінде бітпеген шабыс пайда болған сияқтанды: төрт тұяғымен жердің топырағын уыстай аспанға атып зымырағанда, көлденеңнен көзі түскен жұрт оны ұшып барады екен деп ойлады. (С.М.)

4. Аралас құрмаластағы жай сөйлемдер өзара жалғаулық шылаулар арқылы байланысса (**және** шылауынан басқасы), араларына үтір қойылады.

Түндегі боран таң ата ашылып, жел тынды да, Алматы өлкесінің маужыраған бір әдемі күні басталды. (С.М.) *Хаттың бас жағын оқығанмен, сонда айтылған сөздің ешқайсысын толық ұғына алған жоқ еді, өйткені не екенін, не қып отырғанын өзі де түсіне алмай отыр еді.*



64-жаттығу. Өлең жолдарынан құрмалас сөйлемді табындар да, оның мағыналық түрлеріне қарай ажыратындар.

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен,
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен.
Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар, бал ма екен,
Бұл ғаламда сенен артқан сірә, біреу бар ма екен?

Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сенбеймін,
Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен мейлің.
Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде,
Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін...

(М.Мақатаев. Аманат)



65-жаттығу. Берілген сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлемді табындар да, оның жасалуы мен тыныс белгілеріне мән беріңдер.

1. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайрылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. 2. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре береді де, біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие түседі. 3. Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі, тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі.

(Ыбырай Алтынсарин. Әке мен бала)



66-жаттығу. Берілген сөйлемдерден төл және автор сөздерінің жасалу жолы мен тыныс белгілерінің қойылуына назар аударындар.

1. Не деген өнегелі бала едің! – деді жолаушы. 2. – Есімде жүрсін, – атың кім? 3. Сол кісіні шақыр, – деді, – кетсін, – деп, – үйіміздің дәм-тұз татып. 4. Мен бұдан артық қуаныш бар демеімін, – деді қатты толқығанын жасырмаған Жазира. 5. Сен осыны қорықпай айт, – деді де, кетуге рұқсат еткен ишарат білдірді. 6. – Бірінші келген желаяққа заттай сыйлық дайын, – деп сайыстың демеушісі жарысқа қатысушыларды ынталандырды. 7. – Бұл мәтінді қалай меңгердің? – дедім таңданған мен. 8. – Сен осының бәрін түсіне алдың ба? – деп сұрады сабырлы ұстаз. 9. Мен келдім, – дедім күндегі әдетіммен есікті ашып еркелей.

ТӨЛ СӨЗ, ТӨЛЕУ СӨЗ



ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗ ЖАЙЫНДА ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Сөйлеуші тек өзі ғана сөйлей бермей, өз сөзінің ішінде басқа біреудің де айтқанын, сөйлегенін келтіреді. Мысалы: *Балаларға онша иланбай, қарттың сұрағыштай бергенін байқап, артта Сәтенмен әңгімелесіп келе жатқан Байсал:*

– *Жақа, біздің балалар қолға алса, іс осылай тез бітеді,* – деді. (М.И.) *«Ғылым таппай, мақтанба»,* – дейді Абай.

Алғашқы мысалда сөйлеуші өз сөзінің ішінде Байсалдың Жақаға айтқан сөзін келтірсе (*Жақа, біздің балалар қолға алса, іс осылай тез бітеді*), соңғы мысалда Абайдың айтқан ақыл сөзін (*Ғылым таппай, мақтанба*) келтірген.

Біреудің сөзі екі түрлі жолмен беріледі: а) *ешбір өзгеріссіз, дәл сол айтылған күйіндегідей жеткізу*; біреудің сөзінің мұндай жолмен берілуін **төл сөз** дейді. Жоғарыда келтірілген екі мысалда да біреудің сөзі төл сөз түрінде беріліп тұр; ә) *сөйлеуші тарапынан өзгеріске ұшырап, біреудің сөзінің тек мазмұнын ғана сақтап жеткізу*. Мысалы, жоғарыда Байсал айтқан сөзді мына түрде де жеткізуге болады: *Байсал Жақаға өздерінің балалары қолға алса, істің осылай тез бітетіндігін айтты*. Абайдың ақыл сөзін былайша жеткізуге болады: *Абай ғылым таппай мақтанбауды айтты (ғылым таппай мақтанбау жөнінде айтты)*. Біреудің сөзінің мұндай жолмен берілуін **төлеу сөз** дейді.

Төл сөзді болсын, төлеу сөзді болсын, жеткізуде оларға жанама түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзін автор сөзі дейді. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы балаларға онша иланбай, қарттың сұрағыштай бергенін байқап, артта Сәтенмен әңгімелесіп келе жатқан Байсал... **деді; дейді** Абай дегендер – автор сөздері.

Ауызекі сөйлегенде, төл сөз автор сөзінен дауыс ырғағы арқылы бөлініп тұрса, жазуда олардың арасы тыныс белгісі арқылы ажыратылады. Ал төлеу сөз ауызекі сөйлегенде болсын, жазуда болсын, автор сөзінен ажыратылмай, біртұтас сөйлем құрамына енеді.

Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
– Бұл бала – менің қарындасым, – деді Кенжетай, Асқардың сұрағысы келгенін біліп. – Бұл үйдің жаны нешеу? – деді Итбай, сөз бастау үшін. (С.М.)	Кенжетай Асқардың сұрағысы келгенін біліп, бұл бала өзінің қарындасы екенін айтты. Итбай сөз бастау үшін, бұл үйдің жанының нешеу екендігін сұрады.

Осы мысалдағы төл сөздер: *Бұл бала – менің қарындасым; бұл үйдің жаны нешеу?*; төлеу сөздер: *бұл бала (ның) өзінің қарындасы екендігін; бұл үйдің жанының нешеу екендігін*. Төл сөздегі автор сөздері: *деді Кенжетай, Асқардың сұрағысы келгенін біліп; деді Итбай, сөз бастау үшін*; төлеу сөздегі автор сөздері: *Кенжетай Асқардың сұрағысы келгенін біліп... айтты; Итбай сөз бастау үшін... сұрады*. Алғашқы мысалда төл сөз автор сөзінен үтір және сызықша арқылы бөлінсе, екінші мысалда сұрау белгісі мен сызықша арқылы бөлініп тұр. Төлеу сөз бен автор сөзінің арасында ешқандай тыныс белгілері жоқ, демек, олар өзара тыныс белгілерімен ажыратылмайды.



67-жаттығу. Берілген мысалдардан төл сөзді өз алдына, төлеу сөзді өз алдына топтап жазындар да, төл сөз бен төлеу сөздің астын түзу сызықпен, автор сөзінің астын ирек сызықпен сызып, олардың жігін көрсетіндер.

1. «Жан балам, аман-есен келдіңдер ме», – деп өзін қоярға жер таппай жүр. 2. «О, тоба, үйге айды әкелдің бе, күнді әкелдің бе, тіфәй-тіфәй, көзім тимесін», – деп те қояды. 3. Шақшам елі Байтулы бабамыздың алты ұлынан тараған ұрпағы деседі. 4. Осы кезде: «Көке, «Алтыншаш» әнін орындап жіберіңізші», – деп Нұрман домбыраны қолына ұстата берді. 5. Сол кезде: «Қуаныш құда, бұл әннің шығу тарихы бар сияқты ғой», – деп, үй иесі Тоқтыбай сөзге араласты. 6. Осы келісім бойынша Қасым екеуі кеш түсе аттанғандығын айтты. 7. Қасымның әкесі екеуімізді оңаша шақырып, жағдайдың біз ойлағандай емес екендігін ескертіп, біраз қиналған жағдай білдірді. (*«Нұрлы жол» газетінен. Қ. Сманов*)



68-жаттығу. Берілген төл сөзді төлеу сөзге айналдырындар.

1. Сол жылы көрген құлпытастағы әлгі жауқазын қыз жәудірей түсіне кіріпті:

- Ата, ата, маған гүл беріңізші.
- Қандай гүл? – дейді бұл түсінбей.
- Даланың, даланың гүлі, – дейді қыршын жас.

Оянып кетті. Ертеңіне жас қабірге қолы қалтырай отырып даланың гүлін апарып қойды. 2. – Әй, Әлімбай, айтшы ана ұлыма, мені босатсын. Мені шынжырлап тастады ғой, – деп жалбарынады. 3. Имене бұрыла берді де, жүзіне қарап еді, түсі суық жан жымыш:

– Жазира, мен сенің әкеңді танымын. Әкеңнің сәлемдемесі бар. Біз ана жақта бірге болдық, – деді. 4. Селт ете қалған анасы:

– Жаратқан-ау, жарығым-ау, не дедің, апа деші, апа деші? – деп қайталай берді. 5. Абдурахым досының сөзі ойына қозғау салып еді. Сақал-шашын алдыруға келген ол:

– Шебер, қолыңыз гүл ғой, саусағыңыздың тиген жері жайнап шыға келеді. Міне, адамды қайта туылғандай жасартып қойдыңыз, – деді қошеметтеп. (З.Жантасова. «Сағыныш» кітабынан.)



69-жаттығу. Берілген мысалдан төл сөзді табындар да, оның тыныс белгілеріне мән беріндер.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Қарға ұшып жүргенде жерде жорғалап бара жатқан құртты қарап, тұмсығымен тістеп алып ұшып кетті. Құрт байғұс істің жаманға айналғанын біліп:

– Әй, қарға батыр, әке-шешенді де көріп едім, асқан жақсы құстар еді, – деді.

Қарға тәуір көріп, тұмсығымен «уһ!» деді.

– Апа-ағаларыңды да білуші едім, – деді құрт.

Қарға тағы «уһ!» деді.

– Бірақ соның бәрі де сенен жақсы емес еді, – деді.

Сонда қарға масаттанып «аһ!» дегенде, аузы ашылып кеткен соң, құрт жерге түсіп кетіп, құтылады дейді.

(«Таза бұлақ» жинағынан)

ТӨЛ СӨЗ ЖӘНЕ АВТОР СӨЗІ

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде біреудің айтқан сөзін ешбір өзгертпей, сол айтылған күйінде беруін төл сөз дейміз.

Мысалы: *Дина бір сөзінде Асанға: «Талабың бар екен, бір-ақ талап – әлі өнер емес», – деген болатын. (С.Бақб.)* Осы мысалдағы *Талабың бар екен, бірақ талап – әлі өнер емес* деген сөздер – *Динаның өз аузынан шыққан төл сөзі; мұны сөйлеуші сол айтылған күйінде жеткізіп отыр.*

Төл сөзбен байланысты айтылған сөйлеушінің өз сөзін автор сөзі дейміз. Жоғарыда алынған мысалдағы *Дина бір сөзінде Асанға... деген болатын* деген сөз – автор сөзі: мұнда сөйлеуші төл сөзді кім айтқаны (*Дина*) және кімге қаратып айтқаны (*Асанға*) жайында түсінік береді.

Төл сөз бен автор сөзі *де* көмекші етістігі арқылы байланысады, ол үнемі автор сөзінің құрамында болады және *деді, дейді, деп, деген, деген екен (болатын), дей жаздады, дегендей* т.б. тұлғада тұрып қолданылады. Мысалы:

1. – *Алғың келген костюмнің бағасы қанша екен?* – деп сұрады әкем, ақырын сөйлеп. 2. – *Мен дәрігер болмаймын, әке, ұшқыш боламын, дедім зордың күшімен айтып.*

3. М. Жұмабайұлы: *«Сылдыр-сылдыр сылдырап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады»,*

– деп, толқынға жан бітіреді. (*Ж. Аймауытов*)

Төл сөздің мазмұны автор сөзінің ыңғайына қарай біреудің айтқан сөзі ғана емес, оның ойлаған ойы, айтуға оқталған сөзі де болып келеді. Мысалы: *«Бұл жақта күн қандай салқын! Алматы қазір күйіп тұрған болар»,* – деп ойлады мектеп директорын күткен *Жақыпбек терезеден тысқа көз жібере отырып.* (*М.И.*) Бұл мысалда *Жақыпбектің* айтқан сөзі емес, ойлаған ойы төл сөз түрінде берілген. *«Еркем, не қып тұрсың?»* – деп қала жаздаған *Айбала аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды.* (*С.М.*) Мұнда *Айбаланың* айтпаған, бірақ айтуға оқталған сөзі берілген, солай бола тұрса да, бұл да төл сөз.



70-жаттығу. Көшіріп жазып, төл сөз бен автор сөзін ажыратыңдар, олардың арасын байланыстыру үшін *де* етістігінің қалай түрленіп қолданылып тұрғандығын айтыңдар және автор сөзінің ыңғайына қарай төл сөз айтылған сөз түрінде ме, ойланған ой түрінде ме, болмаса айтуға оқталған сөз түрінде ме, соған түсінік беріндер.

1. – *Мынау отырған сендерге салық!* – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. 2. – *Көзің жетсе, мейлің, білсін,* – дей салды да, ойдағысын ішке бүгіп қалды. 3. *«Терген алып, білгеніңді қыл»* дегенді, аяқтап келгенде, әрқайсысы да бір-бір қайғырған-ды. 4. Әсіресе, оның *«шын болғанда»* деген босаң тастаған жерін ұстады да: – *Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?..* – дей беріп еді,

Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті. 5. Бұдан екі ай бұрын зықысы әбден шыққан ел Бөкейді салып, Құнанбайдан: «Майбасарды орнынан түсір» деп тілеп еді. 6. Есік ашылған жерден Абайды көрді де, ақырын дауыспен: – Абай, бері кел, мұнда кел... – деді. (М.Әуезов. «Абай жолы»)



71-жаттығу. Берілген сөйлемдерден төл сөз бен автор сөзін ажыратып, оның өзіндік ерекшеліктерін анықтандар.

1. – Ендеше жүр, сол досыңа барайық, – деді Махамбет. 2. Алаша шалға Махамбет әлгі жерде: – Алтай биге айтайын, малыңды алып бер дейін, ағайының көнсе. Ол да бер кердең, – деді де, шалмен ертең тағы осы жерде жолықпақшы болды. 3. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны істейсін» деген қаршадайынан Астраханда ақ патшаның өзі қойған үлкен кәкімінің үйінде тәрбиеде болған Жәңгір сонда көргенін істеді. 4. Бөкейдің Жәңгірінен қайыр жоқ енді, – деді Исатай. 5. Сары бәйбіше жақын көрші үйдің адамдары мен есіктегі қызметшілеріне: – Мырза жігіт ханның шаруасымен жүрген көрінеді. Шаршап келіпті, үстіне барғыштап, мазасын алмандар, – деп кеткен. 6. – Сұлусың өзің, сайтан, – деп Шыңғали тағы күлді.

(Б. Аманшин. Махамбеттің тағдыры)



72-жаттығу. Берілген төлеу сөздерді төл сөзге айналдырындар.

1. Момын бұғы жамандық қорқақтықтан екендігін сөйледі. 2. Жамандықтың иесі жылан дүниеде жамандықтың бірі қара жүректіктендігін айтты. 3. Көк кептер жамандықтың бәрі аштықтан емес, бәлкім махаббаттан екендігі туралы сөйледі. 4. Қарға жамандықтың бәрі аштықтан екендігі жөнінде сөйледі. 5. Олар дүниеде жамандық неде екендігі туралы әңгімелесті.

(Ы. Алтынсарин. Дүниеде жамандық неде?)

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ

Төл сөз бен автор сөзінің өзара орналасу тәртібі төрт түрлі:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы:

– Шайыңды даярлайын, босатшы, еркем! – деді Айбала Ботагөздің қолын мойнынан жазып, бетінен сүйіп. (С.М.)

2. Төл сөз автор сөзінен кейін орналасады. Мысалы: Қазақ ақындарында Шәңгерейдің суретшілігі, сөз күші Мағжанға жақын келеді:

«Қўйрық атып қўлия,
Түлкідей қашқан жымия.
Қаранды үзіп барасың

Бізден де қайран дүния!, – деп толғайды Шәңгерей. (Ж.Аймауытов)

Төл сөз автор сөзінен кейін орналасқанда деп етістігінің қатысуы онша қажет емес, автор сөзінде төл сөзге нұсқайтындай былай деді дегеннен басқа, мынаны айтты, мынадай сұрақ қойды, үн қатты, бір сөз айтты деген сияқты сөздер тобы болады.

Мысалы: Қайтып келе жатқанда, апам маған мынаны айтты: «Аш күзен өте ашқарақ. Өзі жас еттен басқа түк жемейді. Кездесе қалса, қасқырдың да кеңірдегіне жабысады» (М.Тиесов)

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасады. Мысалы: Қайырбек Баршагүлге таянып: «Қазір ауылға қайтар болсаң, біздің Жаңа қалаға соға кетші, қалқам», – деп күбір ете түсіп, шығып кетті. (Ғ.С.)

4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасады. Мысалы:

– Әй, Сыреке-ай, – деді Естай риза болған дауыспен, – жақсы адамсыз-ау, Сіз! Не деген жүрегіңіз махаббатты адамсыз! (С.М.)

Көркем шығармада төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібінің көп құрамды түрлері де кездеседі. Мысалы: Тыртық оны баяндамақ болып еді:

– Әуелі оқып алайық та, жолдастар, – деді Айбарша, – күні бұрын мазмұнын айтып қойса, қызығы болмайды. (С.М.) Мұнда автор сөзі төл сөздің басында әрі ортасында келген. Тоғайдан өтісімен, Ербол барлық жайды тез аңғарды:

– Бәрекелді, мына қызықты қара! Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр! – деп, тоқтай қалды да: – Ойбай, жақсы болды! Тура барайық! – деп еді, Абай аттың басын іркіп, тоқтап қап:

– Тұра тұр, – деді. (М.Ә.) Мұнда төл сөз бен автор сөзі жеті бөліктен құралып, өзара кезектесіп орналасқан.

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібінің сызбасы:

1. төл сөз – автор сөзі.
2. автор сөзі – төл сөз.
3. автор сөзі – төл сөз – автор сөзі.
4. төл сөз – автор сөзі – төл сөз.
5. Көп құрамды түрі:
 - а) автор сөзі – төл сөз – автор сөзі – төл сөз;
 - ә) төл сөз – автор сөзі – төл сөз – автор сөзі т.б.



73-жаттығу. Берілген суретке қарап диалогқа құрылған мәтін түзіндер. Автор сөзі мен төл сөздердің тыныс белгілеріне мән беріндер.



74-жаттығу. Оқып шығып, төл сөз бен автор сөзінің қалай орналасқанын байқандар; содан кейін оларды орын тәртібінің ыңғайластығына қарай топтап жазындар.

1. –Апа-ау, шашуың қайда?–деп Жамалтайға дүрсе қоя бергендей сөйледі. 2. Бірақ Айжан сонда да қайрат тапты:

–Мен неге қамығайын?– деді Жазылбайға етті жүзін бір бұрып қойып.

3. –Иә, жарандар, біз мұндаймыз, ал сіркесі су көтермей отырғандар қаншалық,– деген Жазылбайдың күрсіністі сөзі бәрінің көңіл түйсігімен дәл барып қауышқандай. 4. Бірдеме айтпаққа Хакім бет-аузын да тыржитып үлгерген жоқ, Жамалтайға оның қасындағы Несіпбала көмекке келді:

–Құдай-ау, Жамалтай-ау, бұл құртты Хақназардың өз үйінен алғанымызды айтпасақ, атаң өлетін бе еді? 5. Түрі адам танығысыз айғыздалып кеткен Хақназар:

–Мына кісінің де бетінен сүй!– деп бұйыра сөйледі. 6.–Өзің үй күшік болғасың ба? Үйден шықпайсың ғой. Мен сені бағанадан бері күтіп тұрмын. Айналайын, сен жігітсің ғой–қаяз Жауарды аймалап баурына қысты. 7. Хақаң оның емеурінін айтқызбай-ақ ұғып отыр екен:

(Ұ. Доспанбетов)



75-жаттығу. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібінің сызбасына сөйлем құрастырырлар.

Үлгі: автор сөзі – төл сөз – автор сөзі – *Тәрде шылым тартып отырған Шыңғали:* – *Қарай гөр өзің,* – *деп сүйкімсіз жымыып күлді.*

1. Төл сөз – автор сөзі – төл сөз – автор сөзі.
2. Төл сөз – автор сөзі.
3. Төл сөз – автор сөзі – төл сөз.
4. Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі – төл сөз.
5. Автор сөзі – төл сөз.
6. Автор сөз – төл сөз – автор сөзі.

ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Жазуда төл сөз автор сөзінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөздің тыныс белгілері автор сөзі мен төл сөздің орын тәртібіне және төл сөзді сөйлемнің хабарлы, сұраулы және лепті болуына қарай әр түрлі қойылады.

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз тырнақшаға алынады не оның алдынан сызықша қойылады да, төл сөз бас әріптен басталып жазылады. Соңына, егер ол хабарлы сөйлем болса, үтір, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі, лепті сөйлем болса, леп белгісі қойылады да, одан кейін, автор сөзінің алдынан сызықша қойылады.

Мысалы:

- 1) *«Білмегенді біле бер», – деді Шәкәрім Құдайбердіұлы.*
- 2) *– Сүтті көп алудың шарасы туралы сөз сауыншы Соқатаеваға беріледі, – деп, Сағила әдейі ресми қалыпқа көшіп, асыға жариялады. (М.И.)*
- 3) *– Осы араға тоқтайсың ба? – деді Шауыпкел. (С.М.)*
- 4) *– Бақытыңнан айналдым, балаша қуанған ақ ботам! – деп Дәмет бәйбіше өз қуанышын көз жасымен білдірді. (Ғ. Мұст.)*

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады, одан кейінгі төл сөз тырнақшаға алынады не алдынан сызықша қойылады. Мысалы:

- 1) Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деді: *«Білмегенді біле бер».*
- 2) *Міржақып Дулатұлы былай деді:*
– Білмеске сөзің қор боп кетер деген. (М. Дулатұлы)

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасса, бірінші және екінші тармақтарда көрсетілген тыныс белгілері түгел қатысады. Мысалы:

- 1) *Мағжан Жұмабайұлы қазақ тілі туралы: «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім», – деді.*

2) *Қара шоқыны бөктерлеп, ай маңдай аттың жол жоргасы мен жүріп отырып, Абай:*

– *Шыңғыстың бөктері тегіс көктемті-ау!* – деп, айналаға көз жіберіп келе жатты.

4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің алды-артынан тыныс белгілері былай қойылады: а) автор сөзінің алдынан да, соңынан да үтір және сызықша қойылады, мұндайда төл сөздің екінші бөлігі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: *«Ғылымды пайдаланып отырса да, – деді Ахмет Байтұрсынұлы, – сезбейтін сол пайдасын надандар бар».*

– *Апа, – деді Асқар, – саған не болған? Кенжетайды үйге апарайық.* (С.М.) ә) төл сөздің соңғы бөлігі дербес сөйлем болып, бас әріптен басталып жазылса, автор сөзінің алдынан үтір мен сызықша (немесе сұрау я леп белгісі мен сызықша) қойылып, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Мысалы:

– *Маған салсаңыздар, мен Сәтбаев жолдасты қолдап көмектесуге әзірмін, – деді Деев. – Сәтбаев мәселені кең ойлап, жыраққа көз тастап отыр.* (М.Қар.)

5. Төл сөздің көп құрамды түріне жоғарыда көрсетілген түрлерінің тыныс белгілері, әсіресе, *автор сөзі – төл сөз – автор сөзі* және *төл сөз – автор сөзі – төл сөз* орын тәртіптеріне байланысты тыныс белгілері қойылады; төл сөз ортасындағы автор сөзі тиянақсыз болып, одан кейін төл сөз дербес айтылатын сөйлем болғанда, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Мысалы:

– *Бұл вальс қой өзі?* – деп, Әбіш тағы біраз ойланды да: – *Атына қарағанда, бір сезікті орыннан естілген күй сияқты ғой,* – деп, Мұқанның жүзіне күле қарады. – *Қайдан үйренгенсің?* (М.Ә.) Бұл мысалда *деп, Әбіш тағы біраз ойланды да* деген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылған, өйткені бұл автор сөзі тиянақсыз және одан кейінгі төл сөз бас әріптен басталып тұр.

6. Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз айтылса, алғашқысының алдынан сызықша қойылады да, соңғысы тырнақшаға алынады. Мысалы: *Кейде әжем маған:*

– *«Ақыл арымайды, алтын шірімейді» деген, ақылды бол, балам, – дейді.* (С.О.) Мұнда алғашқы сызықша төл сөздің бәріне қатысты болса, тырнақша тек мақалға ғана қатысты.

7. Біреудің айтқан сөзі мен ойлаған ойы немесе айтқан сөзі мен айтылмақшы сөзі қатар келсе, айтқан төл сөзінің алдына сызықша қойылады да, ойлаған ойы не айтылмақшы болған төл сөзі тырнақшаға алынады. Мысалы:

– *«Мынау менің өзімді де танып тұрған қу ғой! Барлық ауылдың атын білгенде, мені де талай көрген шығар?»* – деп ойлайды да Әбдірахман күліп:

– *Қария, отырыңыз. Мен Сүгірбай аулынікімін, – деді. (Х.Ес.)*

Автор сөзі құрмалас сөйлем болып, оның төл сөзді бөлігі деп, десе, дегенде, деді, дейді деген формалармен аяқталса, олардан кейін үтір қойылады. Мысалы:

– *Қандай іс? Сөйлеші!* – деп, Абай да жігітке қадала қарап тұр. (М.Ә.) – *Төлқұжатынан оқи бер,* – деді де, Жәнібек төлқұжаттарды ұсынды. (Ғ.Мұст.)



76-жаттығу. Көшіріп жазып, төл сөзге байланысты тиісті тыныс белгілерін қойыңдар да, олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. Ол кісі оңашада Ауылды бүлдіріп болды, ол жаққа барса не болар екен? деп құлаққағыс жасап еді. 2. Кететін күні таңертең сен киімдеріңді реттеп, екі сағаттан кейін әуежайға бар, мен сол жерде күтемін деп шығып кетті. 3. Беті қисық сол шіркіннің несіне қызығады екен? деп беттерін шымшып, көгертіп алғандары да бар. («Нұрлы жол» газетінен)



77-жаттығу. Берілген төл сөзді сөйлемдерді әуелі көшіріп жазып, тыныс белгілерінің қандай жағдайда (төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібіне байланысты) қойылғанына көңіл аударыңдар; содан кейін төл сөзді сөйлемнің әрқайсысын орын тәртібіне қарай өзгертіп, соған сәйкес тыныс белгілерін қойыңдар.

Үлгі: «Оқу оқы, өнер тоқы», – деді Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұт былай деді: «Оқу оқы, өнер тоқы». «Оқу оқы, – деді Сұлтанмахмұт, – өнер тоқы». – Оқу оқы, өнер тоқы, – деді Сұлтанмахмұт (Ә.Т.)

1. – Ендігі байлық менің не теңім! – деді аңшы ауыр күрсініп. 2. Қараман қарсы жүріп, шалды сүйемелдеп аттан түсірді. Байсал ауыз жаппай сөйлеп жүр:

– Тастабандап неғып алдың! Өне келеді, міне келедімен сені күте-күте, кемпір екеуіміздің көзіміз талып, көңіліміз қорықты!

(Ә. Асқаров. «Ерте түскен бозқырау» кітабынан)

ТӨЛЕУ СӨЗ



ТӨЛ СӨЗДІ ТӨЛЕУ СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРУ ЖОЛДАРЫ

Біреудің сөзінің автор тарапынан өзгеріске ұшырап берілуін төлеу сөз дейміз.

Біреудің сөзі төлеу сөз түрінде берілгенде, бастапқы сөйлемдік қасиеті жойылып, автор сөзімен тұтасып айтылады. Мысалы: *Жолаушы бала Украинаның астанасы Киев қаласынан шығып, Рузаев ауданының «Бірлік» ұжымшарында тұратын комбайншы ағасына қонаққа келе жатқанын айтты. (Н.Ғабд.) Бұл сөйлемдегі төлеу сөз – Украинаның астанасы Киев қаласынан шығып, Рузаев ауданының «Бірлік» ұжымшарында тұратын комбайншы ағасына қонаққа келе жатқанын; автор сөзі – Жолаушы бала... айтты. Егер төлеу сөзді төл сөзге айналдырсақ, былай болар еді:*

Жолаушы бала: «Украинаның астанасы Киев қаласынан шығып, Рузаев ауданының «Бірлік» ұжымшарында тұратын комбайншы ағама қонаққа келе жатырмын», – деді. Мұнда төлеу сөзбен салыстырғанда мынандай өзгерістер бар: 1) төл сөз – дербес сөйлем болып айтылады; 2) оның баяндауышы жіктік жалғауының I жағында тұр; 3) төлеу сөзде *ағасына* болып, тәуелдіктің III жағында айтылса, төл сөзде *ағама* болып, тәуелдіктің I жағында айтылып тұр; 4) автор сөзінде *«айтты»* дегеннің орнына *деді* қолданылған.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда, негізгі өзгеріс төл сөздің тұрлаулы мүшелерінде болады; екіншіден, бір жақтың орнына екінші бір жақ айтылады; үшіншіден, автор сөзіндегі *де* етістіктің орнына *айт, сөйле, сұра, бұйыр* деген сияқты етістіктердің бірі айтылады.

1. Төл сөздің баяндауышы етістіктің ашық райынан болса, төлеу сөзде ол сәйкес шақтағы есімшеге айналып, оған **-дық/-дік жұрнағы, тәуелдік және табыс септігі** жалғаулары жалғанады да, толықтауыш болады.

Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
– Ұжымшаршылардың жалпы жиналысы болады, – деді Рамазан. (Н.Ғабд.) Баяндауышы – болады (ауыспалы келер шақ)	<i>Рамазан ұжымшаршылардың жалпы жиналысы болатындығын айтты.</i> <i>Болатындығын</i> – толықтауыш (ауыспалы шақ)
– Биыл біздің бөлімшеде жеті жұмысшының өнертапқыштық ұсынысы өндіріске енгізілді, – деді Рашида Байғарина, сұрағымызға жауап беріп («Қ.Ә.») Баяндауышы – енгізілді (жедел өткен шақ)	<i>Рашида Байғарина сұрағымызға жауап беріп, биыл өздерінің бөлімшесіне жеті жұмысшының өнертапқыштық ұсынысы өндіріске енгізілгенін айтты.</i> <i>Енгізілген</i> – толықтауыш (есімшенің өткен шағы)

2. Төл сөздің баяндауышы етістіктің **бұйрық райынан** болса, төлеу сөзге ол тұйық етістікке айналып, оған **табыс** не **барыс** септік жалғауы, болмаса **туралы, жөнінде, жайында** шылауларының бірі қосылып айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
– Амандық, сен далаға ойнап кел, – деді Шолпан. Ол: « Ертең Амандық сабақтан қалмасын », – деп тапсырма берді. (Ж.Жұм.)	<i>Шолпан Амандыққа далаға шығып, ойнап келуді бұйырды.</i> <i>Ол ертең Амандықтың сабақтан қалмауын айтып, тапсырма берді.</i> <i>..... сабақтан қалмауы туралы тапсырма берді.</i>

3. Төл сөздің баяндауышы есім сөздерден не тұйық етістіктен болса, төлеу сөзде ол сөзге жалғас **екенін** деген көмекші етістік айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
— Сенің есімің кім? – деп сұрады ол, оң жағында тұрған қызыл көйлекті, қалың ерінді сары баладан. – Тайжан? – деді ол, даусын соза сөйлеп. (Н.Ғабд.)	<i>Ол оң жағында тұрған қызыл көйлекті, қалың ерінді сары баладан оның есімінің кім екенін сұрады.</i> <i>Ол дауысын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты.</i>

4. Төл сөздің бастауышы төлеу сөзде ілік септік жалғаулы анықтауышқа айналады.

Төл сөз	Төлеу сөз
– Әдейі амандасқалы келдім, – деді Сәбит. («Атақты адамдар өмірінен».)	<i>Сәбит әдейі амандасқалы келгенін айтты.</i>

5. Төл сөзде белгілі бір жақта тұрған сөз (I не II жақ) төлеу сөзде автор тарапынан басқа бір жақта тұрып айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
– Ертең халық іздейді ғой, Сәбит не тастап кетті екен деп, – деді Сәбит Мұқанұлы («Атақты адамдар өмірінен».)	Сәбит Мұқанұлы ертең халық Сәбиттің не тастап кеткенін іздейтінін айтты.
– Сен әуелі менің қонағым боласың! – деп, Ғалымжан иығын қомпайтты. (Н.Ғабд.)	Оның әуелі өзінің қонағы болатындығын айтып, Ғалымжан иығын қомпайтты.

Бұл мысалда төл сөзде белгілі бір жақта тұрған сөз төлеу сөзде төмендегіше өзгеріске түсіп айтылады:

Төл сөз	Төлеу сөз
Мен сізге келдім	Өзінің оған келгендігін
Сен менің қонағым боласың	оның өзінің қонағы болатындығын

6. Төл сөз сұраулы сөйлем болып, оның құрамында сұрау есімдігі болса, төлеу сөзде сұрау есімдігі сол күйінде сақталады; егер сұраулы сөйлем **-ма/ -ме** сұрау шылауы арқылы жасалса, төлеу сөзде шылаумен айтылған сөз болымды-болымсыз түрде не антоним түрінде қосарланып айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
– Қалтай, сен жетіншіні қалай бітірдің? – деп Гүлнәр кенет сұрау берді. (Н.Ғабд.)	Гүлнәр Қалтайға оның жетіншіні қалай бітіргендігі жөнінде кенет сұрау берді.
– Сіз «Авангардтағы» Ким Самды білесіз бе? – деп сұрады бір ретте ол. (Ы.Жақаев.) Сойдақ тіс, жалақ ерін жас жігіт үйге кіріп: «Осында Бәкен ұста бар ма?» – деді. (Ғ.М.)	Бір ретте ол менен «Авангардтағы» Ким Самды білетін, білмейтіндігімді сұрады. Сойдақ тіс, жалақ ерін жас жігіт үйге кіріп, осында Бәкен ұстаның бар я жоқ екендігін сұрады.

7. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда, автор сөзіндегі де етістігінің орнына **айт, сұра, ойла, бұйыр, талап ет, ескерт** деген сияқты айту, ойлау мәнді етістіктердің бірі айтылады; төл сөзден кейін не оның арасына орналасқан автор сөзі (баяндауыштан басқа мүшелер, сабақтастың бағыныңқы жай сөйлемі) төлеу сөзде қалыпты орын тәртібіне келеді (яғни төлеу сөзден бұрын орналасады).

Төл сөз	Төлеу сөз
– Бүркіт не аңды алады? – <i>деді Ботагөз, ойындағы бар сұрауын түгел айтуға Амантайдың өзі мүмкіндік берген соң.</i> (С.М.)	Ойындағы бар сұрауын түгел айтуға Амантайдың өзі мүмкіндік берген соң, Ботагөз бүркіттің не аңды алатынын сұрады.
– Жоғары шық, – <i>деді үйге кірген Асқарға Балтабек, – ағаңның қолына су құй, Ботагөз.</i> (С.М.)	Балтабек үйге кірген Асқардан жоғары шығуын өтінді де, Ботагөзге ағасының қолына су құюын ескертті.



78-жаттығу. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырындар да, төлеу сөзде қандай өзгеріс болғандығын түсіндіріңдер.

Үлгі: *Балалар қуанып:*

– **Біз әлі де көп жаңалықтар табамыз!** – деді. (*Н.Фабд.*)

Төл сөз	Төлеу сөз
– Балалар қуанып: – Біз әлі де көп жаңалықтар табамыз! – деді. Біз (I жақ, көпше) табамыз (баяндауыш, I жақ, көпше) автор сөзінде – деді.	Балалар қуанып, өздерінің әлі де көп жаңалықтар табатындығын айтты. Өздерінің (III жақ, көпше) табатындығын (толықтауыш, III жақ) автор сөзінде – айтты...

1. Күстенген алақанымен аузын сүртіп:

– Обалына өзім кінәлі! – деді күбірлеп. 2. «Байғұстың жанының тәттісін-ай!» – деп, өзін іштей қажап, мырс етті де, атын шаужайлап қойды. 3. «Шайтанға оқ жаудырушы ма еді, – деп ойлады, – сұрқиялық жасап, қақпанға түсіріп жүрер». 4. Байсал әлдебір шешімге келгендей, орамалымен тершіген маңдайын сүртіп, көзін әйелге қадады:

– Құдай қосқан жарысың ғой, еріңнің кеудесіндегі оғы түсер, ақ жолдың емін жаса!

(Ә. Асқаров. «Ерте түскен бозқырау» кітабынан)



79-жаттығу. Әуелі оқып шығып, төлеу сөз бен автор сөзінің жігін табыңдар, содан кейін жазып, төлеу сөздің астын түзу сызықпен, автор сөзінің астын ирек сызықпен сызыңдар.

1. Сәбит Мұқанұлы бір кітапты бітіріп, екіншісін бастағанда, демалатынын айтты. («Атақты адамдар өмірінен») 2. Ұзақ сөйлесіп, әбден біліскен соң, редактор оған әзірше хат бөліміне әдеби қызметкер болуды ұсынды. 3. Полковник Айнберг ертең кешке дейін осында болатындығымызды ескертті. (А.Лек.) 4. Қария, жөн сұрасқаннан кейін, осында ширек ғасырдан артық еңбек етіп, зейнетке шыққанын, бірақ зауытқа келіп-кетіп, цехтарды аралап, көз көргендермен, әсіресе, жастармен әңгімелесіп тұруды өзіне ғанибет санайтындығын айтты. («Қ.Ә.»)

80-жаттығу. Берілген өлең жолдарынан төл сөз бен автор сөздерін табыңдар.

Қыздар үнсіз қарауда бір-біріне,
«Тағы не боп қалды?!» – деп ділгіруде.
– Аты қазақ демесең, иттерменен
Жарамайды қасында бір жүруге.
Өзеурейді бір сүйіп үлгіруге.
Жігіт емес, өңшең бір жидігірлер,
Жидігірге қор болып өткеннен де,
Соларға да ғашық боп тиді кімдер?
Жеке өлімге жесірдің билігін бер! –
Деп бір кетсін әзірге Маржанымыз...

(М.Мақатаев. Аманат)

Төл сөз бен төлеу сөзден өтілгендерді пысықтау үшін қойылатын сұраулар



1. Төл сөз дегеніміз не, автор сөзі дегеніміз не? 2. Төл сөз бен автор сөзінің бір-бірінен қандай айырмасы бар? 3. Төл сөз автор сөзімен не арқылы байланысады? 4. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі жөнінде не білесің? 5. Төл сөзге қандай тыныс белгілері қойылады? 6. Төл сөзде тырнақша, сызықша, үтір, қос нүкте, сұрау және леп белгілері қандай жағдайда қойылады? 7. Төлеу сөз дегеніміз не? 8. Оның төл сөзден қандай айырмасы бар? 9. Төл сөзді төлеу сөзге қалай айналдыруға болады? 10. Төл сөздің бастауышы мен баяндауышы төлеу сөзде қандай өзгеріске түседі, қай мүшелердің қызметін атқарады? 11. Төл сөзде белгілі бір шақта, жақта тұрған сөздер төлеу сөзде қандай өзгерістерге ұшырайды?

ТІЛ ҰСТАРТУ



ТІЛ ҰСТАРТУ – СТИЛИСТИКАНЫҢ БІР ТАРМАҒЫ ТІЛ ҰСТАРТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тіл ұстартудың басты материалы, қолданатыны – сөз. Сөздердің сан алуан өзгерістерге түсуі, сөзден сөз жасаудың түрлі амал-тәсілі – осының бәрі – ойды басқаға тіл арқылы әсем де көрікті етіп жеткізу жолы. Қысқасы, мақсат – дыбыстарды, дыбыстардан құралған сөздерді, сөздерден құралған сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен құралған сөйлемдерді, сөйлемдерден құралған бүкіл мәтінді дұрыс жазып, дұрыс айтып, дұрыс құрастыра алатын дәрежеге жету.

Әдеби тілімізде стильдің түрлері өте көп. Олардың әрқайсысының өз орны, өз мақсаты бар. Бәрінің міндеті – сол ойды мәнерлеп, көркемдеп, дәл, нақты жеткізу; айтпақ жайды тік те нық, анық та айқын айтып, түсіндіре білу; сол үшін өз стиліне сай сөздер мен сөз тіркестерін талғап, таңдап, орынды қолдану; өз стиль жолынан ауытқымау; оқушы-тыңдаушыны өзіне тарта білу; айтқаны мен жазғанына сендіре алу.

Күнделікті өмірде, жазу-сызу, сөйлеу-айту дағдысында көбірек кездесетіні – іс қағаздары стилі.

Іс қағаздары деген тіркестің ұғымы кең: олар – адамның күнбе-күнгі өмірінде жиі қолданылатын үлгілер. Іс қағаздары, әдетте, ресми құжаттар деп те аталады. Соған орай, ресми құжаттар, іс қағаздары стилі деп те айтыла береді. Кейде іс қағаздары тілі, ресми құжаттар тілі, ресми жазылышты деп те айту кездеседі. Бұл тіркестердің мән-мағынасы бір-біріне жақын, бір-бірімен синонимдес деуге де болады.

Іс қағаздары, яғни ресми құжаттарға жататындар мыналар: *өтініш, хабарландыру, қолхат, анықтама, сенімхат, хаттама, акт, шарт, қатынас, міндеттеме, мінездеме* т.б.

Шартты түрде айтқанда, бұлардың ресми деп аталатын себебі – көбінесе бір түрде, біркелкі қалыптасқан үлгі бойынша жазылатындығы. Дегенмен де, олардың арасында айырмашылықтар да жоқ емес. Ондай ерекшеліктер іс қағазының кімге арналғаны, не үшін жазылғаны; жіберілетін жері және адамы, жазылғанның мазмұнына, соған орай, тілек-мақсат, қорытынды-пікір, ұсыныс-талапқа байланысты болып келеді.

Мәселен, *хабарландыру, қолхат, сенімхат, анықтама (справка), рапорт* көбіне бір түрлі, кейде біркелкі, стандарт үлгі бойынша жазылса, *әңгіме, хат, өмірбаян, мақала, күнделік* т.б. – нағыз шығармашылық. Өйткені олардың біркелкі үлгісі жоқ. Біркелкі болуы мүмкін де емес. Әр адам өмірі – бір тарих; әр хат – жеке бір адамға арналған жолдама, әркімнің өмірі сол адамның өткен, жасаған, жасамақ жолы; әр адамның күнделікті көрген-білгені – жатқан бір дүние т.б.

Олай болса, бұлардың әрбір түрін келістіріп те көркем, ұғымды да мазмұнды жазу – автордың шеберлігіне, тілді қаншалықты білетініне, ойын қандай тәсілдермен жеткізе алатынына, қалай машықтанғандығына байланысты жай. Осы мақсатқа жету үшін сөйлеу-жазу дағдысын әбден меңгеру керек.

Ойға түйер түйін- іс қағаздарының қай түрін болса да, дұрыс жаза білу үшін көп-көп жаттығу қажет: жеткізер жайдың мазмұнын толық та жан-жақты, егжей-тегжейіне дейін біліп алу керек; айтарыңды жалаң, жаттанды, дәрменсіз де жел өкпе сөздермен жазуға әуестенбей, тура өз ойыңдағыңды өз тіліңмен сөйлегенің жөн; баяндайтыныңды рет-ретімен, асықпай-аптықпай, жүйе-жүйесімен қызықтыра, дамыта қарапайым да терең ұғындыра айтқаның жақсы.

Сөйтіп, іс-қағаздарын дұрыстап жаза білу – әрбір адам үшін қажетті нәрсе. Күнделікті өмірде бұл қағаздардың керек болмайтын жері жоқ.



1. Тіл ұстарту дегеніміз не? 2. Әдеби тіл стильдерінің қандай түрін білесіңдер?
3. Іс қағаздарының қандай түрін білесіңдер? 4. Мектепте әдебиет кеші болатыны туралы хабарландыру жазыңдар.
5. Тіл ұстарту, дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін қандай шарттар керек екен?

ТІЛ ҰСТARTУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Практикалық стилистика негізінде тіл ұстартуға толып жатқан тармақтар кіреді. Олардың бәрі дерлік – күнделікті өмірге қажет амал-тәсілдер, адам ойын жеткізу құралдары.

Топтап айтсақ, ондай тармақтарға әңгіме, шығарма, конспект, мақала, баяндама, рецензия сияқты толып жатқан түрлері жатады. Соның бәрі – сөйлей білу, жаза білу түрлері мен амал-тәсілдері.

Сөйлей білудің, жаза білудің, жалпы сауаттылықтың белгілі өлшемі – күрделі де ұзақ мазмұнды әңгімені айтып бере білу; әңгіме

құрастыра алу; ол әңгімені дұрыс жазу арқылы аз сөзбен түсіндіре білу, аз сөзбен көп мағына аңғарту; өзінің шығармашылық қабілетін шындай түсу.

Әр әңгімеден, шығарма мен мақаладан әр адам өз түсінігінше ең керекті дегенін жазып алуына болады. Ондайды *конспект*¹ немесе *конспектілеу* деп атайды.

Әңгіменің, шығарманың, мақаланың ең түйінді жерлерін біреу ғана сөйлеммен жазып, оларды ауызша сөйлегенде кеңейтіп айтуға болады. Ондайды *тезис*² деп атайды. Тезис жоспарға ұқсас.

Оқылған әңгіме, шығарма немесе мақала туралы *рецензия*³ жазуға болады. Рецензияда сол шығарма туралы оқушының (пікір жазушының) өз көзқарасы баяндалады.

Сондай-ақ, әр адамның өз өмірбаянын жаза алуы, біреуге хат жаза білуі, көрген-білгендерін, аңғарғаны мен еске тұтқандарын баяндап жеткізуі – осының бәрі – шығармашылық жұмыс.

Мақала жазу үшін, жазатын нәрсені, оқиғаны, істі автор өз көзімен көріп, жете білуі керек. Мақаланы ойдан құрап, әйтеуір «осылай болу керек-ау» деген шамамен жазуға болмайды.

Мақала жазу үшін, ең алдымен, тақырып және ол тақырыпқа жазылатын мазмұн керек. Мектеп оқушылары өмірінде мақала жазуға тақырып тіпті көп: *оқу жайы, оқу озаты, өнерпаз оқушы, тәртіпті оқушы, тәжірибе бөлімшесіндегі еңбек, оқушылардың үлгілі бастамасы, экскурсия, оқушылар лагері* т.б. Осылардың әрқайсысы – бір емес, бірнеше мақала боларлық тақырып.

Мұндай тақырыптарға жазылған мақалалар көпшілікті үлгі-өнегеге, жақсы дәстүрге үйретеді, оларды еңбекке баулып, ерлік істер жасауға еліктіреді, жұртшылықты саналылыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке, достыққа, отаншылдық сезімге тәрбиелейді. Сондықтан оқушыларымыздың өзі жақсы нәрсеге еліктеп, өз басы одан үлгі ала отырып, сол өнегені қалың көпшілікке мақала арқылы жариялап, тарата білуінің үлкен мәні бар.

«Өнер жастан шығады», – дейді халық даналығы. Сол жастар – оқушылар. Болашақ еңбек ері, ірі ғалым, ұлы жазушы, көрнекті қоғам

¹ *Латынша conspectus* – шолу деген сөзінен алынған.

² *Гректің thesis* – автордың немесе шешеннің дәлелдейтін, қорғайтын қағидасы, түйінді қорытындысы деген мағыналы сөзінен алынған.

³ *Латынның recensio* – бағалау деген сөзінен алынған.

қайраткері – қазіргі оқушы жастар. Өнерпаздық, тапқырлық, шешендік, даналық, батырлық деген тәрізді қадірлі қасиеттер адам бойында бірден пайда болмайды – жастай ізденуден, үйренуден, машықтанудан, ерікті тәрбиелей білуден шығады, бірте-бірте дамып, қалыптасады. Ұлы Абай: «Ондай болмақ қайда? деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз» – деп текке айтпаған.

Мақала жазу тіл байлығының молдығын, сөйлемді жатық, көркем етіп құрай білуді, ойды толық жеткізе білуді, баяндамақшы мазмұнды сатылап, рет-ретімен байланыстыра, жұртшылықты қызықтыра құрып жазуға дағдыланып, әбден жаттығып, төселуді керек етеді. Ол үшін, жоғарыда айтқанымыздай, алған тақырыптың мазмұнын егжей-тегжейіне дейін білу керек. Сөйтіп, мақаланы егжей-тегжейіне дейін білетін нәрсені жазудан бастау керек. Мақаланың көлемін көбейтемін деп әуреленбей, айтайын деген ойды қысқаша баяндаған жөн.

Мақала жазу бірте-бірте күрделене береді. Оқушы мақала жазуға бірте-бірте төселіп, әр тақырыпты жазудың әр түрлі қыр-сырын, ерекшелігін түсіне бастайды; мақаланы кімге арнағанына қарай, қалай жазу керек екенін аңғарады.

Олай дейтініміз – мақаланы оқушы балаларға арнап жазу керек болса, оның өзіндік ерекшелігі бар; мәселен, мақала ол балалардың білім дәрежесіне, ұғымына, жасына сай, түсіне алатынындай болып жазылуы керек. Өйткені әр жастағы, әр сыныптағы оқушылардың жас мөлшері мен білім дәрежесі бірдей емес. VIII сынып оқушысының білімі V сынып оқушысынан көш ілгері.

Мақаланы жасы үлкен адамдарға арнау керек болса, үлкен адамдардың өз тілімен сөйлеу керек. Әңгіме болып отырған мәселенің өз ерекшелігін, басқалардан айырмашылығын таныта, білдіре, аңғарта жазу керек. Ана тақырыпты жазғанда да, мына тақырыпты жазғанда да, сөз тіркестерін, сөйлемдерді оп-оңай қоя салудан аулақ болған жөн.

Ғылыми мақалалар ғылымның әр саласының өз терминдерін, ұғымдарын сақтай отырып жазылады. Сонымен бірге ол мақаланың жалпы жұртшылыққа түсінікті болу жағы қарастырылады.

Әдетте, күнделікті өмір туралы жазылған мақалалардың қорытындысын оқитын жұртшылықтың өзі шығаратындай етіп жазады. Ал ғылыми мақалада қорытынды шығарарлықтай тұжырымды көбінесе автордың (мақаланы жазушының) өзі жасайды.



1-тапсырма. Өз сыныптарыңдағы оқу озаты туралы қабырға газетіне мақала жазыңдар.

2-тапсырма. Мектептерінде көркемөнер үйірмесін қалай ұйымдастырғандарыңды, алғашқыда қандай қиындықтар кездескенін, қазірде қандай табысқа жеткендерің туралы қабырға газетін шығарып, онда жарияланған мақалаларды өз сыныптарыңда талдаңдар.

3-тапсырма. Сынып оқушыларының ұжымшар (кеңшар немесе өндіріс) жұмысына тигізген жәрдемің мақала етіп жазыңдар.

4-тапсырма. Өздерің қызығып оқыған бір көркем шығармадан алған әсерлеріңді қысқаша мақала етіп жазыңдар.

5-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын әңгімелеп айтып беріңдер.

МЕН ҚАЛАЙ ЖАЗДЫМ?

Орысша Успенский рудник зауытын жергілікті қазақтар «Нілді зауыты» дейді. Алғаш өлең жазуды мен бала күнімде сол Нілді зауытында бастадым.

Оқуым Нілді зауытының машина жанындағы ұсталар дүкенінде болды... Ол дүкенде Ыбырай, Асан, Үсен, Арын деген төрт қазақ ұстасы ұзақты күнге гүрсілдетіп, жарқылдатып, ұшпұр таптайды. Ыбырай өлең айтады. Өлеңі көріктің өлшеуімен гүрілдеген үніне, құрыш балғаның өлшеуімен соғылған гүрсіліне, құрыш темірдің шықылдаған даусына қосылып, ұсталардың дүкен күйін жандандыратын... Ыбырай ұстаның өлеңі менің миыма орнаған еді...

Ауылда естілген өлеңдер жас бала күнімнен қиялыма тізбектелген... Оның үстіне Нілді зауытына келіп, орысша оқу үйреніп, зауыт жұмыскерлерінің тұрмыс түріне, тұрмыс күйіне, машина түріне, машина күйіне, ұсталардың дүкен күйіне көз бен құлақ суарылып, Ыбырай ұстадан өлең үйрендім...

Үсен ұста мен Күбіден деген байдың (сол Нілді зауытындағы) сауда дүкенінде қызмет қылатын бір ноғай жігіт... Әмір деген жігітпен бақас болды. «Тілмаш жігіт» Үсен ұста туралы бір қызға: «Күйелі қол құрлы болармыз!» – депті.

Әмірді келемеж қылып өлең жазбақ болады. Үсен айтып отырып, ноғай жігіт жазып отырып, екеуі олай жазып, бұлай жазып, өлеңді шығара алмайды.

– Мен жазайын! – дедім

– Жаза аласың ба? Жазшы, жаза алсаң! Мынасын айт, былай де, былай де! – деп маған тілмаш жігіттің келемеж болатын жақтарын айтты.

Кешке мен байдың тілмаш жігітін келемеждеген өлең жазып шығардым. Ішінде мынандай сөздер бар еді:

«Мақтанасың қолыңның олағына,
Амал бар ма ақылдың шолағына?!
Күйелі қол айырбас болмас, мырза,
Байдың қолын жалаған шолағыңа!»

Менің ең алғаш жазған өлеңім осы шығар...» (С.С.)



1-тапсырма. Мақаланың тезисін жасаңдар. Өздерің түсінбеген сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп алып, мағыналарын мұғалімнен сұраңдар немесе сөздіктерден қарап, тауып алыңдар.

Баяндама көрген-білген, болған оқиғаға негізделіп жазылады. Онда істелген істің жетістігі мен кемшілігі бірдей айтылып, болашаққа жөн сілтелінеді. Кейде барды баяндаумен шектеледі. Баяндама әңгімемен де, шығармамен де, мақаламен де қоян-қолтық қабысып жатады, шығармашылық баяндамалар естелікке де, көркем шығармаға да ұқсап кетеді.

Рецензия біреудің бір шығармасы, мақаласы т.б. туралы жазылады. Онда сол еңбекке (мейлі бір ауыз өлең болсын, бір беттік мақала болсын, бір-екі томдық қалың кітап болсын, – бәрібір) пікір жазушы адамның өз көзқарасы баяндалады да, өз бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстары жасалынады.

Рецензия көлемі аз да, көп те болуы мүмкін. Кейбір рецензиялар әңгіме болып отырған шығарма мен оның авторы аясынан асып түсіп, ғылым мен техниканың, көркем әдебиет пен өнердің т.б. саланың толып жатқан мәселелерін қамтып жазылуы да мүмкін. Ондай рецензиялар тіпті ғылыми-зерттеу жұмысы не көркем шығарма, я көсемсөздің шын биігі дәрежесіне жетуі де ықтимал.

Рецензия, ең алдымен, ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде, шығарманы жазған авторға да, шығарманың оқырмандарына да пайда келтіретіндей түрде жазылуы керек. Рецензия және оны жазушы адам «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айта білуі керек.



Тапсырма. 1. Мына мақалаға конспект және тезис жасаңдар. 2. Мазмұнын әңгімелеп айтып беріңдер.

ӘЛЕУХАН БЕКБОЛАТОВ ҚАЖЫМҰҚАН БОЛЫП ОЙНАДЫ

1984 жылы, өздеріңізге мәлім, балуан атамыздың бейнесін киноэкранның шығару үшін, басты рөлде ойнауға республикалық конкурс жарияланды. Оны газеттен оқып, мен де қатысуға бел будым. Ол кезде кеңшарда тракторшымын, бір жағынан, күрестен спорт шеберімін. Содан да болар, аса бір үлкен үмітті болмасам да, бақ сынап көруді ұйғардым.

Конкурсқа қатысқан 210 үміткердің ішінен Қажымұқанның рөлін ойнау бақыты менің еншіме тиді. Бұл кезде мен шексіз қуанышты едім. Бұл бақытты шақ маған қалай бұйырды? Мұның өзі бір қызық хикая десе болғандай-ақ. Өңкей тұлғалы да биік балуан жігіттер жиналған екен. Екі жүз он адам бірге жүрген сәттерде бейне бір көшіп келе жатқан тау не бұлттай болатын. Әркімнің-ақ көкейінде «Қажымұқанның рөлін ойнасам-ау...» деген тәтті үміт жылтылдап жатқаны қапысыз еді.

Балуан атамыздың 1904 жылы Франциядағы дүниежүзілік чемпионатта белдескен сәттерін француздар кинолентаға түсіріп алған екен. Бас-аяғы он-он бес минуттық деректі фильмде Қажекеңнің екі-үш белдесуі бар. Әрі оның нақты қандай болғанын, қандай киім кигенін осы лентадан көруге болады. Осы кинолентаны республикамыз қыруар валютаға Франциядан сатып алыпты. Балуанның рөліне адам таңдағанда да осының көмегі көп болды. Сонда айтайын дегенім: басқа ұқсастықтарымызды айтпағанда, менің Қажымұқанның 1904 жылғы бет бейнесіне 85 проценттей ұқсайтыным анықталды. Сөйтіп, ойламаған жерден киноға түсіп, балуан атамыздың бейнесін экранға шығардым. Әрине, актёрлік те оп-оңай жұмыс емес екен. Киноға түсу кезінде: «Апырай, тып-тыныш тракторымды айдап жүре бермедім бе екен, осы не азап?» – деп, талай қиналған сәттерім де көп болды...



Тапсырма. Мақалаға пікір жазып көріңдер. Оның бір үлгісі мына төмендегіше.

«ӘЛЕУХАН БЕКБОЛАТОВ ҚАЖЫМҰҚАН БОЛЫП ОЙНАДЫ» АТТЫ МАҚАЛА ТУРАЛЫ

Мақалада халқымыздың аты аңызға айналған алып балуаны – Қажымұқанның бейнесін киноэкранның шығару үшін, оның рөлінде ойнайтын актёрлерді іріктеу жарысына қатысып, озып шыққан тракторшы жігіт Әлеухан Бекболатов өзінің қуаныш сезімін баяндайды. Ауылдағы

қарапайым еңбек адамының ойламаған жерден осындай абыройға ие болуын автор мақтаныш тұтады. Бұл сәт – ол үшін үлкен бақыт әрі аса жауапты міндет. Қажымұқан рөлін ойнаушылардың іріктеу конкурсында оған қатысушы 210 үміткердің ішінен бұл Әлеуханның ие болуы табиғи нәрсе еді. Ол – тұлғалы, денелі жігіт. Күрестен спорт шебері атағын алған балуан. Әлеуханның тұлғасы да, бет пішіні де Қажымұқанға ұқсас болып шыққан. Автор Қажымұқан жөнінде кезінде түсірілген лентаның бар екенін, оны республикамыздың Франциядан қыруар ақшаға сатып алғанын, сол лентадағы Қажымұқан бейнесі жайлы тебірене жазады. Қажымұқан рөлін ойнауға адам таңдағанда, сол деректі кинолентаның көп көмегі тиген екен. Мақала авторының ойы мен толғанысы шынайы сезіледі. Мақаланың тартымдылығы да осында жатыр.



Тапсырма. Әңгімені мазмұндап беріңдер де, кейінгі берілген тапсырмаларды орындандар.

КЕНЖЕ ШЕШЕННІҢ АМАЛЫ

Қарқаралы елінде сараңдығымен аты шыққан Тасырбай деген сараң өмір сүріпті. Тасырбайдың әдісі кеш батқан соң келген кісіге есігін ашпайды екен. Азынаған боранда келген талай жолаушы бұл үйден дәм татпақ түгіл, табалдырығын аттай алмай суыққа ұшыраған күндері болған екен. Мұны естіген Кенже шешен жанына Әбжан деген атқосшысын ертіп Тасырбайдікіне аттанады. Келген бойда шешенді байқаған Тасырбай есігін іліп алып ашпай қояды. Сонда шешен жанындағы Әбжанға:

– Елге хабарла, Кенже Тасырбайдың күресінің үстінде жатып қайтыс болды да, бауырымда! – деп қоя береді.

Аздан соң суық хабарды естіп ел жиналыпты. Сараңның есігінің алдында жатқан Кенжені көріп Тасырбайдың есігін аштырады. Үйге енген соң Кенже басын көтеріп:

– Бұл Кенженің бір өлгені, Тасырбайдың екі өлгені, – депті.

Ұялған сараң кешірім сұрап, әлгі жаман әдетін тастаған екен.

(«Ел аузынан» кітабынан)

Әңгіме конспектісінің үлгісі: Қарқаралыда Тасырбай деген сараң жасайды. Оның кеш келген қонақтарды үйіне кіргізбейтін жаман әдеті бар. Кенже шешен мен Әбжан Тасырбайдың үйіне келеді. Тасырбай есікті ашпайды. Кенже қулық жасайды. Айналадан Тасырбайдың үйінің алдына ел жиналады. Тасырбайдың үйінің есігін аштырады. Сараң кешірім сұрайды. Ол жаман әдетін тастайды.

Әңгіме тезисінің үлгісі: 1. Тасырбай деген сараң. 2. Тасырбайдың әдісі. 3. Кенже мен Әбжанның қулығы. 4. Кенженің өлімі туралы жалған хабар. 5. Тасырбай үйіне елдің жиналуы. 6. Тасырбайдың халықтан кешірім сұрауы.



Тапсырма. Оқып шығып, жазылу үлгісімен танысыңдар. Әр мазмұнға байланысты рапорт, хаттама үлгілерін жазыңдар.

Мәлімдеме. Мектеп директоры Әбділдә Саидбұрханұлына.

Жазғы демалыс кезінде мектепті жөндеуге қатысуға тиісті VIII сыныптың 20 оқушысы толық әзірленіп, көмектесуге баруға дайын тұр.

Мәлімдеме беруші – Қыдырқожа Темірбайұлы»

Мәжіліс хат № 5 10 қыркүйек, 2005 жыл.

№ 12 санды орта мектептің VIII сынып оқушыларының жалпы жиналысы болды.

Жиналыс төрағасы – ...

Хатшысы – ...

Күн тәртібі: Жазғы демалыс кезінде мектепті жөндеуге VIII сынып оқушыларының көмегі жөнінде. (Баяндамашы – Әбдімүтәл Омаров.)

Тыңдалды: Мектептің шаруашылық ісін басқарушы Омаров жолдас қосымша жасап, VIII сынып оқушыларының бір бөлігі жазғы демалыс кезінде бір айда жұмыс істеп, мектептің ішкі-сыртқы қабырғалары мен төбесін ақтау, есік-терезелерін сырлау, жиһаздарды жөндеу, мектеп алаңын тазалау, ұжымшардың мақтасын арам шөптерден тазарту жұмыстарына көмектесуі туралы айтты.

VIII сынып оқушыларының жалпы жиналысы қаулы етеді:

1. Мектепті келесі оқу жылына әзірлеуге көмектесу үшін, VIII сынып оқушыларынан екі бригада құрылсын, оның құрамына 20 оқушы берілсін.

2. 1-бригада командирі – Мұхтарұлы, 2-бригада командирі болып – Бақытұлы тағайындалсын.

3. Олар бұл жұмысты бітірген соң, Саидбұрхан Нахипов атындағы қожа аулындағы жібек құрт бағушыларына жәрдемге жіберілсін.

Жиналыс төрағасы – ...

Хатшысы – ...

ТІЛ ҰСТАРТУДЫҢ КЕЙБІР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Тіл ұстартудың әрбір түрі – шығармашылық өнер. Соның ішінде нағыз шығармашылыққа да қатыстылары бар.

Мәселен, «Өмірбаян жазу – оп-оңай, қашан, қайда, кімнен тудың дегенді айтсаң болды» деп түсінеді кейбіреулер. Шындығында олай емес. Біреуге хат жазу, күнделік жазу жөнінде де осыны айтуға болады.

Бір адамның өмірбаянының өзін түрлі-түрлі жазуға болады: бірі – адамның өз өмірі мен қызметі туралы өзінің баяндауы. Онда адам өзінің туған күні мен айын, жылын, туған жерін, қандай әулеттен екенін айтудан бастайды да, өз өмір жолын қысқаша санамалап өтеді. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын келеді.

Өмірбаянның екінші түрі – адамның өз өмірін өзі туған кездегі қоғам өмірімен байланыстыра кең түрде жазуы. Бұл түрі, әдетте, атақты ақын-жазушылардың, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің шығармаларында көп ұшырасады. Мәселен, Жамбылдың өзі туралы өлең сөз бен қара сөзді араластыра айтқан «Менің өмірім» деп аталатын поэмасы осындай.

Енді бір түрі – саяси-шығармашылық өмірбаяндар. Оны өмірбаян иесінің өзі емес, басқа адам жазады. Мәселен, көркем әдебиет классиктерінің, ірі қоғам қайраткерлерінің, аса үлкен жазушылардың өмірі мен саяси-қоғамдық қызметі, шығармашылық жолы туралы екінші бір адам немесе бірнеше адам жазуы мүмкін. Қазақ халқының ұлы ағартушылары – Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің, күрескер ақын Сәкен Сейфуллиннің, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің т.б. шығармашылық өмірбаяндары, өмірі мен қызметі туралы жазылған шығармалар өмірбаянның осы түріне жатады.

Өмірбаянның бұл түрі кейде очеркке, қысқа әңгімеге, шағын көркем шығармаға ұласып кетуі де мүмкін. Мұндай жағдай газет-журналдарда, жеке жинақтарда «Халық батырлары», «Біздің саңлақтар», «Заманымыздың ерлігі» деген тақырыптармен жарияланып жүрген еңбек адамдарының үздік табыстары мен ерліктерін оның өмірімен ұштастыра баяндаған мақалаларда көбірек кездеседі.

Өмірбаянды жаза білуге де үлкен шеберлік керек. Қазақтың ауыз әдебиетінде өз өмірін тапқырлықпен ұштастырып, шебер баяндай білген нұсқаның бірі – «Тазшаның қырық өтірігі»

Өмірбаян – әр адамның өз өмірі жөнінде өз қолымен жазылып, әр уақыт толықтырылып отыратын ресми қағаздардың бірі.

Мектеп оқушылары өмірбаянды жоғары оқу орындары мен орта арнаулы өнеркәсіптік коллеждері мен лицейлерге оқуға түсерде, оқуды бітіріп, бір мекемеге қызметке орналасарда, т.б. жағдайда жазады.



Тапсырма. Өздеріңнің туған жылдарыңды, күн-айын, туған жерлеріңді, әулеттеріңді, оқу, еңбек ету жайларыңды баяндап, қысқаша өмірбаяндарыңды жазыңдар.

Үлгі:

ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫМ

Мен, Махмұтқожақызы Ләззат 1985 жылы, 27 маусым айында, Ташкент облысындағы Шыназ ауданының «Эшанабад» ұжымшарында тудым.

1991 жылдың 1 қыркүйегінде сол «Эшанабад» ұжымшарындағы № 20 орта мектептің бірінші сыныбына оқуға түсіп, 2002 жылы сол мектепті жақсы бағалармен бітірдім.

Мектепті бітіріп, аттестатты қолға алып, Ангрен қаласындағы Ташкент облыстық Мемлекеттік педагогикалық институттың филология факультетіне жол алдым. Құжаттарымды «Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығын дайындайтын бөлімге тапсырдым. Емтихан-сынақтардан жақсы өтіп, институттың бірінші курсына қабылдандым.

Қазіргі күнде сол институттың үшінші курсына оқып, білімімді нығайтудамын.

Бір қызығы, жоғары оқу орнында оқуды, яғни институтта оқуды мектеп қабырғасындағы оқумен салыстырсақ, оның талай айырмашылығы бар екендігін аңғарасың. Институтта әрбір пән сала-салаларға бөлініп, курс бойынша оқытылады екен, ал мектепте олай емес.

Институтта оқып жүргеннің өзі мен үшін бақыт. Себебі, студенттік – алтын дәуір.

Институтымыз тау бөктерінде жайғасқан. Сондықтан да, ол жердің ауасы таза, төңірегі бау-бақшаларға толы. Жаз айларында топ жетекшімізбен бірге тауға шығып серуендейміз, демаламыз. Дем алып қайтқаннан соң, алған әсерлерімізді қағаз бетіне түсіріп, шағын шығарма жазамыз.

Оқу жылының соңында, әрбір пән бойынша емтихандарды (рейтинг сынақтар) тапсырып болғаннан соң, ауылға келіп анама жәрдем беремін.

Егер де уақытым болса, інілерім мен сіңлілерімді алып, нағашы жұртқа барамын. Сондағы ағайын-туыстарымыздан хабар алып, дем алып келеміз. Менің осыншалықты дәрежеге жетуіме анам – Құралайдың қызметі орасан мол деп білемін. Сондықтан да анама күнде тәзім етіп, бас иемін.

Ләззат Махмұтқожақызы.

14 шілде, 2004 жыл

Хат көбінесе қара сөз түрінде жазылады. Хат жаза білу – үлкен өнер. Хатты түрлі-түрлі жазуға болады: оның бірі – жалпы амандықты білдіріп жазу. Бұл – хаттың ең қарапайым түрі. Осы түрінің өзін жай қалыпты сөздермен де, көркем тілмен де жазуға болады. Әдетте, кей оқушылар хатын *алтыннан ардақты, күмістен салмақты, жанымнан жақсы көретін жолдасым...* деген сияқты сырты жылтыр, іші сылдыр сөздермен бастайды. Енді біреулер хатын... *Тун. Бөлмедегілердің бәрі ұйқыда.*

Қағазға үңіліп, қалам ұстап біреу отыр. Кәдімгі қара шұнақ, домалақ, ала көз қара бала. Қағазға үңіледі, үңіледі де, төбеге қарайды. Төбеге қарайды да, қайтадан шұқшияды. Кейде қаламын нұқып қояды. Аузын бұртитып, көзін төңкеріп, ішінен сөйлей ме, – қайтеді?.. Бұл кім десеңіз, өзіңіздің балаңыз... деген түрде бастап, хатымды әдеби шығармадай етіп жаздым деп ойлайды. Хатты бұл екі түрдегідей жазуға болмайды.

Хатта қарапайым сөздермен-ақ әрі көркем, әрі түсінікті етіп жазудың бір үлгісі мынау:

Атамыз Ыбырайға көп-көп сәлем жолдадым. Өзіңнен көптен ешбір хат-хабар болмады, тек ауру-сырқауға душар болмасаң болады-дағы, шаруашылық жұмыстан да қолың тимейтін шығар. Сөйтсе де, уақыт тауып, есендігіңді білдіргейсің. Өзім денім сау. Ұстаздарымның тәуір назарындамын.

Осы хатты тапсырушыдан Қадишаға екі қадақтай кәмпит жібердім, сен алып, өзіне тапсыра көр. Әкеме... айт және менен өтін: маған берген ақшасын босқа шығарды деп ұрыспасын. Қадиша кішкене бала ғой, ағам жіберіпті деп, қуанып қалсын дедім. Қош, аға, сау бол...

Ініңіз Н. (Ы.А.)

Хатты өлең түрінде жазуға болады. Өлең түрінде жазылған хаттың тәуір үлгісі ретінде *Балгожа бидің баласына жазған хаты* және *Асқар Тоқмағамбетовтың «Бәтиманың хаты»* мен *«Ағасының жауабын»* атауға болады.

Ыбырай Алтынсарин хатты біреуді қолпаштай, жағымпаздана бастау да дұрыс еместігін өте орынды көрсетіп кеткен: *«Иә, айтпақшы, мен Сізге бір кішкене сөгіс берейін деген едім. Сіз маған жазған хатыңызды «Ұлы мәртебелі» деп, лауазымнан бастайтын сұмдығыңыз не? Достар арасында және олардың хаттарында лауазым айтылушы ма еді? Ондай сөздермен мені ендігәрі ұялтып, қызартып жүрмеңіз, айтпесе мен де Сізге хатымда: «Сіздің ұлы мәртебеңізге» деп жаза бастайтын боламын»,* – деп жазады Ы.Алтынсарин өзінің бір досына.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевскийге жазған бір хатын былай бастайды: «Аса құрметті Федор Михайлович! Сәті түсіп, Сізге осы хатымды жазып отырмын. Сіз кеткеннен кейін, мен қалада бір-ақ түнеп, ертеңіне таңертең жолға шықтым. Сол күні кеште мен керемет көңілсіз болдым. Өзіңнің жаныңдай жақсы көріп, бір-біріңмен қатты қадірлесіп кеткен адамдарыңнан айырылысу тіпті ауыр болады екен.

Сізбен бірге Семейде өткізген біраз күнім есімнен кетер емес. Шіркін-ай, сол күндерім қайта бір оралар ма еді деп ойлаймын да жүремін. Мен ішкі сезім мен жай-жапсарды жазу дегенде шебер емеспін ғой. Оны жазып та қажет болмас. Өйткені менің Сізге деген қадір-құрметім мен сүйіспеншілігімді өзіңіз де білесіз ғой деп ойлаймын»...



1-тапсырма. Өздеріңнің бір туыстарыңа оқуларыңның, үй іштеріңнің жайын айтып, хат жазыңдар.

2-тапсырма. Өздеріңнің жолдастарыңа өздерің тұрған шаруашылық даласында қайнаған қызу еңбектен алған әсерлеріңді баяндап, хат жазыңдар.

3-тапсырма. Оқып жүрген пәндеріңнің өздеріңді қатты қызықтырған бір тақырыбынан алған әсерлеріңді айтып, жолдастарыңа хат жазыңдар.

Күнделік деген сөздің мағынасы кең. Мектеп оқушыларының күн сайынғы болатын сабағын, берілген тапсырманы жазып алып, алған бағасын көрсетіп отыратын күнделік бар да, ұқыпты, мәдениетті адамдардың әрдайым жазып жүретін күнделігі бар. Біздің тоқталатынымыз –соңғысы.

Күнделіктің бұл түрінде адамның көрген-білген немесе бастан кешкен я болмаса есіне әбден сақтаған оқиғалары жазылады. Көрген-білген дегеннен не болса, соны жаза беруге болады деген ұғым шықпауға тиіс. Күнделікте көбінесе оны жазушы адамның ұмытып қалмайын деген оқиғалары, көргендерінің, естіп-білгендерінің ішіндегі ең бір қызық-

тылары, басқаларға үлгі-өнеге боларлықтары жазылады. Оның өзінде де ең бастысы, өзектілері қамтылады. Сонда ғана күнделік тартымды да қажетті болады.

Күнделікті әр түрлі жазуға болады: тарих үшін, ғылым үшін керекті жайлар жазылатын күнделіктер болса, онда әр күннің, тіпті әрбір сағаттың ішінде болған оқиғалар толық баяндалып жазылады; адамның өз өміріндегі кейбір кезеңнің ішінде болған оқиғалардың басты-бастыларын жазатын күнделіктер болады; ал көркем әдебиетте шығарманың мазмұнына қатысты кезеңдегі бастан кешкендерді жазатын күнделіктер болады.

Күнделікті ойдан құрастырып жазуға немесе қисынсызды қиыстырам деп әуреленуге болмайды. Жазылатын нәрсенің көзбен көрген, әбден анықталған немесе біреуден естіп, дұрыстығына көз жеткізген болуы шарт. Соның өзінде жазылатын жайтты сұрыптай білуге, одан соң оны келістіріп жаза білуге машықтану керек. Қысқасы, күнделік жазу – шығармашылық өнердің бірі.

Әр адам күнделікті өзі үшін жазғанымен, оның басқа бір адамдарға да қажетті, пайдалы, үлгі-өнеге боларлық жағын ескеріп отырғаны жөн. Күнделікті алғаш жаза бастаған адам мына төмендегі тәрізді етіп бастап, бірте-бірте тақырыбын кеңейтіп, оқиғасын қызықтыра, күрделендіре түседі. Мәселен, VIII сынып оқушысы Еркешұлының күнделігінен үзінді келтірейік.

Қыркүйектің 1-і. Бүгін таңертең сағат сегізде сабағымыз басталды. Мектеп жақсы жөнделіпті. Сыныбымыз тап-таза. Сабақ бітісімен үйге қайттым. Көңілді-ақ.

Қыркүйектің 2-і. Сабақ біткен соң, бірінші сынып оқушыларының бізбен кездесуі болды. Мен қалай оқитыным жөнінде айттым. Байқауымша, олар қызығып тыңдады.

Қыркүйектің 3-і. Бүгін ойда қаларлық бірер жайт болды: ол – биылғы оқу жылында алған алғашқы бағам. Қазақ әдебиеті пәнінен де, орыс тілі пәнінен де менен сұрады. Екеуінен де «5» деген баға алдым.

«Көш жүре-жүре түзеледі», «Көре-көре көсем болады» дегендей, адам күнделікті жазуға дағдылана келе, шебер жазатын болады.

V–IX СЫНЫПТАРДА ӨТІЛГЕНДЕРДІ ЖИНАҚТАП, ЖҮЙЕЛЕУ



ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРАУЛАРЫ МЕН САЛАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНІК

Қазақ тілін алғаш зерттеу он тоғызыншы ғасырда басталған. Қазақ тілін тұңғыш зерттегендер – орыстың алдыңғы қатарлы ойшыл ғалымдары. Олар қазақ тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, тұрмыс-жайын, тілі мен мәдени мұраларын зерттеуге көп көңіл бөлген, қазақ тілінің алғашқы грамматикасын жазған, сөздіктерін шығарған, қазақтың көне мәдениет үлгілерінің сырын ашуға тырысқан. Бұл жөнінде халқымыздың ұлы перзенттері – *Абай Құнанбаев*, *Ыбырай Алтынсарин*, *Шоқан Уәлихановтардың* сіңірген еңбектері де айтарлықтай.

Дегенмен Қазан төңкерісінен бұрын қазақ тілі туралы ғылым қалыптаса қойған жоқ еді. Қазақ тілін зерттеген еңбектер нағыз ғылым деп айтарлық дәрежеге жете алмады. Өйткені патшалық Ресей халықтар түрмесі болды, қазақ халқы «бұратана» деп аталды, қазақ халқының бас бостандығы болмады.

Қазіргі қазақ тілі – жете дамыған әдеби тілдің бірі. Ұлы Абай мен Жамбыл, халқымыздың кемеңгер де ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов осы тілде сөйлеп, өз шығармаларын осы тілде жазды. Олардың шығармалары қазақ әдебиетін дамытты, еліміздің барша халқының игілігіне айналды, бүкіл дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына қосылып, халқымыз бен тілімізді әлемге әйгілі етті.

Қазақ тіл білімі қазақ тілін, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, сөз байлығын, дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу нормаларын, сөз бен сөзді тіркестіру тәсілдерін, сөйлем құрау амалдарын зерттейді.

Тіл сөзден, сөз дыбыстан құралады. Осыған орай, тілдің дыбыстарын, оның жүйесін зерттейтін саланы **фонетика** деп, тілдің сөз байлығын оның **лексикасы** деп, ал оны зерттейтін саланы **лексикология** деп атайды.

Сөзден сөз жасалады. Ондайда сөздің сыртқы пішіні де (формасы), мағынасы да өзгереді. Мысалы: **біл-** *біл+ім, біл+гір, біл+гіш, біл+ім+паз*; **айт-** *айт+ыс, айт+ыс+тар, айт+ыс+қыз, айт+па, айт+па+й+ақ қой, айт+ып-айт+ып жібер* т.б.

Бір сөз бен екінші сөз қарым-қатынасқа, тіркеске түседі. Мысалы: *сегізінші сынып, сегіз жылдық мектеп. Сегізінші сыныпта оқимын.*

Соңғы сөйлемде үш сөз бар, олардың түбірі *сегіз, сынып, оқы*. Әрқайсысы бірнеше дыбыстан құралып тұр. Әр сөздің жеке-жеке мағынасы бар. Ойымыз үш сөз негізінде беріліп тұр.

Бірақ осы үш сөзді *сегіз, сынып, оқы* түрінде жеке-жеке алсақ не айтқымыз келетіні түсініксіз болады. Сондықтан оларды құрастыру керек. Оның өзін *сынып, сегіз, оқы* немесе *оқы, сынып, сегіз* я болмаса *сегіз, оқы, сынып* түрінде тіркестірсек, айтылмақ ойымыз тағы да шықпайды. Оларды тілімізде қалыптасқан нормаға сай тіркестіруіміз қажет. Сонда ғана *Сегізінші сыныпта оқимын* деген сөйлем құралады. Сол сөйлем арқылы айтылмақ ойымыз екінші біреуге жеткізіледі.

Сонда біз бұл сөздердің өзін де біраз өзгертіп жібердік: бірінші сөзге **-інші** жұрнағын, екіншіге **-та** жалғауын, үшіншіге **-и** жұрнағы мен **-мын** жалғауын қостық.

Мұндайлар – сөздердің өзгеру, тіркесу және оларды сөйлем етіп құрау тәсілдері мен жолдары. Мұндай тәсілдер жиынтығын тілдің **грамматикалық құрылысы**, ал тілдің грамматикалық құрылысын зерттейтін саланы **грамматика** деп атайды.

Сонда әр тілдің негізгі үш саласы болады екен: *сөз, сөз дыбыстары* және *сөз формалары* мен *тәсілдері*. Осыған орай, кез келген тілді зерттейтін ғылымның, сондай-ақ, қазақ тіл білімінің негізгі үш тарауы болады. Олар – **фонетика, лексикология және грамматика**.



1. Қазақ тілінің бұрын жете зерттелінбеуінің себебі не? 2. Қазақ тіл білімі қандай мәселелерді тексереді? 3. Тіл қандай-қандай салалардан – элементтерден құралады? 4. Тілдегі сөздерді қарым-қатынасқа түсіріп, тіркестіру не үшін керек? 5. Тілдің грамматикалық құрылысы дегенді қалай түсінесіңдер? 6. Тіл білімінің қандай тараулары бар?

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ

Тіл дыбыстарын, оның жүйесін, өзгерту жолдарын зерттейтін саланы *фонетика* деп атайды. Дыбыс деген сөздің ұғымы кең. Мәселен, жылқының кісінегені, сиырдың мөңірегені, қойдың маңырағаны, қаздың қаңқылдағаны – осылардың бәрі де дыбыс. Машина, ұшақ, кемелерде де үн, дыбыс бар. Бірақ фонетика мұндай дыбыстарды зерттемейді.

Фонетика тіл дыбыстарын тексереді. Тіл дыбыстары – сөз құрайтын дыбыстар. Оларды *фонема* деп атайды.

Тіл дыбыстарының – фонемалардың – қыр-сыры мол. Мәселен, **ақ** дегендегі **қ** дыбысы мен **қағаз** дегендегі **қ** дыбысы – бір фонема. Сонда да болса, бұл екі сөздің екеуінің айтылуында сәл айырмашылық бар. Тіл дыбыстарын тіркестіруде де заңдылық бар. Кез келген дыбысты кез келген дыбыспен тіркестіре салуға болмайды.

Оқы, сегіз, сынып деген үш сөзді алсақ, алдыңғысы үш дыбыстан, соңғылары бес-бес дыбыстан құралып тұр. *Оқы* десек, бір түрлі, *оқимын* десек, екінші түрлі, *сынып* десек, бір түрлі, *сыныпта* десек, екінші түрлі болып, сөздегі дыбыс құрамы түрленіп тұр. *Сегізінші сыныпта оқимын* десек, сөздердегі дыбыстардың тіркесуі арқылы айтылмақ ойымыз түсінікті болып тұр.

Тілдегі әр дыбыс әр түрлі дыбыстау мүшелерінің қатысуы арқылы жасалады. Дыбыстау мүшелері – ауыз қуысы, мұрын қуысы, тамақ қуысы, дауыс шымылдығы, ерін, тіл, тіс, таңдай, өкпе, тамақ, көмекей т.б. Осылардың қатысуына қарай әр дыбыс әр түрлі айтылады, естіледі. Әр мүшенің, әр дыбыстың атқаратын қызметі болады.

Фонетика дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, дыбыстардың үндесу заңдылықтарын да зерттейді. Мәселен, тіліміздегі сөздердің *халық – халқы, көрік – көркі, көрік – көрігі, мектеп – мектебі, кітап – кітабы, бақ – бағы, қазақ – қазағым* сияқты түрде өзгеруі дыбыстардың алмасуларына байланысты. Сондай-ақ, қазақ сөздерінің басқа тілдердегіден бір ерекшелігі – түбір сөз жуан болса, оған жуан дауысты қосымшалар, түбір сөз жіңішке болса, оған жіңішке дауыстылар (*бала+лар, әке+лер*) жалғанатындығы. Кейде бұл заңға көнбейтін – не бірыңғай жіңішке, не бірыңғай жуан болып қосылатын қосымшалар да бар. Мысалы: *әсемпаз, ақылгөй, әуесқой, баланікі, шеберхана, пәлеқор, жалақор, жемқор, дүниеқор, арбақеш*.

Тау, су дегендер – бір-ақ буынды сөздер. Алғашқы сөзде *у* – дауыссыз, соңында – дауысты. Сондай-ақ, *жұмысшы* деген сөз бен *Сарыарқа, Жаңаарқа, Ақ отау, оқып па екен* сияқты сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы бірдей емес. Бұл – *кең бөлме* десек, *бөлме* – зат есім; *Бөлмені бөлме* дегендегі *бөл* сөзі – етістік. Бұл сөздердегі – *ме* – екі түрлі жұрнақ. Олардың айтылуында, яғни сөз екпінінде де өзгешелік бар. Сол сияқты, сөзді жазып келе жатқанда, сөз жолға сыймаса, ол сөздің буындарын келесі жолға

тасымалдаудың да өзінше заңдылығы бар. Осылардың бәрін тексеретін сала – **фонетика**.

Сөйтіп, **фонетика** – тіл дыбыстарын – фонемаларды, олардың түрлерін, жасалу жолдарын, естілуін, қызметін, оларды топтастыруды, дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, дыбыстардың үндесуін, буын түрлерін, сөздерді тасымалдау заңдылықтарын т.б. зерттейтін тіл ғылымының саласы.



- 1.1. Фонетика нені зерттейді? 2. Фонема деп қандай дыбыстарды айтады?
3. Дыбыстау мүшелерін атаңдар. Олардың қандай-қандай қызметтерін білесіңдер?
4. Сөз ішінде дыбыстардың алмасуына мысалдар келтіріңдер. 5. Қосымшалардың түбір сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай жалғануын қандай заң деп атайды? 6. Сөзді дұрыс жазу қағидаларын қандай заң деп атайды? 7. Сөзді дұрыс айту қағидаларын қандай заң деп атайды? Мысал келтіріңдер. 8. Сөз екпіні дегеннен не білесіңдер? Сөз екпінінің қандай түрлерін білесіңдер? Мысал келтіріңдер. 9. Буынның қандай түрлерін білесіңдер? Мысал келтіріңдер. 10. *Ақ, аққу, асқақ, қозы, қазақ* деген сөздердегі **а, қ** дыбыстарының айтылуын салыстырыңдар. 11. *Сабақ, асқақ, ас, Асқар, Асан* деген сөздердегі **с, қ, а** дыбыстарының айтылуын салыстырыңдар. 12. *Ат, атай, той, тарақ* сөздеріндегі **т** фонемасының айтылуын салыстырыңдар. 13. Өздерің қалаған бір дыбыстың бірнеше сөз ішінде, сөздің әр жерінде келуіне мысалдар ойлап тауып, солардың айтылуын салыстырып көріңдер. 14. Қазақ тілінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін естеріңе түсіріңдер. 15. Қазақ тілінің үндестік заңына сай келмейтін тағы да қандай жайларды – қосымшаларды білесіңдер? Оларды дәптерлеріңе жазып келіңдер. 16. Айтылуы мен жазылуы сай келмейтін қандай сөздер мен сөз тіркестерін білесіңдер? Оларды дәптерлеріңе жазып келіңдер.



II. Осыдан кейінгі тақырыпты алдын ала оқып алыңдар да, мына төмендегі сұрақтар мен тапсырмаларға әзірленіңдер:

1. Дыбыс пен әріптің айырмасын айтыңдар. 2. Қазақ тілінде қанша дыбыс бар? Дауыстылары мен дауыссыздарын атаңдар. 3. Дауыстыға да, дауыссызға да қосылатын қандай дыбысты білесіңдер? Мысал келтіріңдер. 4. Қосарлы дыбыстарды атаңдар. 5. Дәнекер белгілерді атаңдар. 6. Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар? 7. Алфавит дегеніміз не? Қазақ алфавитін тізілу ретімен атап шығып, жаттап алыңдар. 8. Орыс тілінде жоқ, қазақ тіліне ғана тән дыбыстар мен әріптер нешеу? Оларды атаңдар.

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ, ОРФОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ

Тілде дыбыс болады. Дыбыс сөз құрайды және айтылады. Ол дыбыстардың таңбасы **әріп** деп аталады. Әріп жазылады, оқылады.

Қазақ тілінде **36** дыбыс бар. Оның ішінде дауыстысы – 12 дыбыс-фонема. Олар мыналар: **а, ә, э, е, и, о, ө, у, ү, ы, і**; дауыссызы – 24 дыбыс-фонема. Олар мыналар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ч, ш**.

У дыбысы – әрі дауысты (мыс: *су, бу*), әрі дауыссыз (мыс: *тау, ауыл*)

Мұның үстіне орыс тілінен енген қосарлы, яғни екі дауысты білдіретін таңбалар (**ё, я, ю, ш**) мен дәнекер белгілер (**ъ, ь**) де бар. Сонда қазақ тілінде 36 дыбыс, 42 әріп бар.

Дыбыс деп тілдегі сөз құрайтын фонемаларды, **әріп** деп солардың жазба таңбасын айтамыз. Мәселен, **а, ә, б, в, г, д** – бір-бір дыбыстың әрпі, яғни таңбасы; **ё, я, ю, ш** – қосарлы дыбыстардың таңбасы; **ъ, ь** – ешбір дыбысты білдірмейді, тек қана дәнекер белгілер. Бірақ бұл екеуі де графикалық таңбалар. Бұдан шығатын қорытынды – тілдегі дыбыс саны мен әріп санының бірдей бола бермейтіндігі.

Тілдегі әріптердің барлық жиынтығын **алфавит** деп, олардың тізілу ретін **алфавит тәртібі** деп атайды.

Қазақ алфавиті мынандай: *а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ь, э, ю, я*.

Қазіргі қазақ тілі орыс графикасына негізделген. Орыс тілінде 32 таңба болса, қазақ тілінде 42 әріп-таңба бар. Орыс тілінде жоқ, тек қазақ тіліне ғана тән (төл дыбыстар – 10) әріптер – 9 (өйткені **ы** дыбысының таңбасы екі тілге бірдей ортақ). Олар: **ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ, і**.

Орфография¹ тілдегі сөздерді дұрыс жазу нормалары мен ережелерін белгілейді. Кез келген сөз дұрыс жазылса, оның мағынасы дұрыс түсініледі; айтылмақшы ой дәл, айқын, анық жеткізіледі. Сондықтан күнделікті өмірде орфографияның маңызы өте зор.

Адам баласы осы күнгі жазу түріне бірден жетпеген. Бір кезде адамзат өз ойын сурет арқылы, яғни сурет салу арқылы білдірген. Ондай жазуды **пиктография**² деп атаған. Бірте-бірте әрбір сөзді, мағынаны білдіретін жеке-жеке таңбалар ойлап шығарылған. Ондай

¹ Гректің *jrphos* – түзу, дұрыс және *graho* – жазамын деген сөздерінен алынған.

² Латынның *pictos* – бояу және гректің *grapho* – жазу деген сөздерінен алынған.

жазуды **идеография**¹ деп атаған. Келе-келе, адамзат дыбыстық жазуды ойлап тапқан. Дыбыстық жазудың өзі өте ерте заманда, адамзаттың табиғатты толық игеруіне, темір кендерін қорыта алу дәрежесіне жетуіне байланысты шыққан. Ф.Энгельстің айтуынша, адамзаттың өркениетке көше алуының пәрменді бір себебі – дыбыстық жазуды ойлап тауып, қолдана білуі. Қазіргі тілдегі жазудың бәрі дерлік – дыбыстық жазу. Бірақ олардың жазу принциптері әр түрлі.

Қазақтың ауызекі тілінде бір сөзді немесе сөз тіркестерін әркім әр түрлі айтуы мүмкін. Сондықтан сөзді қалай айтсам, солай жазғаным дұрыс дейтіндер табылуы ықтимал. Оның үстіне сөздің айтылуы мен жазылуы да үнемі бірдей бола бермейді, бірдей болуы мүмкін де емес. Бұл – әр тілдің заңы. Бірақ солай бола тұра, тілдегі бір сөзді немесе сөз тіркестерін әркімнің әр түрлі жазуына болмайды. Жұртшылықтың бәріне ортақ заң – **орфография ережелері**.

Мәселен, *құрылысшы* деген сөздің айтылуы *құрылышышы*. Бұл сөзді *құрылұшышы*, *құрұлұшышы*, *құрұлұшышы*, *құрұлұшышұ* деген түрде айтушылар да болуы мүмкін. Соған қарамастан, бұл сөз, жоғарыдағыдай, *құрылысшы* түрінде алғашқы тұлғаларын (*құр+ыл+ыс+шы*) сақтап жазылады.

Әр тілдің өз ерекшелігі бар. Соған орай, әр тілдің орфографиясы, яғни сөздерді дұрыс жазу нормасын белгілейтін қағидалары болады.

Қазақ орфографиясы сөздердің жазылу нормаларын қарастырғанда үш принципке – **морфологиялық, фонетикалық және дәстүрлі принципке** – сүйенеді.

Дәстүрлі жазу – бұрын қалай жазсаң, солай жаз деген принципті ұстайды. Қазіргі ағылшын, француз орфографиясы, негізінен, осы принципке сүйенген. Олар ғасырлар бойы қалай жазса, сол сөзді күні бүгінге дейін солай жазуда. Сондықтан ол тілдерде сөздің айтылуы бір басқа, жазылуы бір басқа болып келеді.

Қазақ орфографиясында бұл принциптің аясы тар. Дегенмен оның қолданылатын жерлері де бар. Мәселен, бұл принцип кейбір сөздерді саралау, қай мағынада екенін оңай ажырату үшін аса қажет. Мысалы: *қал* – *хал* (үйде **қал**, **хал**-жағдай); *қат* – *хат* (Бір нәрсеге **қат** болып отырмын; Үйге **хат** жаздым); *қан* – *хан* (Зұлым **хан** өзіне қарсы келген халықты қызыл **қанға** бояй беріпті) т.б.

¹ Гректің *idea* – ұғым, түсінік және *grapho* – жазу деген сөздерінен алынған.

Дәстүрлі принципке сай жазылатын сөздер, негізінен, кейбір әріптерге, кісі аттарына, басқа тілден енген атауларға байланысты болып келеді:

1) **Х** әрпіне байланысты сөздер: *хабар, хабарландыру, хакім, хал-ахуал, халық, ханым, ханша, хикая, хош (uic)* т.б.

2) **У** әрпіне байланысты: *айуан, айуанат, кейуана, миуа* т.б.

3) **Щ** әрпіне байланысты: *ащы, тұщы, кеще*.

4) **Қ** әрпіне байланысты: *қате, қауіп, қауіпсіздік, қиуа, қиуадан шауып, қиуаз, қожайын*, т.б.

5) Кісі аттары мен біріккен сөздерде: *Ахмет, Хамит, Хасен* т.б. Сондай-ақ, кейбір есімдерге *гүл* сөзі күл түрінде де жалғасып келе береді. Соған орай, *Айгүл, Баршагүл* деумен бірге, *Сарсенкүл, Бейсенкүл, Құлтай* деп айтыла да, жазыла да береді. Сол сияқты араб, парсы тілдерінен келген есімдер өзгеріп, қалыптасқан күйінде жазылады: *Әли, Әлі; Ғали, Қали; Әлия, Ғалия; Құмар, Ғұмар; Жүсіп, Түсіп, Нүсіп* т.б.

Орыс тілінен ертеде келіп, әбден сіңісіп, өзінің бастапқы қалпын өзгертіп жазылып кеткен *бәтеңке, шайнек, облыс, жандарал* сияқты сөздерді де осы топқа қосуға болады.

Әдетте, **морфология** сөз құрамын, сөз түрлері мен өзгерістерін тексереді. Жазудағы морфологиялық принцип соған сай белгіленген. Сондықтан морфологиялық принцип бойынша сөздердің түбір тұлғалары сақталынып жазылады. Мәселен, *ұш* десек, бұл–түбір сөз. Сол қалпында айтылып та, жазылып та тұр. *Ұшқыш* десек, *ұш*–түбірі; *қыш*–жұрнақ. Бірақ бұл сөз *ұшқыш* түрінде айтылады. Соған қарамастан *ұшқыш* түрінде жазамыз. Өйткені морфологиялық принцип бойынша сөз түбірінің ғана емес, қосымшаның да бастапқы қалпы сақталынып жазылады.

Біріккен сөздер мен қос сөздерді айтқанда, олардың бір сыңарының кейбір дыбысы өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бірақ морфологиялық принцип бойынша жазуда ондай өзгерістер де еске алынбайды, – түбірдің де бастапқы қалпы сақталынып жазылады.

Мәселен, *Аяққалқан, шекара* сияқты екі түбірден біріккен сөздер бар. Сондай-ақ *жер-көк, қоян-қолтық* тәрізді екі түбірден құралған қос сөздер *Аяққалған, шегара, жер-гөк, қоян-голтық* түрінде естілгенімен, морфологиялық бұрынғы қалпы сақталынып жазылады.

Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектері қалай айтылса, солай жазылады. Бұл принцип, негізінен, сөздегі қосымшалардың жазылуында ескеріледі. Мысалы: *адам+дар, ат+тар, қарт+қа, үй+ге, әке+м+е, аға+м+а, ағаш+тар, үйрек+тер, бала+лар, әке+лер, қағаз+дар, егіз+дер* т.б.

Фонетикалық принциптің сөз түбірлерін жазуға да қатысы бар. Мәселен, *ағаш, тау, тас, ән, аң* десек, бұлардың түбірінің өзі – осы сөздер. Олардың жазылуы мен айтылуы бірдей.

Морфологиялық принципті басшылыққа алсақ, бұларды *шап+ып, жап+ып, тап+ып* деп жазған болар едік. Бірақ мұндай сөздерде түбірдің бастапқы қалпы ескерілмейді.

Алып бар, алып кел, алып кет деген сияқты күрделі етістіктер *апар, әкел, әкет* түрінде де айтылып, жазылады; *бергенмін, келгенмін* тәрізді есімшелер, әсіресе, поэзияда *бергем, келгем* түрінде ықшамдалып қолданылып, осылайша жазыла береді.

Кейбір біріккен сөздер де фонетикалық принципке сүйеніліп, қалай айтылса, солай жазылады. Мысалы: *бүрсігүні, күздігүні, қолғап, ашудас, Қожахмет, Торайғыр* (*бүрсікүні, күздікүні, қолқап, ашутас, Қожаахмет, Торыайғыр емес.*)



I. 1. Дәстүрлі принцип сөздерді жазуда қандай негізге сүйенеді? 2. Дәстүрлі принципке негізделген қай тілдің орфографиясын білесіңдер? 3. Қазақ орфографиясында дәстүрлі принциптің орны қандай? 4. Дәстүрлі принциптің қазақ сөздерінде кездесетін жерлерін санамалаңдар. Оларды естеріңе сақтаңдар.

II. 1. Фонетикалық принцип дегеніміз не? Ол қандай орындарда қолданылады? 3. Осы принцип бойынша жазылатын сөздерге екі-үш мысал келтіріңдер.



III. 1. Морфологиялық принцип деген не? 2. Жазуда морфологиялық принцип қандай-қандай орындарда кездеседі? 3. Үш-төрт негізгі түбірге қосымша жалғап көріңдер. 4. Төрт-бес біріккен сөз ойлап, айтылуы мен жазылуын салыстырыңдар. 5. Төрт-бес қос сөз ойлап, айтылуы мен жазылуын салыстырып көріңдер. 6. Үш сөйлем ойлап жазып, ондағы сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуын салыстырыңдар.

IV. Айтылуы мен жазылуы сай келмейтін сөздер мен сөз тіркестерін атаңдар.

1. Ата-енең қартайса, тіреу болар бұл оқу! (*Ы.А.*) 2. Өзгеге, көңлім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың?! (*Абай*) 3. Темір тұлпар мінген қыз жапан қырды төңкерген, жерді егінмен көмкерген; елді азыққа мол еткен; дұшпанға ажал оқ еткен. (*Ж.Ж.*)

V. Естілуінше (айтылуынша) жазылған сөздерді орфография заңы бойынша жазып, себебін түсіндіріңдер.

Жасса, керегекен, көбжер, көгдөнен, Дошшан, Дүйсеңғали, Аймаңқұл, Құрмамбек, Жампейіс, ұшқыншың, шашшыз, жас қалым, жас күл, Ақпала, Жүніспек, Қамыспай, Божжігіт, шашша, қашша, сүссе.

VI. Сөйлемдегі сөздерді айтылуы (естілуі) бойынша транскрипциялаңдар (жазып көріңдер).

1. Сол күні түнде Орынбордан Торғай ревкомына «Жангелдиннің комиссиясы барғанша, жәрдемге келген малдың бірде-біреуі таратылмасын, ол автомобильмен бүгін шығады» деген телеграмма келеді. (С.М.) 2. Шабандау торы атын тебіне түскен қарт шопан екі қызға тез жетті. (F.C.) 3. Кәрі әжем-ау, терезеде неге отырсың, сен үнсіз? (А.П.)

VII. Мына сөздерде **ю** әрпі қандай дыбыстардың орнына қолданылып тұрғанын айтыңдар.

Юпитер, юбка, трюма, сюжет, сою, салют, рюмка, полюс, оюлы, нығаю, қисаю, каюта, костюм, кекжию, кею, ию, жури, жаю, жаюшы, еңкею, баю, аюдай.

VIII. **Ф,ч,щ,ц** әріптері қолданылатын бірнеше сөз ойлап жазыңдар.

IX. 1. **Ә, ұ, ү** әріптерінің кейбір сөздің екінші буынында да қолданылуына мысал келтіріңдер. 2. Қосарлы **ый** әріптерінің қандай сөздерде жазылатынына мысал келтіріңдер. 3. Күрделі сөздер деген не? Мысал келтіріңдер. 4. Біріккен сөздерге мысал келтіріңдер. 5. **Еш, әр, кей, қай, әлде, бір** сөздері қандай сөздермен тіркескенде, бірге жазылады? Мысал келтіріңдер. 6. Бас әріптер қандай орындарда қолданылады? Мысал келтіріңдер. 7. Дефис арқылы жазылатын сөздерге мысалдар келтіріңдер.

X. Сөйлемдерді оқып шығыңдар; түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін ұғыңдар, –білмегендеріңді ұстаздарыңнан сұраңдар. Бұрынғы оқу мен қазіргі өз оқу жайларың туралы әңгімелеңдер.

Кейде шыбық шып ете түскенде, бақ етіп бақырып қалам...

–Әнеугүні-ақ біліп едім өсітетінін, – деді әкей, менің өксігім басылмаған соң. – Шыдай тұр, балам, екі-үш жыл оқысаң, қара танып қаларсың, сонсын әптиекке түссең, ар жағын көре жатармын...

Ескі арабша оқып, хат тану екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол инемен құдық қазғаннан қиын. Жұрттың көбі, мықтағанда, әптиекті

тауысады да, оқумен біржола қоштасып, «қанжығада көрісейік» деп жүріп кетеді.

Әкей: «Шыдай тұр» – деген соң, мен шыдай бердім. Алғаш қыс бойы әліп, би, ти, симен отырдым да, келесі жылы би астында бір ноқат, ти үстінде екі ноқат, си үстінде үш ноқаттан түгел 29 әріптің алды-артын, асты-үстін тамамдап шықтым. Үшінші жылдың қысында әлбүкүсін – ән, әлбекесін – ен, әлбүкүтүр – он – ән, ен, онның біразын еңсеріп тастадым.

Сөйтіп жүргенде, жиырмасыншы жылдың күзі болды. – Құлбай үйінде мектеп ашылатын болыпты, жаңадан мұғалім келіпті, – деп ел дүңк ете қалды. (З.Ақышев)

ҚАЗАҚ ОРФОЭПИЯСЫ ТУРАЛЫ

Орфоэпия – гректің дұрыс сөйлеу деген сөздерінен алынған термин.

Орфография – дұрыс жазудың нормасы болса, орфоэпия – дұрыс сөйлеу нормасы. Орфография заңдары сияқты, орфоэпияның да белгілі бір ізге түскен қағидалары бар.

Дұрыс сөйлеудің адамдардың күнделікті өмірінде атқаратын рөлі зор. Дұрыс сөйленбесе, айтылмақшы ой түсінікті болмайды. Мысалы: *Екі сиыр қора салып жатыр* деген сөйлемді алайық. Осы сөйлемдегі тіркестерді *екі сиыр қора салып жатыр* түрінде айтсақ, қораны сиыр салып жатқан болып шығады; ал тіркесімізді *екі сиыр қора* түрінде айтсақ, қораның екеу екені, оның өзі сиыр қора екені бірден аңғарылады.

Сондықтан жеке сөздер мен сөз тіркестерін нақышына келтіріп дұрыс сөйлей білу – айтайын деген ойды екінші біреуге анық, айқын етіп жеткізудің, сөйлеуші мен тыңдаушының бір-бірін тез де мүлтіксіз түсінісуінің кепілі.

Ауызекі тілде сөйлеудің тәртібі мен жүйесі бар. Сөйлеу принциптері баршаға бірдей ортақ болады. Әркім әр түрлі сөйлемей, жалпы халық тілінде ежелден бері қалыптасқан сөйлеу нормаларын бұлжытпай қолдануға тиіс. Дұрыс сөйлеу нормалары – жеке дыбысты айтудан бастап бүтіндей сөйлемді, бүкіл бір мәтінді нақышына келтіріп, мәнерлі де әсерлі түрде айта да, оқи да білу деген сөз.

Бұдан бір аңғаратынымыз – орфоэпия нормаларын сақтау дегенде, ауызекі тілде, ауызша сөйлегенде де, дұрыс сөйлей білуді, жазба тілде жазылғанды да дұрыс оқи білуді айтады екенбіз. Өйткені жоғарыда

айтқанымыздай, сөздің жазылуы мен айтылуы бірдей болуы да, бір-біріне сай келмеуі де мүмкін.

Дұрыс сөйлеу, жазылғанды дұрыс оқу көп нәрсені жетік білуге байланысты.

1. Қазақ сөздері, негізінде, үндестік заңына (сингармонизмге) бағынады. Сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстар бір-біріне ықпал жасап, әсер етеді. Олардың жазылуы мен айтылуында ескерілетін де, ескерілмейтін де жайлар бар. Ондайларды орфография заңы бойынша – дұрыс жазу, орфоэпия заңы бойынша – дұрыс айту керек. Мысалы: *Бесбай – Беспай; Ібжан – Іпжан; Көпжасар – Көбжасар; Нақыпбек – Нақыппек, Жиенбай – Жиёмбай, Жаңаарқа – Жаңарқа, Ақтау тасы – Ақтаутасы; ала қарға – алағарға т.б.*

2. Сөз екпінін, буын түрлері мен тасымал заңдарын білу – дұрыс сөйлеудің негізгі бір кепілі. Екпін түсетін буындар мен екпін түспейтін буындар кейде сөз мағынасына да әсер етеді. Мысалы: *Алматыда алма бар; алманы алма! Бұл – кең бөлме. Әзірше қозыны енесінен бөлме!*

3. Жеке сөздер мен сөз тіркестерін, бүтін сөйлемді дұрыстап, нақышына келтіріп айта білу интонацияға тікелей байланысты. Мысалы, *Марфуғаны кешеден бері асыға күткен Мақпал далаға жүгіріп шықты.* Осы сөйлемдегі далаға дегенге дейінгі сөздер бір тонмен, бір-ақ үзік болып айтылады да, *Мақпал* дегеннен кейін сәл кідіріс жасалады. Бірақ жазуда ол кідіріс орнына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Соған қарамастан, *Марфуғаны кешеден бері асыға күткен Мақпал* тіркесі көтеріңкірек интонациямен, өз ішінде басқадай бір елеулі кідіріс жасалмай айтылады.

Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің, сондай-ақ өзінен кейін көп нүкте, араларына үтір, сызықша қойылып жазылатын сөз тіркестері мен сөйлемдердің айтылуы көбінесе интонацияға байланысты болып келеді.

Мысалдар: *Ардақталған өзіңдей қазақта ақын тегі жоқ!*

– *Құлыным-ау! Ғалияшымсың ба?! Мейрам қайда?.. Мәриям апай мен Нәзира неғып жүр?! Өздері сендердің қуаныш-бақыттарыңа оң батасын беріп жатыр ма?!..*

– *Не дейсіз, әке! Оң бата деген не?*

– *Балам-ау! Оң бата деген – өмір бойы бақытты болсын деп, ақ тілеу тілеу ғой...*

– *Ақ тілеуі несі?..*

–Ақ тілеу... Сені мен Мейрам екеуіңнің басыңнан бұл өмірде бақыт-қызық, тату-тәтті мейірбандылық кетпесін деген сөз емес пе, балам!..

Кейде жалпы халықтық сөйлеу нормаларынан ауытқушылық та кездесіп қалуы мүмкін. Әдеби тіл нормасына қайшы келетін жайлар, әдетте, жергілікті тіл ерекшеліктерінде кездеседі. Мәселен, әдеби тіл нормасы – орфоэпиялық заң бойынша *шелек, қайшы, айтшы* түрінде айтылуы керек. Осындай сөздерді *челек, қайчы, айтчы* түрінде қолданатындар бар. Бұлайша сөйлеу дұрыс емес. Сондай-ақ, кейбір жер тұрғындары қайсыбір сөздерде **а** дыбысының орнына **ә** дыбысын қолданып сөйлейді. Мысалы: *бақан-бәқан (немесе бәқән), Ақан-Әқан, Нақан – Нәқан* т.б. Бұлайша сөйлеу де дұрыс емес.

Сол сияқты, *барайық* деудің орнына – *баралық, кел* деудің орнына – *келгін* деп сөйлеу де әдеби тіл нормасынан, оның ішінде орфоэпия нормасынан ауытқушылық болып есептеледі.

Орфоэпия қағидаларын – жалпы халықтық сөйлеу нормасын сақтап, оны қадірлей білу – баршамызға ортақ.



I. 1. Орфоэпия деп нені айтады? Оның орфографиядан айырмашылығы не? 2. Орфография мен орфоэпияның сәйкес келмеуіне мысал келтіріңдер. 3. Орфоэпия нормасы деген не? 4. Орфоэпия нормаларын білу қандай мәселелерді білумен тығыз байланысты? Мысал келтіріңдер. 5. Өз сыныптарыңда әдеби тіл нормасын бұзып сөйлейтіндер бар ма? Болса, мысал келтіріңдер. Оның себебін түсіндіруге тырысыңдар.



II. Мәтінді оқып, өздеріңе таныс емес сөздердің астын сызыңдар: әдеби тіл нормасына сай емес сөздерді тауып, олардың әдеби нұсқаларын жақша ішіне жазыңдар.

1. Кетпенін иығына асып, үлкен атыздың басымен ілгері аяңдады. 2. Кейбір атыздардың су жүретін құлағынан қазықтар қағып, талдырғылап тастапты. Ескі суы қашыртқылануда. 3. Жон арқасынан шыққан тер бейне бір тесік местен тамшылаған су тәрізді. Олардың аты – әрендікар, мәрдікәр... Бұлардың алатыны – еңбек өнімінің белгісіз бір үлесі. Кесіпсіздік айдап, қорғанның қақпасынан әкелгенде, бай-батшалар:

– Саттасы – менікі; нымтасы – сенікі деген болатын. Бұл – Йассауи арығының суындай төгіліп жатқан еңбек сол «нымта» үшін ғана болар. (*Қ.Әбдіқадыров*) 4. Балалар, пахтаның чатағымен жүріп, сабаққа дайындалған жоқсыңдар ғой! Соныманан сабаққа қопалдау дайындалған боларсыңдар. Деген мынан мынаңдай сұрауға жауап беріп көргін... Еш

қысылмағын, саспағын. 5. Жолаушылар азанда кәтте тасқа жазылған жазуды көрді.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ СӨЗ БАЙЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ ҰҒЫМДАР

Кез келген тілдің сөз байлығы болады. Оны тілдің **лексикасы** деп атайды. Тілдің сөз байлығын, яғни лексикасын зерттейтін саланы *лексикология* деп атайды. Сонда фонетика дыбыстарды тексерсе, лексикологияның зерттейтіні – сөз.

Тілдегі сөздердің қыр-сыры мол. Әр сөздің белгілі бір мағынасы болады. Кейбір сөздің бір емес, бірнеше мағынасы болуы да мүмкін. Кейбір сөз бір жерде өзінің тура мағынасында қолданылса, екінші бір жерде дәл сол сөз ауыспалы мағынасында да келуі мүмкін. Кейбір сөздер сырт тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанымен, әр басқа мағынаны білдіреді; кейбір сөздер әр түрлі тұлғалы болғанымен, мағыналары бір-біріне жақын болады.

Мәселен *бас* – адамның дене мүшесі. *Оның басы жұмыс істейді. Алатаудың басынан бұлт кетпес. Балама бас-көз бола жүр.* Бұл сөйлемдерде *бас* сөзі түрлі-түрлі мағына беріп тұр.

Ақтаудан бір қасқыр соғып алдым. Ақтаудың жігіттері шетінен қасқыр. Бірінші сөйлемде *қасқыр* сөзі тура мағынасында, екіншіден – ауыспалы мағынада.

Бұл үйдің дастарқаны мол. Ол үйдің төрт-бес тұяғы да бар десек, дастарқан, тұяқ сөздері де ауыспалы мағынада.

Атты әкел. Ағамның баласының аты – Батырхан. Ол мылтық атты десек, үш сөйлемдегі *ат* дегендер – үшеуі үш басқа мағыналы сөздер.

Шерхан – әдемі, келбетті де көрікті жігіт десек, *әдемі, келбетті, көрікті* – мағыналас сөздер.

Бұл келтірілген мысалдар сөз мағыналарының әр түрлі бола беретінін көрсетеді. Бұдан тілдің лексикологиясы, ең алдымен, сөз мағынасын зерттейтінін аңғарамыз.

Тілдің сөз байлығы бір күнде немесе бірер ғасырларда ғана қалыптаспайды. Оның лексикасы замандар бойы жасалынады, әр түрлі арналардан құралады. Қазақ тілі де сондай тіл. Қазақ лексикасының дені – ежелден бері қолданылып келе жатқан байырғы сөздер. Сондай-ақ, бір кезде қолданылғанымен, қазірде ұмытылып кеткен

сөздер де бар. Жаңадан жасалынған сөздер де толып жатыр. Шетел тілдерінен – монғол, араб, парсы және басқа тілдерден енген кірме сөздер де бар. Бұдан тілдің лексикологиясы сөз байлығының құралу, толығу арналарын да тексеретінін аңғарамыз.

Тілдегі сөздердің қолданылуында да ерекшеліктер көп. Кейбір сөздер үнемі қарапайым мағынада, кейбір сөздер әсерлі мағынада жұмсалады. Мәселен, *ұялдым* деген сөз бен *бетімнің оты шықты* деген тіркестің мағынасы бірдей. Бірақ соңғы тіркес өте әсерлі. Сондай-ақ, *өнерлі* дегеннен гөрі *бес аспап, бармағынан бал тамған; әсем сұлу дегеннен гөрі, ай десе аузы, күн десе көзі бар* дегендер айтылмақшы ойды жеріне жеткізе түсетін сияқты. Лексикология сөздер мен сөз тіркестерінің осы тәрізді ерекшеліктерін де зерттейді.

Сөйтіп лексикология – тілдің лексикасын, дәлірек айтсақ, тілдегі сөздердің сан алуан мағыналарын, сөз байлығының құралу, толығу, даму жолдарын, сөздердің қолданылу ерекшеліктерін зерттейтін сала.

Қазақ тілінің суреттеме және көркемдегіш құралдарын орынды қолдана білу үшін, тілдің сөз байлығын – лексикасын жетік білу қажет. Қазақ тілінің сөз байлығы әр түрлі арналар мен салалардан құралған. Оның басты бір негізі – тіліміздің ежелден бергі байырғы, төл сөздері: соның негізінде әр түрлі жолмен жасалған толып жатқан туынды сөздер, жаңа сөздер, терминдер.

Мәселен, лексикамыз түбірге қосымша қосу (*біл+ім+ді+лік, біл+гір, біл+гіш, біл+ім+паз, біл+гіш+сымақ* т.б.), екі немесе одан да көп сөзді біріктіру (*аққу, өнеркәсіп, еңбекақы, Теміртау*), сөзді қосарлап айту (*айтып-айтпай не керек? Сөйлей-сөйлей шешен боларсың, көре-көре көсем боларсың*), сөздерді тіркестіру немесе сөздердің орын тәртібін ауыстыру (*ағаш үй – үй ағаш, қалта сағат – сағат қалта, қоңырқай қызғылт түсті, ақ сұр келген, әдеміше; әуірімдеп барып қайтты, сөйлеп барып тоқтады*), тәсілдер, сондай-ақ, басқа тілден енген кірме сөздер арқылы толығып, байып отырады.

Тілдің лексикасы сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да дамып, молығып отырады. Мысалы, бір сөз келе-келе бірнеше мағынаға ие болып кетуі мүмкін; бұрын тар мағынада қолданылған кейбір сөздердің өріс-аясы кеңіп, түрлі-түрлі тіркесте қолданыла алатын дәрежеге жетуі мүмкін; керісінше, кейбір сөздердің мағынасының тарылуы, ал кейбір жағдайда бір негізден шыққан синонимдес сөздердің мағыналары сараланып, әрқайсысы жеке-жеке сөзге айналуы мүмкін. Мысалы:

ғылым–білім–ілім; өкімет–үкімет; мәлімет–мағлұмат; уақиға – оқиға т.б.

Стильдік тұрғыдан тілдің лексикасы екі салаға–тілдің **актив лексикасы, пассив лексикасы** деп бөлінеді.

Актив лексика–деп жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті, күнделікті өмірде, сөйлеу-жазу тәжірибесінде көп қолданылатын сөздерді айтады. Мысалы, *байырғы түбір сөздер, олардан өрбіген туынды сөздер, біріккен сөздер, қос сөздер, көп мағыналы сөздер, омонимдер, синонимдер, антонимдер, кірме сөздердің сіңісіп кеткен түрлері, мақалдар мен мәтелдер, фразеологиялық тіркестер* т.б. **актив лексикаға** жатады.

Пассив лексика–деп күнделікті көп қолданылмайтын, жалпыға бірдей түсінікті бола бермейтін, кейбір мамандар арасында ғана, ғылыми-техника саласына тән, қажетті болған жағдайда ғана пайдаланылатын сөздерді айтады. Мысалы, *неологизмдер, терминдер, архаизмдер мен тарихи сөздер, диалектизмдер, профессионализмдер* т.б. **пассив лексикаға** жатады.



I. 1. Тілдің лексикасы–тілдің суреттеме және көркемдегіш құралдарының негізі дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Қазақ лексикасының арналары мен салаларын атаңдар. 3. Сөзден сөз туғызу амал-тәсілдерінің қандай түрін білесіңдер? Мысал келтіріңдер. 4. Тілдің лексикасы сапа жағынан да дамиды дегенді қалай түсінесіңдер? Мысал келтіріңдер. 5. Актив лексика, пассив лексика дегенге не жатады? Бұрынғы сыныптарда олардың қай түрлерімен таныстыңдар? Ойларыңа түсіріп, мысалдар келтіріңдер. Өздеріңе бұрын таныс еместері қайсы? Дәптерлеріңе жазып алыңдар.



II. Тіл-тілдің лексикасын толықтырып, байыта түсетін үлкен бір арна – кірме сөздер. Оқып шығып, мазмұнын біліп алыңдар, ретті жерінде пайдалана да, түсіндіре де алатын болыңдар.

1. Орыс тіліне – *тетрадь, парус, лента, фонарь, укус, кукла, кровать, бумага, корабль*- грек тілінен; *циркуль, глобус, цирк, автор*- латын тілінен; *лагерь, штаб, галстук, бухгалтер, бинт, хлеб, стул, лозунг, слесарь, штурм, патронташ, маузер, жәрмеңке* – неміс тілінен; *костюм, одеколон, вальс, котлета, портфель, солдат, суп, ваза, жилет, помидор* – француз тілінен; *свитер, трамвай, троллейбус, спорт, байкот, лидер, волейбол, сквер, клуб, нейлон* – ағылшын тілінен; *балерина, бас, bravo, серия, либретто, опера* – итальян тілінен; *матрос, койка, шлюпка, руль, флаг, рейд, трап, кабель, зонтик* – голланд тілінен енген сөздер.

2. Қазақ тіліне—*дін, алла, шайтан, мешіт, рақмет, уақыт, өмір, мектеп, кітап, қалам, пән, мәдениет, хат, қызмет, дәулет сөздері*—араб тілінен; *майдан, хана (асхана, жатақхана), сауда, бақша, алмұрт, дос, зор, дұрыс, таза, дүйсенбі* сөздері—иран тілінен: *ояз, старшын, облыс, обком* сияқты сөздер орыс тілінен енген.

3. Қазақ тілі және қазақ тілімен туыстас басқа да тілдер мен монғол тілдерінде мынадай сөздер ортақ қолданылады: *әбдір, алтын, аймақ, қарыз, жол, қор (қол деген мағынада), дулыға, жасақ, қой* т.б.; қазақ және қазақ тілімен туыстас басқа тілдер арқылы орыс тіліне мына сияқты сөздер ауысқан: *бай, башмақ, тұлып, қазына, алтын, қымыз, қарауыл, аршын, көтерме, таусағыз* т.б.

ТІЛДІҢ АКТИВ ЖӘНЕ ПАССИВ ЛЕКСИКАСЫ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНІК

Тілдің актив лексикасына байырғы түбір сөздер мен солардан әр түрлі тәсілдер арқылы жасалып, өрбіген толып жатқан сөздер жатады дедік. Солардың ішінде, әсіресе, полисемияның, омонимдердің, синонимдер мен фразеологиялық тіркестердің стильдік мәні айрықша.

Полисемия—гректің **көп мағына** деген сөздерінен алынған термин. **Полисемия деп**—*бір сөздің әр түрлі контексте (сөйлемде) әр түрлі мағына білдіруін айтады.* Бірақ әр түрлі мағына дегенде, сөздің өзінің негізгі мағынасына жақын мағына білдіруін ғана полисемия деп атаймыз. Сонымен бірге белгілі бір сөзді көп мағыналы сөз деп атау үшін, ол сөздің әр түрлі контексте келуіне қарай, біріншіден, мағыналарының арасында сәл де болса айырмашылық болу керек, екіншіден, ол мағыналар арасында өзара байланыс, жақындық болуы қажет. Ондай жақындық, мағыналық байланыс көрсеткіші—сол сөздің негізгі мағынасы. Қазақ тілінің ежелден бергі байырғы төл сөздері, негізінен, көп мағыналы болып келеді.

Мысалы: *Әшірбек басын көтеріп, аузын жыбырлатты да, балықтарға қайта үңілді; Ол бөтелкенің аузын аша бастады; Суы тайыз, өткел аузында баяу сөйлеген дауыстар шығады. (Ғ.Мұст.) Көмір суырдың қазған інінің аузына шығып қалыпты. (Ғ.М.) Ол марляға жабысып қатып қалған жараның аузын қолымен жұлып алды. (Ә.Ә.)* Мұнда бірінші сөйлемдегі *ауыз* сөзі ғана өзінің тура мағынасында тұр да, қалған сөйлемдерде бұл сөз сәл де болса басқа-басқа мағынада.

Бірақ әр сөйлемдегі *ауыз* сөзінің мағыналары арасында жақындық, мағыналық байланыс бар. Олай болса, *ауыз* сөзі – **полисемсия**.

Омоним – гректің *біркелкі; бірдей ат* деген сөздерінен алынған термин. Сырттай қарағанда, дыбысталу жайына келсек, омонимдер полисемияға ұқсас тәрізді болып көрінеді. Бірақ шындығында олай емес. Омонимдер де, полисемия сияқты, бірдей дыбысталады; полисемиядағыдай мағыналық жақындық байланыстары болмайды; сөз бірдей дыбысталып айтылғанымен, әр түрлі мағына білдіреді.

Сөйтіп, **омонимдер деп – бірдей дыбысталып айтылатын, бірақ басқа-басқа мағына білдіретін сөздерді** айтамыз.

Мысалы, **азар** – үстеу; мағынасы – *әрең, зорға*; **азар** – зат есім; мағынасы – *қорлық, азап*. **Ай** – планета аты; **ай** – *30 тәулік*; **ай** – одағай; мағынасы – *өкініш*; **ай** – демеулік шылау (*әттеген-ай*); **ат** – адамның есімі; **ат** – *жылқы (көлік)*; **ат** – (етістік) қимыл-іс; *мылтық ат*.

Омонимдер кейде әзіл сөз, сықақ ретінде де қолданыла береді. Омонимдердің ондай түрін **каламбур** деп атайды. (*Каламбур* – француздың *сөз әзілі* деген термині). Омонимдер сияқты, каламбурда да сөздер біркелкі дыбысталады, бірақ қарама-қарсы мағыналы болып келеді.

Мысалы: *Қалқам, жаным, қарағым, бетіңе келмес қарағым. (С.Т.) Ауыр екен қап, әттеген-ай қап! Мылтықтың оғы – қорғасын, қасқырдан малды қорғасын. Ескек ескен Есенгелді ағамыз, асау Ертіс айдынында ағамыз. (М.Әл.)*

Синоним – гректің *біркелкі атау, бір түрлі айту* деген сөздерінен алынған термин. **Синонимдер деп – мағыналас, мазмұндас сөздерді айтады**. Бұларды омонимдерден айырмашылығы: синонимдер – мағыналас сөздер дыбысталуы жағынан үндес, сарындас болып келуі де (*мәлімет – мағлұмат, ғылым – білім – ілім*), дыбысталуы жағынан мүлдем басқаша болуы да мүмкін (*әдемі – сұлу – сымбатты – көркем* т.б.).

Қазақ тілі – синонимге аса бай тіл. Синонимдер – ойды әрі көрікті, әрі жеріне жеткізе айта білудің таптырмас құралы. Бірақ оларды талғай да таңдай білу керек. Өйткені мағыналас сөздердің бәрі үнемі бірінің орнына бірі қолданыла бермеуі мүмкін. Мысалы: *сұлу жігіт, көркем қыз, сымбатты жігіт, әдемі қыз* деуге бола тұра, *сұлу қағаз, көркем қарындаш* деу дұрыс емес.

Фразеология деген термин де грек тілінен шыққан, *сөйлемше туралы ұғым, ілім* деген мағына білдіреді. Фразеологиялық тіркестер

кемінде екі сөзден, бірнеше сөз тіркесінен, кейде бір, тіпті бірнеше сөйлемнен құралуы мүмкін. Фразеологиялық тіркестер құрамында келген екі немесе одан да көп сөз, кейде бүтіндей сөйлем үнемі бірер мағынада, негізінен, келтірінді, ауыспалы мағынада ғана қолданылады. Олардың ішінде, әсіресе, *мақал-мәтелдер, афоризмдер, нақыл сөздер*—ойды көркем де көрікті түрде жеткізудің ежелгі құралдарының бірі.

Мысалдар: *үріп ауызға салғандай: сегіз қырлы, бір сырлы; түйе үстінен сирақ үйітеді; білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады; екі өкпесін қолына алып: білім – таусылмайтын кен; білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез; тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын, т.б.*

Тілдің **пассив лексикасына** *неологизмдер, терминдер, архаизм мен тарихи сөздер, диалектизмдер, профессионализмдер* т.б. жатады.

Неологизм—грек тіліндегі *жаңа сөздер* деген ұғымды білдіретін термин. Шынында да неологизмдер деп—жаңадан ғана пайда болған сөздерді айтады. Мысалы, *ғарышкер, жердің жасанды серігі, 20-50-жылдарда қазақ тілінде қызыл отау, қызыл керуен, басқарма, баяндама, шығарма, жаратылыстану, өнім, өндіріс, бостандық, шаруашылық, қамқорлық, бесжылдық, сенбілік, халықаралық* т.б.; Отан соғысынан кейінгі жылдары *оқулық, аялдама, балмұздақ, суреткер, еңбеккер, оқырман, көрермен, ескертпе, сілтеме* тәрізді жаңа сөздер пайда болды.

Қазан төңкерісінен кейін енген *жаңа экономикалық саясат (НЭП), қосшы, жәшейка, колхоз, совхоз, комсомол, совет, совдеп, МТС, МТФ* сияқты сөздердің бәрі жаңа сөздер—неологизмдер еді.

Келе-келе, жылдар өте, бұл сөздер неологизмдік сипаттан айырылып, жалпыға түсінікті, халықтың бәріне ортақ сөздерге айналған болса, қазірде бұлар қолданыстан шыға бастады.

Бұдан шығарлық қорытынды: **неологизм** дегеніміз—өте шартты ұғым,—бүгінгі таңда халыққа жаңа сөз болып көрінсе, ертеңіне-ақ сіңісіп, ұғынықты болады. Олай болса, ондай сөздер неологизмдіктен қалады да, жалпы халықтық төл сөзге айналады. Әдетте, неологизмдер тіліміздің сөз тудыру, сөз жасау тәсілдері арқылы да (*басқарма, өндіріс*), басқа тілдерден дәлме-дәл қолдану арқылы да жасалады.

Терминдер деп бір мағыналы, ғылым мен техникаға тән, затты я құбылысты бұлжытпай атайтын сөздерді айтады. Терминдер бір сөзден

де, бірнеше сөзден де жасалынады. Терминдердің көпшілігі бірсыпыра тілге тән, ортақ болып, бір мағынада қолданылады.

Мысалы, грек, латын тілдерінен алынған бірсыпыра сөздер интернационалдық терминге айналып кетті: *партия, конституция, сенат, фонетика, морфология, синтаксис, грамматика, полисемия, орфография, орфоэпия* т.б. Орыс тілінің бірқатар сөздері бұрынғы Кеңес Одағындағы тілдердің бәрінде бірдей қолданылып, кеңестік терминдерге айналып кетті: *колхоз, совхоз*. Қазақ тілінде аударма арқылы және қазақ тілінің сөз жасау, сөзден сөз туғызудың түрлі амал-тәсілдері арқылы ондаған-жүздеген жаңа термин пайда болды: *тіл білімі, бастауыш, баяндауыш, етіс, етістік; толық құнды белок, ірі қара, жауқазын, дегелек, қызғалдақ, сарғалдақ, қараторғай, қара бидай, балқарағай, сиыржоңышқа, тыңайтқыш, биязы жүн, сүрлем, дақыл, танап, ауыспалы егіс, ауылшаруашылығы өнімі, минералды тыңайтқыш; сот билігі, ұйғарым, қызмет адамы, бөбектер үйі, тап, төңкеріс, қанау, қатынас, құн; өнеркәсіп, өндіріс; әскери бөлім, соғыс комиссариаты* т.б.

Архаизм мен тарихи сөздер дегеніміз бір-бірімен тығыз байланысты терминдер. Бұлар – қоғамның дамуына, жаңа салт-сана, әдет-ғұрыпқа, ғылым мен техниканың өсіп-жетілуіне байланысты өмірде күнделікті қолданылудан шығып қалған сөздер. Мысалы, *болыс, старшын, ояз, дуан басы, қорамсақ, дулыға, садақ, шиті мылтық, адырна, күні, киіт кию, өкіл күйеу* т.б. көнерген сөздерге жатады. Мұндайлар сол заманның, кезеңнің өмірін, тұрмыс-салтын сипаттайтын көркем әдебиет пен тарихи шығармаларда ғана кездесуі мүмкін.

Диалектизм деп – әдеби тілде қолданылмай, белгілі бір аймақ шеңберінде ғана қолданылатын тіл ерекшеліктерін атайды. Мысалы, кей жерлерде *шақыру* деудің орнына – *чақыру; піскен – пысқан; маңдай – маңлай; барарсыз – барасыңыз, барғалы отыр – барғайы отыр; сора (сұра), араба (арба), түгету (тауысу), кеуілі (көңілі), бірпара (бірсыпыра)* деп сөйлеушілік кездеседі. Мұндайлар – диалектизмдер. Әдеби тіл диалектизмді қолданбайды, оларды ығыстырып отырады.

Профессионализмдер деп – белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты сөздерді атайды. Бұлардың диалектизмнен айырмашылығы – өз кәсібі шеңберінде, мамандас адамдар арасында баршаға бірдей түсінікті болып келеді. Ондай сөздер ішінде әдеби тілге сіңісіп кеткендері де бар. Мысалы: *дақыл, көшет, сүдігер, дуал, шабандоз, даяшы, бағбан, мұрап, атыз, арасан суы, зембіл, дәке, наубайхана* т.б.



Тапсырмалар. 1. Жеке сөздердегі, сөз тіркестеріндегі неологизмдер деп түсінгендеріңнің астын сызып, мағынасын айтып беріндер.

1. Баяндама, аялдама, балмұздақ, оқулық, басқарма, шығарма, орталық, өнім, өндіріс, хабарландыру, бостандық, шаруашылық, бесжылдық, қамқорлық, сенбілік, халықаралық, облыстық, аудандық, селолық, ауылдық т.б.

2. Сәт-сағатта, тың және тыңайған жер, тың игеруші; торқалы той салтанаты; шартарап, кең-байтақ республика; жасампаздық пен ерлік; ғасырлар бойы тусырап жатқан тың жерлер; екінші майдан – еңбек майданына аттанды; талай тарлан талай-талай тер төкті; егін теңізі; отаншыл ұландар; бүгінгі көтерілген тың төсі – мол астықтың мекені, мызғымас достықтың дүкені.

3. Экономикалық және қорғаныс қуаты; нығайту ісіне қосар; ауыл шаруашылық еңбеккерлері; өнім өсірді; қамтамасыз етті; едәуір нығайтты; міндеттеме; қаһармандық еңбек; еңбек қаһармандары; ғарышкер (сәуірдің 12-сі, 1961 жыл), жердің жасанды серігі (қазанның 4-і, 1957 жыл); космонавтиканың қайнар көзі; Марсқа самғау; ғарышқа ұшу; Айға ұшу, қону; Әлем кеңістігін зерттеу; ғаламшарлық байланыс; континент аралық баллистикалық ракета; ғарыш кемесі; ғаламшар перзенті; ғарыш дәуірі; алтын әріппен жазылған есімдер өміршең болып шықты.

II. Омонимдерді бір бөлек, полисемияны бір бөлек тіркескен сөздермен теріп жазыңдар. Олардың не омоним, не полисемия екенін дәлелдендер.

а) 1. Қараңғыда есік іздеп, қамшымыз тимеген жер қалмай, азар дегенде бір тулаққа қолымыз тиді. (*Ф.Мұст.*) 2. Әлді болған адам жоқ, өзім түгіл, жұрағат, жеті атадан затымда. (*О.Ш.*) 3. Азу тісім ауырды. (*Т.С.*) 4. Ауруы күн санап ұлғайып, бала көз алдында аза берді. 5. Желсіз түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдеп. (*Абай*) 6. Туған ай тураған етпен бірдей. (*М.*)

ә) 1. Айыры пішен қасында, кісені кереге басында. (*М.*) 2. Ағаш айырдан гөрі, темір айыр ыңғайлы әрі берік. Дәу маялар айыр ұшымен ұшып жатыр. (*Ә.Мұст.*) 3. Қой егіз туса, шөп басы айыр шығады. (*М.*) 4. Ерте тұрдым, екі айыр жолға түстім. (*Ж.*) 5. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды. Соқыр мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық. Басқан жері сықырлап келіп қалды (*Абай*). 6. Мал семіреп, ақ пенен ас көбейер, Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

III. Оқып шығып, каламбурды табындар, келтірілген мәтінде тілдің суреттеме және көркемдегіш құралдарының қандай түрлері бар екенін атаңдар, сөз мағыналарын түсіндіріңдер.

- а) «Көлеңкені сойып жедім,
Бір жегенде, тойып жедім.
Қызыл етке қарауды да
Содан бері қойып едім...
Тауық саудым, тауық саудым,
Ең сүттісін тауып саудым.
Бал қаймаққа бөктірдім мен
Талайларын тамақсаудың. (М.Әл.)

IV. Оқып шығып, мазмұнын ұғындар; ретті жерінде қолдана, айта біліңдер; тілдік құралдардың қай түрі кездессе де, дәлелдеп, түсіндіріңдер.

Баяғыда елді хан билепті, халық ханнан зар илепті. Істейтін ісі жоқ, ауырайын десе, ауруы жоқ, еріккен ханның ермегі ел болыпты. Сол зұлым хан бір күні уәзірлерін шақырып алып:

–Кейінгілер бізді мадақтап жүруі үшін, бір аталы сөз қалдырайық, – депті.

–О, бәрекедді, бәрекедді!–деп шулапты уәзірлері.

Асыл сөз табамын деп, хан уәзірлері әрі ойлапты, бері ойлапты, бірақ түк таппапты.

–Осыдан ертеңге дейін сол сөзді таппасаңдар, бәріңнің де бастарыңды аламын!–депті хан. Әбден сасқан уәзірлері ертеңіне көшеден бір шалды ұстап алып, ханға әкеліпті.

–Көпті көріп, көп жасаған кісі, тапса, осы табады, тақсыр,–депті олар ханға. Ханның қаһары енді қартқа төніпті. Шал ойлануға үш күн мұрсат сұрапты.

Байғұс шал үш күннің қалай өткенін де аңдамапты. Қарт мерзімді уақытта келмеген соң, хан мен уәзірлер оны іздеуге шығыпты. Шалды олар өзен жағасында отырған жерінен тауыпты. Қартқа қаһарын тіккен хан оны суға батырындар деп бұйырыпты. Бата жаздап, су бетіне шыққан шалға уәзірлер тағы да ұмтылғанда, шал:

–Босатыңдар, таптым,–депті. Судан шыққан шал:–«Көп қорқытады, терең батырады»,–деп жөніне жүре беріпті. Қарттың бұл мақалын хан: «Мен таптым»,–деп көкіпті. Бірақ мақал хан сөзі болмай, халықтың өз сөзі болып, кейінгіге жетіпті. (М.Әл.)

V. Төменде келтірілген сөздердің қайсысы әдеби тіл нормасы, қайсысы диалектизм екенін түсіндіріңдер.

Ағаш үй–киіз үй; азар–қорлық; айырт–шат; ақпар–үлкен, литрлік кесе, жанан; астана–табалдырық; әйдік–үлкен, зор; әкпіш–иін ағаш; әуіт–су жиналатын ора; әтешкүр–шымшуыр; бада–өрістегі мал; бадашы–сиыршы; байтаба–жүннен тоқылған шұлғау; башақ–қауынның ұрығы; бәдірен–қияр; бодан–үлкен пышақ; бөртпе–ботқа; быдым–семіз, жуан; дәліз–ауыз үй, сенек, кіре беріс; дәйіс–ұятсыз, арсыз; дүкен–сақаның тісі; дүмше–аққұман; діл–көңіл, шет, ой, пікір; егерше–кішкене ер.

VI. Архаизм мен тарихи сөздерді өзі тіркескен сөздерімен қоса теріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.

1. Ханның кірген ақ орда, Бұзуын ойлап кеңестік, Аламанға жел бердік, Аса жұртты меңгердік. 2. Толғай-толғай оқ атқан, Он екі тұтам жай тартқан. (М.Ө.) 3. «Астағыспралда»,–деп күбірлеп, молда таспиғын қолтығына қайта қысты. (Б.М.) 4. Алдияр, көшпейік деп отырған біз жоқпыз. (Р.М.) 5. Отамалы көне мамыр айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. 6. Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар!–деп, үлкен бәйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атылас шымылдық шалқая ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, тәжім қып тұр екен. Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртис сала келу деп, кейде есік көре келу деп те аталады. (М.Ө.)

VII. Көнерген сөздерді атаңдар, ертеден қолданылып келе жатқан сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын аңғарыңдар.

Ғасырлар бойы халқымыздың негізгі мекені–дала мен киіз үй болса, сол киіз үйдің сүйегі мен сырт киімі, әсіресе, адам миы әрең санайтын ұсақ-түйек бау-шуы, басқұры, жел бауы, шиі, белдеуі, шуда жібі, таспасы деген секілді құрал-жабдықтары, оның ішіндегі аяққап, жүкқап, текемет, кілем, алаша, көпшік, орамал, сүлгі, адалбақан, саба, піспек, ожау, шара, бөстек сияқты шетіне жетпейтін құралдар бәрі-бәрісі әйел қолынан сағат, минут сайын өтіп отыратын бұйым болғандықтан, олар–соның жасаушысы, бүтіншісі, сақшысы болған ғой. Яғни шаңырақ иесі, әулет иесі–ер болса, от иесі, су иесі, мүлік иесі, береке иесі–жар болған. Біздің барлық өнеріміз осы тұрмыс қажетінен, өмір қажетінен туған... Қазақ қыздары тоқыған кілемдер мен алашалар, олар оюлаған текемет,

түс киіздер, қоржын-қол дорбалар, кестелі орамал, оқалы кимешектер, ат жабулар көздің жауын алмай ма? Қыз Жібектің көші, нелер бай қалыңдықтардың жасауы, сән-салтанаты осы қазақтың талантты аруларының саусағының сиқыры мен көзінің нұры емес пе еді, жүрегінің жыры емес пе еді? «Он саусағынан өнер тамған» деп, сонда-ақ халық қалай әсем айтқан десеңізші!..

... Халық талантының қос қанатындай сөз өнері мен қолөнері қашаннан егіз. Екеуін де жасайтын – халықтың ақыл-ойы мен жүрегі, ұлдары мен қыздары. Олардың бәрі – шешен, ақын, әнші, күйші, зергер, ұста, іскер – әр түрлі ат тағынып келгенімен, бәрі де талант перзенттері. (Ғ.Қ.)



1. Тілдің лексикасы деп нені айтады? Оны зерттейтін саланы не деп атайды? Лексикологияның фонетикадан айырмашылығы не? 2. *Ақтаудың жігіттері шетінен қасқыр* дегенде, **қасқыр** сөзі ауыспалы мағынада қолданылып тұр дейтін себебіміз не? 3. *Дастарқан, тұяқ* сөздері қандай сөздердің орындарында қолданылып тұр? 4. *Ат* деген үш сөзді қандай құбылыс деп атайтынын естеріңе түсіріңдер. 5. *Әдемі, келбетті, көрікті* деген сөздерді қандай құбылыс деп атаушы едік? 6. Бір-біріне жақын бірнеше мағына білдіретін екі-үш сөз ойлаңдар. Ол сөздерді сөйлемімен дәптерлеріңе жазып келіңдер. 7. Екі-үш сөзді таңдап алыңдар да, сол сөздердің тура мағынасында, одан соң ауыспалы мағынада қолданылуына мысал келтіріңдер. 8. Екі-үш омоним мен синоним сөздер ойлап, дәптерлеріңе жазып келіңдер. 9. Екі-үш мақал-мәтел ойлап, дәптерлеріңе жазып келіңдер.



Ескерту: Бұл тапсырманы орындағанда, мысалдарды өздерің оқыған көркем әдебиеттен тауып алып, жазып келсеңдер де болады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ, ТАРМАҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ТҮСІНІК

Тілдің дыбыстық жақтары, сөз байлығымен бірге, ол сөздердің түр-түрпаты, яғни тұлғалары мен түрлі-түрлі формалары болады.

Мәселен, *біл, білім, шық, сөз, талап* десек, сөздеріміз бір тұлғада тұр; *білімді, шыққан, талапты* десек, екінші бір тұлғада; *Білімдіден шыққан сөзі, Талаптыға болсын кез* (Абай) десек, әр сөз үшінші бір тұлғаларда келіп, бүтіндей сөйлем жасалып тұр. Мұндай формаларды сөздердің өзгеру, тіркесу және оларды сөйлем етіп құру тәсілдері мен жолдары деп атауға болады. Ондай тәсілдер мен формалардың жиынтығын тілдің құрылысы деп те атайды. Оларды тілдің **грамматикасы** тексереді.

Сонда тілдің дыбыстық жақтарын – **фонетика**, сөз байлығын – **лексикология** тексерсе, сөздердің өзгеруі мен тіркесу ерекшеліктерін, яғни тілдің құрылысын **грамматика** зерттейді екен.

Грамматика екі салаға бөлінеді: *морфология* және *синтаксис*. *Морфология* сөздің өзгеру жолдарын және оның формаларын зерттейді. Дәлденкірей түссек, морфология сөздің құрамы қандай болады, сөзге қосымшалар қалай жалғанады, олардың қандай түрлері бар, сөздерді мағынасына, морфологиялық ерекшеліктеріне, синтаксистік қызметтеріне қарай қалай топтастырамыз, сөзден сөз туғызудың қандай амал-тәсілдері бар деген сияқты толып жатқан мәселелерді тексереді.

Морфологияны жетік білудің маңызы ерекше. Сөзден сөз жасаудың неше түрлі жолдарын білу, оның мағынасын жете түсініп, дұрыс қолдана алу, оларды дұрыс жазу, адамның өзінің сөз байлығын арттыра түсу үшін, морфологияны жақсы меңгеру аса қажет.

Синтаксис сөз тіркестерін, олардың байланысу жолдарын, сөйлем түрлерін, олардың жасалу жолдарын зерттеумен шұғылданады. Дәлденкірей түссек, синтаксис сөздердің тіркесу жолдарын, олардың түрлерін, сөздердің байланысу тәсілдерін, сөйлем мүшелерін, олардың мағыналары мен жасалу жолдарын қарастырады.

Синтаксисті жетік білудің де маңызы айрықша. Оны білмейінше, айтылмақшы ойды дұрыс құрастыру, оны екінші біреуге дәл жеткізу, сөзді мәнерлеп, майын тамыза сөйлеу, ойыңды әсерлі етіп беру мүмкін емес.

Грамматиканың бұл екі саласы – морфология мен синтаксис – фонетикамен де, лексикологиямен де тығыз байланыста болады. Өйткені бұл үшеуінің, сайып келгенде, зерттеп тексеретіні, жан-жақты қарастыратыны – тіл материалдары, тілдің сан алуан ерекшеліктері.



1. Грамматика нені зерттейді? Грамматиканың салаларын атаңдар. 2. Морфология қандай мәселелерді тексереді? Морфологияның практикалық маңызы ерекше дегенді қалай түсінесіңдер? 3. Синтаксис қандай мәселелерді зерттейді? Синтаксистің маңызы айрықша дегенді қалай түсінесіңдер? 4. Тіл білімінің негізгі үш тарауы – фонетика, лексикология, грамматика – бір-бірімен тығыз байланысты болады дейтін себебіміз не? 5. Қазақ тілі фонетикасынан қай сыныптарда мағлұмат алдыңдар? Ойларыңда қалған негізгі мәселелерді естеріңе түсіріңдер?

Қазақ тіл білімінің негізгі үш тарауы – фонетика, лексикология, грамматика – тілдегі дыбысты, сөз мағыналарын, сөз формалары мен олардың тіркесу жолдарын жан-жақты зерттегенде, олардың түрлі-

түрлі ерекшеліктерін түгел қамтып отырады. Осыған орай, тіл білімінің бір-бірімен тығыз байланысты сала-саласы, тармақ-тармағы болады. Бұлардың бәрі тіл білімінің негізгі тарауларымен тығыз байланысып, бірін-бірі толықтыра, айқындай, түсіндіре түседі.



1. Тіл білімінің негізгі тарауларын атаңдар. Олар қандай-қандай мәселелерді зерттеп, тексереді? 2. Тіл білімінің басты-басты тарауларының қандай салалары мен тармақтарын білесіңдер? 3. Орфография деген не? Орфоэпия деген не? Этимология дегеніміз не? Тіл тарихы нені зерттейді?



СӨЗДІКТЕР ЖӨНІНДЕ ТҮСІНІК

Тілдегі сөздердің жазылуы, мағынасы, бір тілдің сөздерін екінші тілге аудару керектігі т.б. жайлар сөздіктер арқылы түсіндіріледі. Осыған орай, әр тілдің түрлі-түрлі сөздігі болады. Олардың алға қойған мақсаттары мен міндеттері де түрлі-түрлі.

Соның бірі – **орфографиялық сөздік**. Бұл сөздік тілдегі сөздің қалай жазылатынын көрсетіп береді. Сөздердің орфографиялық сөздікте жазылғаны – жұрттың бәріне бірдей бұлжымайтын заң. Сондықтан бір сөзді бір адам былай жазамын, екіншісі былай жазған дұрыс деп таласа қалса, екеуінің де жүгінетіні – орфографиялық сөздік. Сондай-ақ, сөздің жазылуына шүбә келтірілсе немесе дұрыс жазылуын білмесе, дереу орфографиялық сөздікті қарай қою керек.

Сөз мағынасы сан алуан болып келуі мүмкін дедік. Тілдегі сөздердің негізгі мағыналарын, көп мағыналы екенін, қандай ауыспалы мағынада қолданылатынын түгел қамтитын сөздікті **түсіндірме сөздік** деп атайды.

Сөз мағынасын аша түсетін, мағыналас сөздерді түгел қамтып, оларды бірінің орнына бірін қалай қолдануға болатынын түсіндіретін **синонимдер сөздігі** де, тілдегі мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді, үнемі бір қалыпта қолданылатын тұрақты тіркестерді қамтитын **фразеологиялық сөздіктер** де болады.

Аса қажетті сөздіктің бірі – екі тілді, яғни **аударма сөздік**. Бұған қазақша-орысша, орысша-қазақша немесе қазақша-ағылшынша, қазақша-немісше, қазақша-өзбекше, қазақша-французша сияқтылар жатады. Кез келген сөздің орысшасын немесе орыс сөздерінің қазақшасын, сондай-ақ, шет тіл сөздерінің аудармасын түсіндіретіндер – осындай сөздіктер.

Бұлардан басқа шет тілдері сөздерінің сөздігі, жеке ақын-жазушылар тілдерінің сөздігі, әр түрлі ғылым терминдерінің сөздігі, әдеби тіл сөздігі, түрлі энциклопедия сөздіктері болады.

Сөздіктер – әрбір оқушының, әрбір сауатты адамның берік білім алуы, рухани жақтан дамуы үшін күнделікті керекті құрал.



1. Сөздіктер не үшін керек? 2. Сөздіктердің қандай-қандай түрін білесіңдер? 3. Орфографиялық сөздіктің мақсаты не? Сөздердің орфографиялық сөздікте жазылғаны – заң дегенді қалай түсіндіңдер? 4. Түсіндірме сөздіктің мақсаты не? 5. Аударма сөздіктер не туралы мағлұмат береді? 6. Өз үйлерінде қандай сөздіктер бар? 7. Орфографиялық сөздіктің алфавит тәртібін қарап шығыңдар. Ең бірінші сөз қай әріптен басылып, қай әріппен, қандай сөзбен аяқталғанын аңғарыңдар. 8. Қазақ алфавитін жаттап алыңдар. Іздеген сөздеріңді тез тауып алуға машықтаныңдар. 9. Қазақша бес-он сөз ойлап, оны өзбекшеге аударып көріңдер. Одан соң өзбекше-қазақша сөздікке (*авторы Ергеш Абдувалитов*) қарап, аудармаларыңның дұрыс-бұрыстығын тексеріңдер. 10. Өзбекше оқыған кітаптарыңнан өздеріңе түсініксіз болған сөздерді жазып алып, қазақша-өзбекше сөздіктен аудармасын тауып, сөздікшелеріңе жазып қойыңдар.



ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІН ДҰРЫС ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

Пунктуация – тыныс белгілері туралы ілім. Ол айтылмақшы ойды екі ұшты етпей, дәл, түсінікті де тиянақты етіп білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің негізгі қызметі.

Тыныс белгілері белгілі бір сөйлемдерді немесе сөздер тобын айтқанда, оқығанда, ауызекі тілде болатын кідірісті де, дауыстың қалай құбылуын да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша, көмекші қызметі.

Жазба тілде, сондай-ақ, ауызекі тілде де тыныс белгілерінің үлкен маңызы бар. Тыныс белгілері мүлдем қойылмаған сөйлемді немесе мәтінді оқу да, оның мағынасын түсіну де қиын. Сондай-ақ, сөйлемнің немесе мәтіннің тыныс белгілері дұрыс құрылмаса, ондағы айтылған ой да дұрыс ұғынылмайды.

Мысалы: – *Өзіміз кешеуілдеп, өзгеге тұра тұр деп айта аламыз ба, Асқар Сәтбаевич? Ермакбаев Баянауылдың ар жағына шықты. Оның адамдары Балқаштың жағасын тіміскілеп жүр.*

Бұл сөйлемдердің тыныс белгілері дұрыс қойылған. Егер де сөйлемнің тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, мысалы: ... *айта аламыз*

ба дегеннен соң үтір және *Асқар Сәтбаевич* дегеннен кейінгі сұрау белгісі қойылмаса, сөйлеушінің ойы кімге арналып тұрғаны белгісіз болар еді. Сондай-ақ, *Асқар Сәтбаевич* дегеннен кейін сұрау белгісі қойылмай, соңғы сөйлеммен біріктіріліп жазылса, ой Александр Николаевичке арналмай, бұл сөздер Попов деген кісінің өз аты мен әкесінің аты ретінде ұғынылып, екінші сөйлем – *Асқар Сәтбаевич Ермакбаев Баянауылдың ар жағына шықты* болар еді.

Сөйлемнің немесе бүтіндей мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қою үшін үш түрлі негізге сүйену керек. Олар мыналар: **сөйлемнің синтаксистік ерекшелігі, сөйлемнің мағынасы, сөйлемнің интонациясы.**

I. Әр тілдің сөздерді тіркестіру, олардан сөйлем құрау жолдары бар. Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де сөйлемнің негізгі екі түрі (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) бар. Бұл өзара әлденеше түрге бөлініп, әлденеше жолмен жасалады. Соған орай, яғни сөйлемнің түр-түріне және сөйлемдегі сөздердің қолданылуына қарай әр түрлі тыныс белгісі қойылады.

Мәселен, хабарлы сөйлемдерден кейін (мейлі ол жай сөйлем не құрмалас сөйлем болсын, мейлі ол толымды не толымсыз сөйлем болсын т.с.с.) нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі, лепті сөйлемнен кейін леп белгісі қойылады.

Сондай-ақ сөйлем ішіндегі қаратпа, қыстырма, одағай сөздер, оңашаланған мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен белгілі бір тыныс белгісі арқылы, жалпылауыш сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшелерінен не қос нүкте, не сызықша арқылы ажыратылады.

Демек, тыныс белгісі сөйлемнің түрлеріне, құрылысына, сөйлем мүшелерінің жасалу жолдарына, сөйлемдегі сөздердің тіркесу тәсілдеріне байланысты қойылады екен. Мұны **тыныс белгісінің сөйлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылуы** дейміз.

II. Сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қою үшін, оның синтаксистік ерекшелігімен қатар, сол сөйлемдегі кейбір жеке сөздердің мағынасына да көңіл бөлу керек. Өйткені бүтіндей бір сөйлемнің немесе ондағы кейбір жеке сөздердің мағынасы белгілі бір тыныс белгісін қоюды керек етеді. Мысалы: *Ол рас айтты. Ол рас, бүгін келмекші* деген екі сөйлемдегі **рас** сөзі екі түрлі мағынада қолданылып тұр.

Әсіресе, көп нүкте, тырнақша, жақша, сұрау, леп белгілері сөйлемнің мағынасына негізделіп қойылады. Мысалы:

*Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!* (Крылов – Абай)

дегенде, леп белгісі сөйлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты қойылып тұрған жоқ, сөйлем кекесінді, әзіл-сықақ мағыналы болғандықтан қолданылып тұр.

*Суреттен және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын!»
Соншама құны толық, болды түйме
Артында қалдырмас па жақсы даңқын!»* (С.Т.)

Бұл мысалдағы тырнақшалар да тырнақшаға алынған сөздердің кекесінді, қарама-қарсы мағынада қолданғандығынан қойылып отыр. Демек, тыныс белгісі сөйлемнің, сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасына қарай да қойылады.

III. Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың ендігі бір негізі – **интонация**. Мәселен, белгілі бір хабарлы сөйлемді айтқанда, оқығанда, сөйлем соңында кідіріс болады. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін оқығанда, олардың әрқайсысынан кейін, сондай-ақ, құрмалас сөйлем құрамына енген әрбір жай сөйлем арасына кідіріс жасалады. Сұраулы, лепті сөйлемдерді оқығанда, дауыс көтеріңкі шығып, айрықша интонация бөлінеді. Сөйлеу тіліндегі мұндай интонация, жазба тілде белгілі бір тыныс белгісін қоюды қажет етеді. Мысалы, *Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер; Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені* деген сөйлемдерге сызықшалар бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен немесе заттанған есімшелерден жасалғандықтан қойылып тұр. Бұл – сызықша қоюдың грамматикалық белгісі.

Сонымен бірге бұл сөйлемдерді айтқанда, сызықша қойылған жерлерде кідіріс жасалады. Бұл – сөйлемді, ондағы жеке сөздерді айту (сөйлеу) интонациясы. Осы интонация бұл арада тыныс белгісі қойылатын жерге сай келіп тұр. Сызықшаны қолданудың негізгі принципі – грамматикалық белгімен қатар, бұл жерде интонация да сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қоюға себепші болып, белгілі бір тыныс белгісі керектігін аңғартқандай болып тұр.

Бірақ сөздерді, сөз тіркестерін айту интонациясы жазуда тыныс белгілері қойылатын жермен үнемі сай келе бермейді. Ауызекі тілде сөйлемді, сөйлемдегі сөз тіркестерін айтқанда жасалатын түрлі-түрлі

кідірістерден кейін тыныс белгісін қоя беруге болмайды. Мысалы: *Бермегенді беріп ұялт; Қайтып кірер есікті қатты жаппа* деген сияқты сөйлемдердегі **бермегенді, есікті** дегендерден кейін ауызекі тілде кідіріс жасалып айтылады. Бірақ оған қарамастан, бұл сөздер сөйлемнің баяндауышына тікелей қатысты болғандықтан, олардан соң үтір немесе басқа бір белгі қоюға болмайды.

Тыныс белгілерін дұрыс қолдана білу үшін ережелерді жаттап алу жеткіліксіз. Ол үшін, *ең алдымен*, сөйлем түрлерінің, сөйлем мүшелерінің жасалу жолдарын дұрыс ажырата білу керек.

Екіншіден, әр сөйлемде қойылатын тыныс белгілерін сөйлемді жазып болғаннан кейін бір-ақ қою дұрыс болмайды. Әр сөйлемді жазып отырғанда, тиісті тыныс белгілерін керекті жеріне бірден қойып отыру керек.

Үшіншіден, оқып тұрғанда, сөйлемді тыныс белгілерімен дұрыс оқу керек. Мұның мәнісі – мәтінді оқығанда, үтір бар жерде кідіріс жасап, сұрау, леп белгілері бар жерде оларға сай интонациямен оқуға дағдылану керек деген сөз. Бірақ ауызекі тілде болатын кідіріс жазу тілінде болатын кідіріске (тыныс белгісі қойылатын жерге) үнемі сай келе бермейді. Олай болса, тыныс белгісі қойылған жердің бәріне тоқталып (кідіріс жасап) оқу да дұрыс бола бермейді. Сондықтан мәтінді оқығанда тілдің орфоэпиясын сақтай отырып сөйлемді мәнеріне келтіріп оқу керек.



Тапсырма. Жетпей тұрған тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар да, олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

– Апа – деді Ботагөз құлаған шешесінің басын сүйеп. – Мен ғой апа...
Қорықтың ба апа... Есіңді жинашы апа...

Ботагөздің ыстық денесі Ұлбергеннің әлсіреген денесіне жан бергендей болды. Талықсыған жүрегіне ыстық қан жүгірткендей болып, бойын сергітті.

– Сәулем құлыным Ботам – деді Ұлберген әлсіз дауыспен. – Көзіңнен айналайын... Өзіңнен айналайын құлыным.

Есін жинаңқыраған Ұлберген «апалаған» біреуге көз қырын салып еді – Асқар сықылданды. (С.М.)

СӨЗДІК

(Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен)

административно-командный(метод) – әкімшіл-әміршіл (әдіс)	малое предприятие – шағын кәсіпорын
администратор – әкім	махиация – айла-шарғы
адрес – мекенжай, адрес	метод – әдіс
альтернатива – балама	методика – әдістеме
анкета – сауал-сұрақ	методист – әдіскер
арбитр – төрелік	наказ – аманат
арбитраж – төреші	норма – қалып, мөлшер
аренда – жал, жалдау	пенсия – зейнетақы
арендатор – жалдаушы, жалгер	пенсионер – зейнеткер
банкет – зияпат	приватизация – жекешелендіру
бартер – баспабас	приговор – үкім
беженцы – босқын, босқындар	приказ – бұйрық
брокер – делдал	позиция – айқындама шем
ветеран – ардагер	пособие – жәрдемақы
вертолёт – тікұшақ	программа – бағдарлама
гвардия – ұлан	прописка – тіркелім
герб – елтаңба	проспект – даңғыл (көше мағынасында)
гимн – елұран	протокол – хаттама
грампластинка – күйтабақ	рыночная экономика – нарықтық экономика
демагогия – даурықпа	самолёт – ұшақ
дискуссия – пікірсайыс	светофор – бағдаршам
диспут – пікірталас	секретарь – хатшы
документ – құжат	семья – отбасы
заказ – тапсырыс	совет – кеңес, алқа
инвентаризация – түгендеу	содружество – достастық
интервью – сұхбат	совет старейшин – ақсақалдар алқасы
информация – хабарлама, ақпар	суверенитет – егемендік
информационное сообщение – ақпарат хабар	спонсор – демеуші
календарь – күнтізбе	статус – мәртебе, статус
коллектив – ұжым	стереотип – таптаурын
командировка – іссапар	таможня – кеден
компенсация – өтем	творчество – шығармашылық
комплекс – кешен, жиынтық	транспорт – көлік
компромисс – ымыра	универсал – әмбебап
космос – ғарыш	удостворение – куәлік
космонавт – ғарышкер	указ – жарлық
концепция – тұжырымдама	устав – жарғы
крестьянское хозяйство – шаруа қожалығы	финанс – қаржы
логика – қисын, логика	цивилизация – өркениет
мавзолей – кесене	цивилизovaný – өркениетті
	юбилей – мүшелтой

МАЗМУНЫ

ТІЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Тілдер туралы мағлұмат.....	3
Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі	5
Түркі тілдерінің қыпшақ тобы. Қазақ тілі	6
Түркі тілдерінің қарлұқ тобы. Өзбек тілі.....	7
Өткен материалдардың кейбір жерлерін еске түсіріп, қайталау.....	8

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік.....	10
Салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік	15
Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері. Ыңғайлас салалас	18
Қарсылықты салалас	20
Түсіндірмелі салалас	23
Себеп-салдар салалас	25
Талғаулы салалас	27
Кезектес салалас	29
Салалас құрмалас сөйлемнің. Көп құрамды түрлері.....	31
Салалас құрмаластардың тыныс белгілері	32

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік	35
Сабақтас сөйлемнің түрлері	39
Шартты бағыныңқы сабақтас	39
Қарсылықты бағыныңқы сабақтас	41
Себеп бағыныңқы сабақтас	44
Мезгіл бағыныңқы сабақтас	46
Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас	48
Мақсат бағыныңқы сабақтас	51
Сабақтастардың тыныс белгілері	53
Көп бағыныңқы сабақтас	55
Жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас.....	56
Сатылы көп бағыныңқы сабақтас	58

Көп басыңқы сабақтас құрмалас.....	60
Аралас құрмалас сөйлем.....	62
Аралас құрмаластың тыныс белгісі.....	64

ТӨЛ СӨЗ, ТӨЛЕУ СӨЗ

Төл сөз бен төлеу сөз жайында жалпы түсінік.....	66
Төл сөз және автор сөзі.....	68
Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.....	70
Төл сөздің тыныс белгілері.....	73
Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары.....	76

ТІЛ ҰСТARTУ

Тіл ұстарту – стилистиканың бір тармағы. Тіл ұстартудың ғылыми-практикалық маңызы.....	81
Тіл ұстарту жұмыстарының амал-тәсілдері.....	82
Тіл ұстартудың кейбір шығармашылық түрлері.....	90

V–IX СЫНЫПТАРДА ӨТІЛГЕНДЕРДІ ЖИНАҚТАП, ЖҮЙЕЛЕУ

Қазақ тіл білімі және оның тараулары мен салалары жөнінде түсінік.....	95
Қазақ тілінің фонетикасы туралы.....	96
Қазақ алфавиті, орфографиясы туралы.....	99
Қазақ орфоэпиясы туралы.....	104
Қазақ тілінің лексикологиясы және сөз байлығы жөнінде ұғымдар.....	107
Тілдің актив және пассив лексикасы жөнінде түсінік.....	110
Қазақ тілінің грамматикасы және оның салалары, тармақтары жөніндегі түсінік.....	117
Сөздіктер жөнінде түсінік.....	119
Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдары.....	120
Сөздік.....	124

С. Аманжолов және басқ.

А 32 Қазақ тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық / **С. Аманжолов**, **Ә. Хасенов**, **И. Ұйықбаев**, **Д. Айтбаев**, **Е. Айменова**. Төртінші басылым. –Т.: «O‘zbekiston», 2019. –128 б.

ISBN 978-9943-01-521-0

УЎК 811.512.122(075)
КБК 81.2(5Қаз)я721

O‘quv nashri

S.Amanjolov, **A.Xasenov**, **I.Uyiqbayev**,
D.Aytboyev, **E.Ayменова**

QOZOQ TILI

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 9-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

To‘rtinchi nashri

Редакторы *Г. Нишанова*
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуқов*
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.2009. Басуға 2019 жыл 14 мартда рұқсат етілді.
Пішімі 70×90¹/₁₆. «Таймс» гарнитурасы. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 9,36. Баспа табағы 7,87.
Таралымы 5639. Тапсырыс № 19-160.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
күзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10
e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетек- шісінің қолы	Оқулық- тың тапсы- рылғандағы жағдайы	Сынып жетек- шісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

С. Аманжолов және басқ.

А 32 Қазақ тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық / **С. Аманжолов**, **Ә. Хасенов**, **И. Ұйықбаев**, **Д. Айтбаев**, **Е. Айменова**. Төртінші басылым. –Т.: «O‘zbekiston», 2019. –128 б.

ISBN 978-9943-01-521-0

УЎК 811.512.122(075)
КБК 81.2(5Қаз)я721

O‘quv nashri

S.Amanjolov, **A.Xasenov**, **I.Uyiqbayev**,
D.Aytboyev, **E.Aymenova**

QOZOQ TILI

Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 9-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

To‘rtinchi nashri

Редакторы *Г. Нишанова*
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуқов*
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.2009. Басуға 2019 жыл 14 мартта рұқсат етілді.
Пішімі 70×90^{1/16}. «Таймс» гарнитурасы. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 9,36. Баспа табағы 7,87.
Таралымы 615. Тапсырыс №19-161.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
күзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10
e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz